Асылхан ӘБДІРАЙЫМҰЛЫ

ФОТОЖУРНАЛИСТИКА

Оқу құралы

Кіріспе

Адамзат өмірін мәнді де сәнді етуге зор септігін тигізген жаңалықтардың бірі – фотография. Фотография 1839 жылдың 7 қаңтарында дүниеге келді. Яғни сол күні Париж Ғылым академиясында өткен мәжілісте француз өнертапқышы Л.Дагер ашқан. Бұл ғылыми жаңалық тез арада Еуропадан Ресейге, Ресейден Қазақ жеріне аяқ басқан болатын.

XIX ғасырдың басынан бастап қазақ поэзиясында өзіндік өрнегі бар ақын Шәңгерей Бөкеев фотография саласына қызығушылық танытып, қазақтың сол кездегі бетке ұстар белгілі азаматтарының басым көпшілігінің фотошежірелік суреттерін түсіргені тарихтан белгілі.

Қазақстанда 1932 жылдың 9-мамырынан газет-журналдардың штаттық кестесіне фототілші мамандығы енгізілгеннен бастап, бұл саланың маңыздылығы арта түсті.

Елімізге қауіп-қатер болып төнген екінші дүниежүзілік соғыстың салдарынан бұл кезде көптеген облыстық, аудандық газеттер жабылып қалды. Енді-енді жаңадан қалыптасып келе жатқан қазақ фотожурналистикасы осы уақытта сәл болса да тоқырауға тап болды. Оның қайта өрлеуі, соғыстан кейін елуінші жылдардың екінші жартысынан басталды. Бұл кезде қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің бір топ түлегі фотожурналистиканың дамуына барынша үлес қосты. Олардың ішінде Р.Дүйсенғалиев, С.Ақпанбетов, Б.Тілекметов, Н.Жұбанов сияқты т.б. фототілшілер бар еді. Көп ұзамай, бұлардың қатарына Қ.Мұстафин, С.Пернебаев, Ж.Бозымбеков, Ж.Пайызов, С.Бәсібеков, Д.Егізовтер келіп қосылды.

Тәуелсіздік алғаннан кейін елімізде БАҚ-тың саны мен сапасының артуына байланысты фотожурналистика мамандығының кәсіби деңгейін арттыру қажеттілігі туғаны айдан анық. Сол үшін осы салада қызмет етуді өмірлік мақсат етіп таңдаған жастарға барынша жағдай жасап, оқулықтар, әдістемелік құралдар шығару қажет етіледі.

Фотожурналистикада қазіргі технологияларды меңгере отырып, мемлекеттік тілде, алғаш жарық көріп отырған уақыт тынысын дәл беруге үйрететін кәсіби шеберлікке баулуға арналған бұл оқу құралы заман талабы, оқу үдерісінің қажеттілігінен туған.

1-бөлім.
Фотография

1.1 Фотография тарихы
Көркемдеу құралынан – күрделі салаға

Адамзат өмірін мәнді де сәнді етуге зор септігін тигізген жаңалықтардың бірі – фотография. Фотография 1839 жылдың 7 қаңтарында дүниеге келді. Яғни, сол күні Париж Ғылым академиясының ғылыми хатшысы Доминик Франсуа Араго осы ғылым академиясының сол күні өткен кезекті мәжілісінде француз өнертапқышы Луи Жак Манде Дагер ашқан «Камера обскура» («Қара қобдишаның») ішкі артқы қабырғасына салынған иодталған қалайы табақшаның бетіне «Қара қобдишаның» алдыңғы саңылауынан жарық түсіру арқылы заттың бет-бейнесін алуға және оны сынап буына ұстаудың көмегімен сақтауға болатыны жөніндегі жаңалығын жария етті. Соған байланысты бұл күн ресми түрде фотографияның туған күні болып тарихқа енгізілді (1).



Обскура камерасы, 1646 жыл

Жозеф Ньепс

Луи Дагер

Вильям Тальботт

Сондай-ақ оның өмірден өз орнын табуына Дагердің жерлесі әрі ұстазы Жозеф Нисефор Ньепс пен ағылшын ғалымы Вильям Генри Фокс Тальботтың қосқан үлесі зор болды. Олардың ашқан бұл жаңалығы Жер шарының түкпір-түкпіріне лезде таралып кетті. Тіпті, сол жылы Ресейге де жетіп үлгерді. Қазан айында орыс әскерінің офицері Теремин Петербургте «Қара қобдишаның» объективін 25 минут ашып қойып, Исаакий шіркеуінің сыртқы бейнесін түсіріп алды.

Ж. Ньепстің тұңғыш фотоаппараты (1826 жыл)

Фотография Қазақстанға 1841 жылдың 6 желтоқсанында аяқ басты. Тура сол күні Ордада «Жәңгір мектебінің» ашылу салтанатына Жәңгірхан Ресейден арнайы фотограф шақыртып, осы мектепке алғаш қабылданған оқушылардың ортасында отырып түскен фотосуреті тарихтан белгілі. Алайда, фотографияның сонау Еуропаның қақ төрінен бастау алып, айналасы бір-екі жылдың ішінде кең байтақ Қазақ жеріне жетуі қаншалықты жылдам болғанымен, оның мерзімді баспасөз беттерінен орын табуы соншалықты шабандық танытуы көңілге қаяу түсірмей қоймайтыны анық. Оның, әрине, өзіндік объективтік себептері жоқ емес еді. Біріншіден, өнеркәсібі әлі өрге басып үлгермеген бұл өлкеде мерзімдік баспасөзді басып шығаратын баспаханалар жоқтың қасы болды. Екіншіден, олардың бәрі де ескі, фотография клишелерін жасайтын цехтармен қамтамасыз етілмеді. Анда-санда газет бетінде көрініс тапқан фотосуреттердің өзі Мәскеуден арнайы дайындалған клишелер арқылы жіберіліп отырылды. Бұл іспен толығырақ шұғылдануға мүмкіндік беретін Республикалық баспахананың өзі де Қазақ АССР-нің астанасымен бірге Орынбордан Қызылордаға, Қызылордадан Алматыға көшіп отыруына байланысты жаңа техникалық жабдықтармен жарақтандыра алмады. Әйтпесе, фотография өнеріне деген қызығушылық Ресейден Қазақстанға қоныс аударушылар тарапынан да және жергілікті ұлт өкілдері арасынан да аз болған жоқ. Оның мысалы ретінде бүкіл саналы ғұмыры, атап айтқанда, 1899 жылмен 1958 жылдың аралығын қамтыған Дмитрий Поликарпович Багаевтың фотографиялық қызметі тек бір ғана Павлодар облысының өсіп-өркендеу жолына бағытталса, Евсей

Ефимович Блехманның шығармашылық қызметі Қазақстан Республикасының алғашқы АССР болып құрылған кезінен кешегі тың және тыңайған жерлерді игеру кезеңіне дейінгі тыныс тіршілігін әсте қалт жібермей, фото-кино аппараттарына арқау етті (1).

Д.П.Багаев түсірген фото(1930)

Қазақтың алғашқы фотографы– Шәңгерей Бөкеев

Сондай-ақ 1901 жылы Бөкей ордасының жүз жылдық мерейтойына орай Петерборда өткен салтанатында II Николай патшадан фотоаппарат және оның құрал-саймандарын қоса сыйға алған Шәңгерей Бөкеев, ғасыр басынан бастап қазақтың сол кездегі бетке ұстар белгілі азаматтарының басым көпшілігінің шежірелік фотосуреттерін түсірсе, жер шарының жартысын жаяу аралағандағы көрген бейтаныс халықтың қиын да күрделі тұрмыс тіршілігін фотообьективке нысана етіп алған сансыз суреттердің иесі Әліби Жангелдиннің де фотография саласындағы баға жетпес бай мұралары туралы сөз етпеуге болмайды. Бірақ, өкінішке қарай, қазақтың танымал ақынының кешегі күнге дейін танылмай келген өнерінің және аты аңызға айналған революционер әрі қоғам қайраткерінің артына қалдырған осы еңбектерінің бірен-сараны ғана болмаса, көпшілігінің қолды болып, ұстағанның қолында, тастағанның жолында шашылып, із-түссіз жоғалып кетуі өзекті жанның өзегін өртейтіні сөзсіз. Оларды жинақтап-сақтап, мұражайларға немесе архивке өткізіп отырғанда, келешек ұрпақтың игілігіне жаратуға, қазіргі тәуелсіздік алған тұстағы тарихымызды түгендеуге зор септігін тигізер еді (3).

Фотография бастапқы кезде мерзімдік баспасөзді безендіру, көркемдеу құралы ретінде қолданылды. Оның баспасөз беттерінен тұрақты орын алуы 1932 жылдың 9 мамырынан басталды. Дәл сол күні Алматыда ВКП (б) Орталық Комитетінің партиялық баспасының Қазақстандағы филиалы ашылды. Соған байланысты баспахана техникалық тұрғыдан жаңартылып, газет-журнал беттерінде жарияланатын фотосуреттердің клишелерін жасайтын цех іске қосылды. Бұл өз кезегіне орай мерзімдік баспасөздің

сапасын арттырумен қатар олардың бір орталыққа шоғырландырылуына мүмкіндік туғызды. Осылай фотография мерзімдік баспасөздің бетіндегі безендіру, көркемдеу құралынан бірте-бірте кеңейіп, журналистиканың жеке саласына қарай аяқ басты. Газет-журналдардың штаттық кестесіне фототілші мамандығы енгізілді (2).

Елімізге қауіп-қатер болып төнген екінші дүниежүзілік соғыстың салдарынан бұл кезде көптеген облыстық, аудандық газеттер жабылып қалды. Енді-енді жаңадан қалыптасып келе жатқан қазақ фотожурналистикасы осы уақытта сәл болса да тоқырауға тап болды. Оның қайта өрлеуі, соғыстан кейінгі елуінші жылдардың екінші жартысынан басталды. Қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің бір топ түлегі де фотожурналистиканың дамуына барынша үлес қосты. Олардың ішінде Р.Дүйсенғалиев, С.Ақпанбетов, Б.Тілекметов, Н.Жұбанов сияқты т.б. фототілшілер бар еді.

Көп ұзамай, бұлардың қатарына Қ.Мұстафин, С.Пернебаев, Ж.Бозымбеков, Ж.Пайызов, С.Бәсібеков, Д.Егізовтер келіп қосылды.

Әскер Исақов

Бақылау сұрақтары:

1.Камера обскураның басты сипаты қандай?

2.Қазақстанға ең алғаш фотоаппарат қай жылы, қалай келді?

3.Ең алғаш фотоаппаратты кім ойлап тапты?

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Панфилова Н. Д. и Фомина А. А.М.:Искусство фотографии, 1985. 365 с.

2. Козыбаев С. К. А.:Словарь справочник, Масс – медиа Академия журналистики Казахстана. Алматы, 2007.

3. Исақов Ә. А.:Көркемдеу құралынан, күрделі салаға. Алматы, 2000.

1.2 Фотоаппараттың құрылысы және түрлері

Фотоаппарат — жарық өткізбейтін камерадан (фотокамерадан) суретке түсіру әйнеккөзінен (объектив), суретке түсірілмекші кеңістіктің шекарасын анықтаушы кескін іздегіштен, фотопленкаға сәттік жарық түсу мөлшерін

реттеп тұратын серіппелі жапқы — шымылдықтан (затвордан) және фотопленка салынатын кассетадан (қазіргі кезде – пленка орнына матрица қолданады) құралған оптикалық-механикалық құрылғы. Фотографиялық жапқы –шымылдық (затвор) суретке түсіру кезінде, жарық сәуленің фотопленканың жарық сәуле сезгіш қабатына түсуін қамтамасыз етеді. Бұл жарық сәуле өткізбейтін жапырақшалар, перде, пластиналар, т.б түріндегі қалқалауыштар, жарық сәуле түсіру уақытын қою механизмінен және қалқалауыштардың қозғалысын қамтамасыз ететін жетектен құралады. Механизмнің жасалу ерекшелігіне және фотопленканың жарық сәуле сезгіш қабатын экспозициялау тәсілі бойынша көпшілік фотожапқыларды: саңылаулы (перделі) және орталық саңылаулы фотожапқылар деп 2 топқа бөлуге болады. Әртүрлі аппараттарда механизмдері түрліше жасалғанымен, олардың бәрінің атқарар кызметі бір. Сондықтан да олардың құрылысын және жұмыс істеу принципін біле отырып, кез келген фотоаппаратты тез меңгеріп кетуге болады, сонымен қатар әрбір фотоаппаратты пайдалану жөнінде егжей-тегжейлі нұсқаулықтар болады. Фотоаппарат жарық, сәуле өткізбейтін камераның алдыңғы жағында объектив орнататын тесігі, ал арт жағында фотопленка орналасатын кадр рамасы бар қақпақты қорап түрінде болады. Камера фотопленканы жарық сәуледен қорғайды. Фотопленкаға сәуле тек суретке түсіру кезінде әйнеккөз арқылы өтеді. Сондай-ақ камера фотоаппараттың бүкіл механизмдері орнатылған негізгі корпус болып табылады. Фотопленканы салу ыңғайлы болу үшін фотоаппараттардың барлығының артқы қақпағы ашылмалы келеді. Жарыққа шағылыспасын деп фотокамераның ішін қара түске бояған. Фотоаппараттың кадрлық рамасы фотопленкаға түсетін кескіннің өлшемдерінің шегін (кадр форматын) анықтайды (1).

Әйнеккөз (объектив) — (лат. obiectivus — оптикалық құралдың бетіндегі әйнек). Оптикалық көздер жүйесі фотоға түсіргенде шағылысқан жарықты береді. Әйнек көздері фотоаппаратқа, сурет шығаратын құралға орнатылады. Кассетаға оралған негатив материалдағы көрініс ті әйнек көзімен анықтайды.

Фотожурналист әйнеккөзді ұтымды пайдалану арқылы айналасындағы

көріністерге ой-тұжырым жасап, оқиғаларға сараптама жасайды. Ең алғашқы фотоаппараттың құрылысы 1450-1500 жылдары Леонардо Да Винчидің кезінде белгілі болған. Бірақ 1826 жылы ең алғаш фотосуретті Джорж Ньепс түсірді. Алайда, оның айқындау процесі сегіз сағатқа созылды. Кейін 1833 жылы Ньепс қайтыс болып, оның тәжірибесін шәкірті Луис Дагер жалғастырады. 1839 жылы 7 қаңтарда фотография пайда болған кезде фотоаппараттардың көлемі өте үлкен болған. Кейін пленканың орнына

оларға жарық сезгіш пластина қолданылған. Одан кейін АҚШ-та «Кодак» фирмасы алғашқы пленкалық фотоаппараттар шығарды. Ол бірте-бірте дамып, қарапайым адамдардың қолдануына мүмкіншілік тудырды. Негізі фотоаппараттар кәсіби және әуесқойлық деп екі топқа бөлінеді. Кәсіби фотоаппараттарда барлық режимдер қолмен басқарылады. Ал, әуесқой фотоаппаратта барлық режимдер автоматты түрде қойылады. Ол тұтынушыға қарапайым әрі ыңғайлы. Фотоаппарат әйнеккөзін ауыстыру жағынан жалғыз әйнеккөзді және ауыспалы әйнеккөзді (зум, фиш-ай, т.б) болып бөлінеді.

Пленкалы фотоаппараттардан кейін компьютердің пайда болуының арқасында сандық фотоаппараттар өмірге келді.

Айналы фотоаппараттарда (зеркальный) әйнеккөздер суретке түсірілмекші заттың әйнек пластинаның күңгірт бетіндегі немесе айналы кескін іздеуіштің коллективті линзаларындағы кескіні бойынша фокусталады.Бір әйнеккөзді айналы фотоаппараттардағы әлгі кескін суретке түсіру кезінде фотопленкада пайда болатын кескінмен бірдей болады: суретке түсіру әйнеккөзін кескін іздеуіштің қамту аймағында кескін айқын көрінетіндей етіп фокустаған соң, фотопленкадағы кескіннің де анық шығатынына сенімді бола аласыз. Фокустаудың бұл тәсілі ауыстырмалы әйнеккөздермен және макро-микросуреттерге түсіруге арналған қосымшалармен жұмыс істеу кезінде өте қолайлы. Әйнекккөзді қалқа толық ашық тұрғанда,яғни салыстырмалы саңылауы ең үлкен кезде фокустаған дұрыс. Осы жағдайда айқын кескінделетін кеңістік аралығы аз болады,бұл жайт әйнеккөзді фокустауды жеңілдетеді.

Сандық фотоаппарат *(цифровая)* — сандық фотокамерамен түсірілген суреттер химиялық жарық қолдану арқылы емес сандық электр күшімен цифрланған кодтарымен белгіленіп алынады. Сандық фотоаппаратпен 36 кадрден де көп суреттер түсіру қолайлы. Фотожурналистердің жұмыс жасауына ыңғайлы функциялармен қамтамасыз етілген.

Арнайы фотоаппараттар **—** су астында түсіретін, аэрофотосъемка (жер картасын жасауда қолданылады), ғылыми жұмыстарға қолданылатын арнайы фотоаппараттар. Соңғы кезде ұялы телефондарда орнатылған фотоаппараттар да олардың қатарына қосылды (2).

Фотоаппарат күрделі оптика, механикалық әрі электрондық құрылғы және ол күтіп ұстауды қажет етеді. Оған шаң-тозаң қондырмау керек. Соққыдан және құбылмалы температурадан, ылғалдан және күшті радиотолқындардан сақтаған жөн. Фотоаппаратты өз қабында, жабық қалыпта сақтау қажет. Суретке түсіру кезіндегі үзілісте объективті қақпағымен жауып қойған дұрыс. Фотожапқы мен автобосатқыш суретке

түсіру аралығында босатылған қалыпта болуы қажет. Фотоаппаратты әрқашан сүртіп, тазалап отыру шарт. Бірақ, ешқашан оның механизмдерін майлауға болмайды. Объектив қажет болмаған жағдайда (суретке түсіру кезінде ауыстырмалы объектив пайдаланатын жағдайдан басқа кезде) фотоаппараттан алмаған жөн. Линзалар мен айналарға қол тигізсе, оның ажарлағыш қабаттары бүлінуі мүмкін. Фотоаппаратқа қонған шаң-тозаң, қыл-қыбырды жұмсақ қыл қаламмен немесе резина торсылдақпен үрлеп, тазартқан дұрыс. Қажет болған жағдайда линзаның сыртқы бетін спиртпен, эфирге батырылған жұмсақ шүберекпен немесе мақтамен ғана сүртуге болады. Фотоаппаратты қыстың күні,суық кездері сырт киімнің ішіне асынып алған және тек суретке түсіру кезінде ғана сыртқа шығарған жөн.

Фотоаппаратты әркімнің өзінің ашып, бөлшектей беруіне болмайды. Оны тазалау, оның механизмдерін жөндеу және реттеуді тек маман адамның арнаулы жөндеу шеберханасында ғана орындалғаны жөн (3).

Бақылау сұрақтары:

1.Фотоаппараттың қанша түрі бар? Олардың бір-бірінен айырмашылығы.

2.Ең алғаш фотоаппаратың құрылысын кім ойлап тапты?

3.Фотоаппараттың құрылысы?

3.Объективтің анықтамасы және атқаратын қызметі қандай?

Панорамалы фотоаппарат

Пластинкалы фотоаппарат

Үлдірлі (пленкалы) фотоаппарат

Үлдірлер

Сандық фотоаппарат

Жад карталары



Қалып (матрица)



Сандық фотоаппараттың құрылымы

Пайдаланылған әдебиеттер

1.Панфилова Н. Д. и Фомина А. А.М.:Искусство фотографии, 1985. 365с.

2. Тілекметов Б. Жидебаев Ә. Фотосурет түсіруді үйрен. Алматы, 1962.

3.Курский Ф. Техника и технология фотосъемки, Легкая и пищевая промышленность. М., 1998.

1.3 ***Фото керек-жарақтары (фотоаксессуары)***

Фотография дүниеге келген ілкі замандарда суретке түсіру үшін фотокамерадан басқа тек жарқылдақ шам (вспышка) және тірек (үштаған) қажет болатын. Бүгінгі таңда әртүрлі жерге, жағдайға байланысты жүзге жуық неше түрлі құрал-жабдықтар қолданылады.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында фотограф үшін ең маңыздысы түсірілім кезінде камераның тұрақтылығы үштаған және басқа да тәсілмен қамтамасыз етілді. Себебі ол кезде фотопленканың, фотоматериалдың сезімталдылығы төмен болды. Анық суреттер алу үшін камераның қозғалыссыз күйде ұстау керек тұғын, себебі сәулелеу уақыты, яки ұсталым (выдержка) бірнеше секундқа созылды.

Ұсталым уақытын азайту үшін түсірілімдерді жарық студияға көшірді. Жарқылдап жанатын магний де пайдаланылды, бірақ оның көмегімен қоса зияны да болды, түтіні тым көп әрі өрт шығып кету қаупі болды. Мәселе тек сезімталдығы жоғары фотопластинкалар одан кейін фотопленкалардың пайда болуымен өз шешімін тапты. 1889 жылы Американдық Джордж Истмен, «Eastman Kodak» фирмасын құрушы, алғашқы жинамалы (компактный) пленкалы (мыльница) камераларды ойлап табуының арқасында фотоға түсіру көпшілік қауымның сүйікті ісіне айналды (1).

Фото керек-жарақтары

Штатив (үштаған) — суретке түсіру кезінде фотоаппаратты қозғалмастай қалыпта ұстайтын тетік. Сәулелеу уақыты 1/30 секундтан артқанда немесе автобосатқышпен сурет түсіруде пайдаланылады.

Үштағанның 10-нан астам түрі шығарылады, олардың қатарында стубцина— тірек (қапсырма түріндегі тірек), сүйемел үштаған, жиналмалы үштаған және басқа, сондай-ақ фотоаппаратты панорамалық түсіру кезінде қажетті қалыпта бекітіп ұстайтын әйнеккөзді ұстап тұруға пайдаланылатын тіректік тетік(головка) бар. Фотоаппарат тірекке өзінің астыңғы жағындағы оймалы ұяшығымен бекіту винті арқылы ұстатылады.

Қазіргі кезеңде фотографтардың көпшілігі компакты (мыльница) камераларды пайдаланғанда 3 аяқты тіректермен түсіреді. Себебі тірексіз түсіргенде камера аздап болса да қозғалады, ол тек суретті үлкейтіп шығарған уақытта байқалады. Бұл әсіресе, ұзын фокустық теле объективтермен түсіргенде тіптен, қиындайды, сурет бұлыңғыр шығады. Бұдан шығудың амалы, тіректен басқа жарық күшейткіштер — жарқылдақ (вспышка), софит лампалар арқылы, не сәулелеу уақытын (выдержканы) көтеру не көзді (диафрагманы) ашу керек.

Босату тросы *(фотографиялық трос)* — фотожапқыны іске қосу үшін босату кнопкасын саусақпен тікелей басу қиындық келтіргенде немесе суретке түсіру шарты бойынша кнопканы тікелей басуға болмайтын (мысалы, сәулелеу уақыты ұзақ кезде тірекпен түсіру кезінде фотоаппаратты қозғалтып алмау үшін) жағдайда пайдаланылатын, фотоаппараттың босату кнопкасының ұясына жалғанатын, сырты иілгіш металл қабықшадан жасалған жіңішке болат сым. Тростар қысқа және ұзын болып бөлінеді. Ұзын тростардың көмегімен камерадан алшақ тұрған адам өзін еркін сезінеді.

фотографиялық трос

қашықтықтан басқару пульті

Соңғы кезеңде қашықтық, яки қашықтан басқару пульттары пайда болды. Спорт ойындарында, футболда ол қақпаның артында орналасады, фотограф жанкүйерлермен бірге тек қызу сәттерде пультпен басып отырады.

Қалқалауыш (бленда) — әйнеккөздің алдыңғы жағына кигізіледі не бұралады. Бөгде сәуле түсуден қалқалайды.

Саптама линзалар жақын нәрсені суретке түсіру кезінде кескіннің масштабын үлкейту үшін пайдаланылады. Фотоаппарат әйнеккөзінің алдыңғы бөлігінде оймалы немесе серіппелі жақтаумен бекітіледі.

Көз қалқан (НД – 2) фотоаппараттардың кескін іздеушінің үстіне орнатылады; ол көзді бөгде сәуле түсуден қалқалайды, әйнеккөзді фокустау жағдайын жақсартады.

Ұзартқыш сақиналар – фотоаппараттың корпусы мен әйнеккөз құрсауының аралығын ұзарту үшін қолданылатын, соның арқасында микросуретке түсіргенде кескін масштабын 1:10-нан 1:1 шегінде өзгерту

мүмкіндігі туатын, ені әртүрлі металл сақиналар. Ені 7, 14 және 28мм болатын 3 сақинадан тұратын комплектімен шығарылады, бұларды әртүрлі жағдайда жалғастыру арқылы әйнеккөз жақтауын 7, 14, 21, 28, 35, 42 және 49 мм-ге ұзартуға болады (2).

Жарық сүзгілері (светофильтр)фотоаппарат әйнеккөзінің алдыңғы бөлігіне оңай бекітуге лайықталып құрсаулы түсті әйнектен жасалған, дөңгелек пластинка қақпақ түрінде болады. Жарық сүзгі белгілі бір түсті еркін өткізіп жібереді, ал басқа бір түсті түгелдей немесе жарым-жартылай етіп ұстап қалады, осының нәтижесінде фотопленкаға түсетін жарық сәуленің зияны елеулі түрде кемиді. Жарық сүзгілер жарық сәулені шамалы болса да сіңіріп алады, сондықтан суретке түсіру кезінде экспозицияны жарық сүзгінің еселеу шамасы қанша болса, сонша есе арттыру керек. Мысалы, ультра күлгін **сүзгілер** екі қызмет атқарады:

1) Біздің көзімізге көрінбегенімен, пленка не пиксельдер байқайтын сәулелер бар (түтін, бу, т.б), соларды жұтып қояды.

2) Әйнеккөзді сызылудан (царапина) немесе қиыршық тастан, т.б қатты заттардан қорғайды.

Түрлі түсті сүзгілер (фильтрлер) — табиғаттың (аспан, құм, ақ қар, т.б) көріністерін түсіргенде пайдаланылады.

Түрлі түсті сүзгілер

Әр түрлі эффекттер беретін сүзгілер **—** түнгі қаланың шамдарының не автокөліктің жарықтарын, т.б. жарықтарды ұшқындатып көрсетеді.

Жасанды жарықтар **—** лампа, фотожарқылдақ, т.б.

Фотожарқылдақ

Фотоэкспонометрлер — нақты жағдайдағы сурет түсірудің жарықтану шарты және пайдаланылатын фотоматериалға сәйкес экспозицияны дұрыс анықтау, сапалы фотосурет шығарып алудың маңызды шарты болып табылады. Жеткіліксіз түрдегі экспозициядан (қажетті мөлшерден аз ұстау) ақ-қара негативті кескін өте ақшыл (боз) болып, оның мөлдірбөлігіндегі нысанның бөліктері жақсы көрінбей қалады. Қажеттегіден артық экспозициядан (қажетті мөлшерден артық ұстау) кескін тым күңгірт болып, оның бөліктері көрінбей жоғалып кетеді. Экспонометрлер жеке және камераның ішінде бірге орнатылған болып бөлінеді. Бүгіндері олар кез келген фотоаппараттың ішіне орнатылған және ол жерде көз (диафрагма) не сәулелеу уақытының (выдержка) артықшылығы таңдалынады. Мысалы, қозғалысты түсіргіңіз келсе, сәулелеу уақытының артықшылығына қойсаңыз, соған сәйкес көзді (диафрагманы) автоматты түрде табады (3).

Бақылау сұрақтары:

1. ***«Eastman Kodak» фирмасы не ойлап тапты?***
2. ***Фотоаппараттың аксессуарларына не жатады?***
3. ***Тіректің(үштаған) анықтамасы. Оның түрлері.***

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Хокинс Э. Эйвон Д. Фотография, техника и искусство перевод с английского под ред. А. В. Шеклейна. М.: Мир, 1986. 279 с.

2. Тілекметов Б., Жидебаев Ә. Фотосурет түсіруді үйрен. Алматы, 1962.

3. Курский Ф. Техника и технология фотосъемки, Легкая и пещевая промышленность. М.: 1998.

1.4 *Әйнеккөз (объектив) және оның түрлері.*

Суретке түсіру әйнеккөзі фотоқұжаттың жарық сезгіш қабатында суретке түсірілмекші нысананың жарық сәулелік кескінін тудырады. Объектив металл немесе пластмасса құрсау ішіне орналастырылған бірнеше (10- ға дейін, кейде одан да көп) линзалардан құралады. Құрсау ішінде сонымен қатар әйнеккөз механизмі, кейде фотографиялық шымылдық та орналасады. Құрсау линзалардың өзара дәл орналасуын қамтамасыз етеді және оларды механикалық зақымданудан сақтайды. Әйнеккөз фотоаппарат корпусына құрсаудағы бұрандалы немесе байонетті байланыс арқылы бекітіледі (1).

Әйнеккөздің негізгі сипаттамалары : фокустық қашықтық, қамту аймағы, салыстырмалы саңылау, айырғыштық қабілеті. Әйнеккөздің фокустық қашықтығы кескіннің масштабын, яғни кескіннің фотосуретке түсірілмекші нысанамен салыстырылған өлшемін анықтайды : фокустық қашықтық неғұрлым үлкен болса, кескін соншалық (нысанаға дейінгі қашықтық өзгермеген жағдайда) үлкен болады. Қазіргі кездегі фотографиялық әйнеккөздің фокустық қашықтығы 8 мм-ден 2000 мм-ге дейін болады. Әдетте, әрбір әйнеккөз үшін фокустық қашықтық тұрақты шама және ол әйнеккөздің құрсауында мм (немесе см) есебімен көрсетіледі.Фотографиялық әйнеккөздер фокусты қашықтықтары мен кадр өлшеміне тәуелді түрде: фокус қашықтығы шамамен кадр диагоналына тең

қалыпты әйнеккөздер; фокус қашықтығы кадр диагоналынан кіші қысқа фокусты әйнеккөз; фокустық қашықтығы кадр диагоналынан 1.5 еседен астам ұзын фокусты әйнеккөздер болып үш топқа бөлінеді. Бұлардың ішінде ең көп қолданылатыны – қалыпты әйнеккөздер.

Әйнеккөздер (объективтер) өзінің оптикалық сызбаларына (линзаларының саны, бөлшектері, олардың орналасу тәртібі, формалары), өздерінің сипаты мен саласына қарай түр-түрге бөлінеді. ***Әйнеккөздерді*** фокустық қашықтығы, салыстырмалы саңылауы, көрініс алаңының бұрышы сияқты сипаттарына қарай линзалық, айналы (зеркальный), симметриялық, ассимметриялық және т.б. деп бөлуге болады. ***Әйнеккөздер*** аса кең бұрышты, орташа, ұзын фокусты, аса ұзын фокусты, ауыспалы фокус қашықтығы сияқты көрсеткіштеріне қарай «балықтың көзі» деп бөлінсе, саласына қарай – макро сурет, жұмсақ сурет, гидро сурет, портреттік, репродукциялық деп бөлінеді. Сурет түсіруге қажетті ***әйнеккөздер***дің толық жиынтығымен түрлі қашықтықтағы нысан суретінің қажетті масштабын алуға болады. Кәдімгі ***әйнеккөздер*** сурет түсірудің көптеген түрлерінде қолданылады, оның фокустық қашықтығы кадр диагоналіне жақын (көру бұрышы 40-50 градус), кең бұрышты объективтің фокустық қашықтығы аз, ұзын фокусты ***әйнеккөздер***ді – көп (3).

Кең бұрышты ***әйнеккөз*** шектеулі кеңістік жағдайында интерьерді, архитектуралық ансамбль, т.б. түсіру үшін қолданылады.

Ұзын фокусты объектив қашықта орналасқан нысандарды түсіруге арналған, олар ұзын фокусты және телеобъектив деп бөлінеді.

Фоторепортаж суретінде көбінесе, фокустық қашықтығы ауыспалы ***әйнеккөздер*** пайдаланылады. Мұндай ***әйнеккөзд***ің көмегімен бір нүктеден түсіру кезінде түрлі масштаб алуға болады.



Әйнеккөздің ішіндегі линзалар

Объективтің жарықтығы да маңызды факторға ие, мұны да мысал ретінде қарастыра кетейік. Қолымыздағы фокустық қашықтығы 50 мм және саңылауы 1,2 болып келетін объективпен біз керемет суреттер түсіре аламыз. Ненің арқасында? Әрине, жарықтығы бар ***әйнеккөзд***ің арқасында. Мұндай ***әйнеккөз*** ерекше, өйткені олардың жарық өткізу қабілеті аса жоғары, бұл жерде жарық өткізетін фотовспышканың қажеті де болмай қалады.

Әйнеккөздің түрлері



Әнеккөздің фокустық ара қашықтығы мен қамту бұрышының сызбасы.

Көптеген фотографтар өзімен бірге осындай объектив алып жүреді, өйткені фотограф жарық ***әйнеккөзд***ермен жұмыс істеген кезде өз білімін барынша пайдалануы керек, мейлі, спорт, портрет, пейзаж болсын – жарық пен көлеңке деген себептердің бар екенін ұмытпауы тиіс. Осындай факторға қол жеткізу қабілетімен сіз объектив линзасы арқылы дүниені басқа көзбен көре аласыз. Спорттық суретте фотографтар көбінесе, екі түрлі ***әйнеккөз*** пайдаланады (фокустық қашықтығы ауыспалы ***әйнеккөзд***ер мен телеобъектив), егер біріншісін алып қарасақ, оның көмегімен нысанды түрлі

қашықтықтан суретке түсіруге болады, бірақ мұндай ***әйнекқөзд***ің жарық күші телеобъективпен салыстырғанда аз болып келеді. Көпқабатты жарығының арқасында телеобъективтің жарық күші жоғары, бірақ мұндай ***әйнекқөзд***ердің көлемі өте үлкен болып келеді, оларды суретке пайдалану үшін үштағанға орналастыру қажет (2).

Nikon 6mm f/2.8 немесе «балық көзі». Бұл гаджеттің бүркеу тұсы 24-те 36 мм. Обьектив салмағы 5,2 килограмм, диаметрі 239 миллиметр, ал ені болса, 171 миллиметр. Көру бұрышы 220 градус, яғни ол, «балық көзі» эффектін іске қосып,артында орналасқан нысандарды көре алады. Оның құны- 160 000$.

Canon 1200mm f/5.6- SLR камераларына арналған әлемдегі ең ұзынфокусты обьектив. Мұндай обьективті папараццилер қолданады. Оның салмағы 16 кг,ұзындығы – 1 метрден кем. Canon мұндай обьективтерді тапсырыс бойынша жасайды,1993 жылдан бері мұндай фото-зеңбіректердің 20 данасы сатылды. Оның құны- 120 000$.

Бақылау сұрақтары

1. ***Әйнекқөз дегеніміз не?***
2. ***Әйнекқөздің құрылысы?***
3. ***Әйнекқөздің түрлері?***
4. ***Фокустық арақашықтыққа байланысты әйнекқөздің қандай түрлері бар?***

Пайдаланылған әдебиеттер

1.Панфилова Н. Д. и Фомина А. А.М.:Искусство фотографии. М.,1985. 365 с.
2. Тілекметов Б., Жидебаев Ә. Фотосурет түсіруді үйрен. Алматы,1962.
3. Лэнгфорд М. Теория и практика фотографии, формат chm М,:2004.

1.5 Экспозиция негіздері

Әр кадр үшін белгілі мөлшерде жарық (экспозиция) керек. Фотоаппаратта жарық ағымын реттеу үшін үш мүмкіншілік бар. Олар: диафрагма, ұсталым және сезімталдық деңгейі (чувствительность). Сезімталдық тек қалқамен *(диафрагма)* ұсталымды (*выдержка*) өзгертуге мүмкіндік жоқ кезеңде ғана қолданылады. Қалқа *(диафрагма)* бен сәулелеу уақыты өте тиімді көркемдік құралдар қолдануға оңай болуы үшін алдымен бұлар не екенін біліп алайық.

Қалқа (диафрагма) (грекше, diaphragma – қалқа. Ағылшынша aperture - апертура). Әйнеккөздің (объективтің) линзаларының аралығында орналасқан қалқа. Әдетте, желпуіш сияқты жапырақшалар жиынтығынан құралады да, жарық, сәуле өтуін қалқалап, мөлшерлеп тұрады.

Толық ашық Жартылай ашық Толық жабық



Қарапайым түсінікпен терезені алсақ, терезе қаншама үлкен ашылған сайын, жарық сәуле соншама көп өтеді. Диафрагма f/2,8 не f.2,8 сандарымен белгіленеді. Көрсетілген сан қаншама кіші болған сайын, саңылау соншама үлкен, ашық болады.

Толық ашылған диафрагма анықтық тереңдігін (глубина резкости) өте аз береді (артқы жақтары бұлыңғырлау). Үлкен анықтау тереңдікті алу үшін диафрагма саны f.8-ден жоғары болуы керек.

Диафрагманы жапқан сайын (сандық фотоаппарат) матрицадағы бүкіл шаң-тозаң көрінеді.

Әйнеккөздің (объективтің) жақтауында диафрагманы қозғалтуға арналған сақина немесе кішкене тартпа (рычаг) бар. Бұл жапырақшаларды ашу немесе жабу арқылы жарық сәуле өткізу саңылауының шамасын реттейді.

Қолайлы болуы үшін әйнеккөздің (объективтің) жақтауында диафрагмалық сандар өлшемі жазылған.

Диафрагма механизмі фотожапқыны (затвор) босату тетігін басқан кезде ғана жұмыс істейді, тетігін басқан соң жарық сәуле өткізу саңылауы жапқы жұмыс істер кезде ғана секірмелі түрде кішірейеді. Мұндай диафрагмалар «секірмелі» диафрагмалар деп аталады. Бұлар суретке түсіру нысанасын салыстырмалы саңылау барынша үлкен кезде, яғни суретке түсірілмекші нысанның кескінін айналы кескін іздегіштің барынша жарықтанып тұрған кезінде фокустауға мүмкіндік береді. Осының нәтижесінде, әйнеккөздің фокусталу дәлдігі артады (1).

Ұсталым (фотоаппараттың түсіру уақыты. выдержка). Суретке түсіру сәтінде ауа райына, жарыққа байланысты жапқыштың (затвор) ашылу сәтіндегі қойылатын уақыт дәлдігі. Уақыт дәлдігі фотоматериалды не матрицаның көлеміне қарай пайдаланғанда қойылады. Фотоқағазды пайдаланғанда да жарық күшінің уақыты дәл қойылуы керек және терезені алар болсақ, терезе қаншама ұзақ ашылған сайын соншама жарық көп өтеді.

Ұсталым (выдержка) әрқашан секунд және миллисекундпен өлшенеді. Белгіленуі 1/200, ал камерада тек қана 200 көрсетіледі. Егерде Ұсталым секундтан ұзағырақ болса белгіленуі «Z» яғни 2 секунд.

Өте қысқа ұсталымдар жылдам қозғалыс кезінде (спорт, көлік, т.б.) қолданылады. Ал ұсталым 1/30 төмен болған жағдайда не штативке қойып, не жарқылдақпен (вспышка) түсіру керек.

Бұрындары ұсталым мен диафрагманы анықтау үшін экспонометрлер қолданылған. Бүгіндері олар кез келген фотоаппараттың ішіне орнатылған және ол жерде диафрагма не ұсталымның артықшылығы таңдалынады. Мысалы, қозғалысты түсіргіңіз келсе ұсталымның артықшылығына қойсаңыз, соған сәйкес диафрагманы автоматты түрде табады.

Сезімталдық **(**чувствительность ISO**)**. Сезімталдық – бұл таза техникалық түсінік, матрица не пленканың жарыққа сезімталдығын белгілейді. Мысалы, күнге қыздырынып жүрген шомылушыларды алсақ, терілері сезімталдар күнге тез күйеді, яғни оған аз жарық, сәуле қажет, ал басқа біреулерге көбірек қажет.

Сезімталдық – тікелей шудың санына байланысты. ISO көп болған сайын шулар да көп болады, ал пленкаларда дақтар (зерно) ISO 100 болғанда матрицадан сигналдар оңай алып тасталынады, ал 200-де 2 есе, солай өсе береді. Кез келген өсімде шулар, сыртқы әсерлер көбейеді. ISO 600-ден асқанда барлық камераларда қатты шу болады, сапалы сурет алу үшін шуды басатын (шумоподавление) бағдарламаға қою керек (2).

Түсірілім параметрлері

Автоматты режим

Кез-келген класстағы сандық фотоаппараттарда автоматты режим бар. Әдетте ол камера қосылған сәттен қолданыста болады. Мұндай режим «бағыттау-түсіру» стилінде түсіретін әуесқойларға мінсіз жарайды.

Автоматты режим қосылып тұрған кездегі фотограф әрекеті кадрды тұтастыру және түсірілім батырмасын басумен шектеледі. Әдетте, қарапайым түсірілім шарттарында, фото сапасына өте жоғары талап қойылмаса, 10*15 форматы үшін автоматты түсірілім көп әуесқойлардың сұранысын қанағаттандырады.

Әдетте, түсірілім режимін атаулы басты дөңгелек көмегімен таңдайды. Режимдер пиктограммалармен, әріптермен және жазулармен белгіленеді. Мысалға, автоматты режим- Auto сөзімен, қол режимі –M (Manual) әрпімен.

Шартты түрде, сюжетті режим сценариі формасын өндіруші анықтап шығаратын пиктограммалармен белгіленеді.

Сюжетті режимдер

Бастапқы деңгейдегі және классикалық шағын фотокамера модельдерін өндірушілер толық мәнде алдын-ала қойылған параметрлерді типті түсірілім шарттары үшін қолдануға тырысады. Әдетте, мұндай параметрлер камераның дерекқорында (база данных) салынған және түсірілімнің сюжетті-сценарийлі тобын құрайды.

Түсірілімнің ең көп таралған сюжетті режимдері:

Макро
Портрет
Спорт
Пейзаж
Түнгі түсірілім
Түнгі портрет

МАКРО- шағын қашықтықтан түсірілім режимі. << Макро>> режимінде объектив әдетте линзаларды мейлінше үлкендету қалпына келтіреді. Ашықтықты (резкость) түсірілім нысанына дейін дистанцияны өзгертумен реттейді.

ПОРТРЕТ-біраз көмескі фон арқылы адамның тері реңктерін жайлы, жұмсақ күйде оңтайландыру. Портреттердің көбісі фокустың үлкен қашықтығында және ашықтық (резкость) тереңдігінің аз жағдайында жақсы түсіріледі.

СПОРТ- әрекеттері тез әрі жылдам нысандарды түсіру мақсатына икемдеу. Минималды ұсталым(выдержка), ашық диафрагма, көп жағдайда бақылаушы автофокус қолданылады

ПЕЙЗАЖ-айқын, қанық пейзаж түсірілімдерін алу үшін оңтайланатын режим. Ашықтық тереңдігі жоғары. Далада, жарық мөлшері жоғары жағдайда түсіру кезінде осы режимді қолданған дұрыс.

ТҮНГІ ТҮСІРІЛІМ- камера параметрлері жарықтың аздығына оңтайланған. Экспозамер және автофокус жүйелері қате мәлімет беруі мүмкін және бақылауды қажет етеді. Жарқыл (вспышка) автоматты түрде жұмыс істейді. Жарқыл өшіп тұрған жағдайда автоматты режимге мейлінше мүмкін сезімталдылық қойылады. Созылмалы выдержка.

ТҮНГІ ПОРТРЕТ- түнгі уақытта, адамдардың портреттерін терең анықтық деңгейімен, фонның бөлшектерін жақсы анықтау үшін фотокамераның икемделуі. Бұл режимде жарқыл жұмыс істемейтіндіктен, экспозиция уақыты созылмалы болуы мүмкін, сондықтан штатив қолдану ұсынылады. Егер жарқыл толықтырмалы режимге орнатылса, жарқыл мен фон экспозициясы автоматты түрде теңгерімде болады. Жарқыл қосылған соң кадрдағы адамдар қимылдасын деп сұраңыз, себебі затвор фонды анықтау үшін ашық болып тұрады.

Бағдарламалық режим(P)- бағдарламалық режимде экспозицияны автоматты есептеу функциясы сақталады(әдетте басты дөңгелекте P әрпімен белгіленеді). Автоматты режимнен айырмашылығы- жарық параметрлерін, ақтық балансты, матрица сезімталдылығын фокусировка тәсілімен басқаруға мүмкіндік туады.

Ұсталым басымдылығы(Tv)- ұсталым басымдылығы режимі әдетте орта класстағы шағын камераларында және, әрине, қымбатырақ құрылғыларда бар болады. Бұл режимде ұсталымды өз бетінше, колмен реттеуге болады. Камера автоматты түрде диафрагманы оңтайлы анықталған экспозицияға сәйкес белгілейді.

Диафрагма басымдылығы(Av)-экспозиция автоматты есептелген жағдайда, диафрагманы қолмен басқару, белгілі шекте, анық белгіленен кеңістіктің тереңдігін экспозиция дұрыстығына күмәнданбай өзгертуге мүмкіндік береді.

Қолдық режим(M)-ұсталым мен диафрагманы қолмен басқару, яғни экспозицияны қолмен реттеу шағын және жоғарырақ класстағы камераларда ескерілген. Әдетте, мұндай режимге ауыстырған жағдайда камераның индикаторлары барлық тәсілмен (қызыл түстердің жанып-өшуі) автоматиканың түсірілім нәтижесіне жауапкершілік алмайтындығын көрсетеді.

Қолдық ұсталым(В)- қолдық ұсталым режимінде, саусақ түсірілім батырмасын ұстап тұрғанша, затвор ашық болады. Шағын камера топтарында қол ұсталымы 15-30 секундпен шектелсе, кәсіби камераларда ұсталымды бір жарым сағатқа дейін орнатуға мүмкіндік бар.
Экспозицияны блоктау(С) – кейбір сандық камераларда экспозицияны блоктау функциясы ескерілген. Автоматика экспозицияны қарапайым режимде анықтайды, ал фотограф болса есептеп шығарылған мәнді сақтап қалуға және блокталған экспозицимен бірге жарықтың мүлде басқа жағдайларында түсіру мүмкіндігіне ие. Осылайша, көлеңкелері дұрыс анықталған кадрларды алуға болады.

Бақылау сұрақтары:

1.Диафрагма дегеніміз не?

2.Ұсталымның анықтамасы

3.Сезімталдықтың анықтамасы

4.Фотоаппараттың жарық ағымын реттеу үшін не қолданылады?

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Панфилова Н. Д. и Фомина А. А. М.: Искусство фотографии, 1985. 365с.

2. Тілекметов Б., Жидебаев Ә. Фотосурет түсіруді үйрен. Алматы, 1962.

3. Лэнгфорд М. Теория и практика фотографии, формат chm М,:2004.

1.6 Жарық және оның түрлері

Түсірілетін нысана жарықпен жеткілікті қамтамасыз етілсе, оны түсіру оңайға соғып, ұсталымды (выдержка) азайтуға мүмкіндік туады. Бірақ мәселе жарықтың мөлшерінде емес, ең бастысы оның бағытында. Суреттегі заттардың пішіні, көлемі, фактурасы жарыққа байланысты. Ауа кеңістігінің берілуі мен перспективасы жарықтың арқасында жүзеге асады. Кез келген қол шамды алып, кішігірім, нысанаға жарықты әртүрлі нүктеден берсеңіз, оның түр – түсінің қалай өзгеретінін көресіз. Жасанды және табиғи жарықпен түсірілген түсірілімнің техникаларының айымашылықтары бар (2).

Жасанды жарық

Тек қана екі шамның көмегімен көптеген жарық комбинацияларын алуға болады. Жарықпен жұмыс – фотографияны ең қызықты саласы. Оның арқасында сіз тәжірибе жүргізіп, өз шығармашылығыңызды шыңдай аласыз. Бағытталған жарық пен жұмсақ жарықты қосу арқылы бұрын болмаған жаңалықтар ашуға болады. Фотографқа жарықты дұрыс пайдаланудан бөлек, суретшілік қасиеттер де керек.

Бір ғана жарық көзі қатысқан фототүсірілімнің жақсы шығуы өте сирек. Мұндай сәттерде жарықты жұмсарту қажет. Ол үшін жарықтың алдына жұқа ақ мата немесе ақ қағаз қою керек. Әрине, жарықты «Фотошоп» бағдарламасымен де жақсартуға болады, алайда, түсірілімге өз қолыңызбен жақсы жағдай дайындасаңыз, көп кадр жасай аласыз және бағдарламаға уақыт кетірмейсіз.

Өте қатты жарықты жұмсарту үшін оны ақ қабырғаға бағыттау қажет.

Қосымша жарықты алудың тағы бір түрі – ақ қағаз. Қағазды түсіріліп жатқан нысанның шетіне қойсаңыз, жарық жұмсарып шыға келеді. Бірақ жасанды жарыққа ең дұрысы екі шамды пайдалану болып табылады, яғни сіз бірінші шамды бағыттауға, ал екінші шамды жұмсартуға пайдалана аласыз.

Жұмсақ жарық түсірілімдегі барлық кеңістікті жұмсартады. Ол нысанның нобайларын бұлыңғырлайды, соның нәтижесінде суреттегі анықтылық (контрастность) төмен болады. Жұмсақ жарық ешқандай элементтерді бөліп шығармайды.

Ал, бағытталған жарық өте анық әрі терең болады. Алайда екі жарық өз бетінше ешқашан қолданылмайды (3).

Табиғи жарық

Бөлмедегі түсірілім қиын болғандықтан, оған көп дайындық керек, сондықтан ең алдымен, табиғи жарықты пайдалануды үйренген абзал. Табиғи жарық уақыт пен ауа райына байланысты. Бұлтты күндері жарық жұмсақ, ал ашық күндері өте анық әрі өткір болып келеді. Бұлтты күндері жарықтың тек ашықтылығы өзгерсе, ашық күндері оның бағыты да өзгереді. Жазда күн көкжиектен 90º С жоғары орналасқандықтан, жердегі нысандардың көлеңкесі жоғалады. Бұл түсірілім үшін ең қолайсыз кезең. Көлеңкелер фото салу күн шуағы жарықты заттың тіке алдынан берген кезде де жоғалады. Күн батарда және шығарда заттардың ұзын көлеңкелері айқын көрінеді, сондықтан сурет нәтижелі болып шығады. Жарыққа қарсы түсірілген суреттерде нысандардың

сұлбасы ғана көрінеді. Осындай жарық кезінде фотомодель көзін жұмып қалмайды, алайда, аталған суретті түсіру үшін мол тәжірибе қажет.

Жарықтың бағыты – күннің орналасуының жалғыз ерекшелігі емес. Күні бойы жарықтың спектрлік құрамы да өзгереді. Бұған ауа молекулалары себеп болып табылады. Мысалы, күн көкжиектен төмен орналасқанда оның сәулелері атмосферада ұзақ қашықтыққа барады, ал күн төбеде тұрғанда олардың ұзындығы қысқа болып, көк түсті сәулелер көп мөлшерде ауада сақталады (1).

Бақылау сұрақтары:

1.Фотожурналистикадағы жарық дегеніміз не?
2.Жарықтың түрлері?
3.Ракурс таңдауда күннен түскен жарықтың рөлі қандай?
4.Жасанды және табиғи жарық: жарық таңдаудағы ерекшеліктер?

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Килпатрик Д. Свет и Освещение . М.: Мир, 1998.
2. Тілекметов Б., Жидебаев Ә. Фотосурет түсіруді үйрен. Алматы, 1962.
3. Лэнгфорд М. Теория и практика фотографии, формат chm. М.:2004

1.7 Фотографияның жанрлары

Фотография жанрлары, негізінен алғанда: портрет, пейзаж, архитектуралық (сәулеттік) түсірілімдер, интерьер (ғимараттың ішкі

көріністері), жанрлық фотография (тақырыптары: балалар, спорт, жануарлар т. т.), фоторепортаж сияқты түрлерге бөлінеді.

Алайда, фотография өнерінің жанрларын осылармен ғана шектеуге әсте болмайды. Мәселен, қазіргі кезде ғылыми фотография, ғарыштық фотографиялар кең етек жайған. Сонымен қатар кей кездерде аталған жанрлардың өзара астасып, бір-біріне сіңісіп кететінін де ескеру керек (Мәселен, қалалық пейзажда сәулет пен табиғат көріністері ұштасып жатады).

Фотографиялық портрет

Фотопортрет жанрында фотосуретшінің мақсаты – жеке адамның ішкі жан дүниесін, мінез-құлқын, көңіл-күйін, т.б. сыртқы бет-әлпетімен, кескін келбетімен үйлестіре отырып көрсете білу.



Оларды жай адам байқамауы немесе көре алмауы мүмкін. Бұл, әрине, оңай емес, яғни нағыз шебердің ғана қолынан келетін үлкен өнер.

Пейзаж

Қазіргі уақыттағы өте кең таралған жанрдың бірі. Бұл жанрда өзін байқап көрмеген фотосуретші жоқ шығар.

Табиғаттың сұлулығын, ауыл мен қалалардың көрінісін, егіндік алқаптардың, өзен, көл, теңіздердің керемет құбылыстарын көріп тұрып, суретке түсірмеу мүмкін емес.

Архитектуралық, яки сәулеттік түсірілімдер

Архитектуралық фототүсірілім үш тарапта: жеке шығармашылық, яғни фотоөнер туындысы түрінде, қазіргі қалалық не өндірістік пейзаждың бір түрі ретінде және құжат, яки естелік кескін ретінде қарастырылады.

Архитектуралық ескерткіштердің фотографиялары, сайып келгенде, сәулет өнерінің туындысын фотография тіліне аудару болып табылады. Сәулет өнері қоғамның болмыс-бітімін бедерлеп, елдің экономикалық һәм рухани дамуының деңгейінен хабар беретінін және заманның эстетикалық талаптарын айшықтайтынын ескерсек, фотографияның бұл жанрының танымдық рөлі де ерекше екені өздігінен түсінікті болса керек.

Интерьер

Бұл жанрдың архитектуралық түсіріліммен көптеген ұқсастықтары бар. Көп жағдайларда фотосуретші интерьерді бейнелеу үшін барлық заттарды барынша нақты, дәлме-дәл көрсеткісі келеді.

Мұндай жағдайда фотоэтюдты да қолдануға болады. Жалпы, бұл жанрда кей жағдайда әрбір детальді тәптіштеп, анық көрсету қажет те емес. Себебі жабық бөлменің ішіндегі қабырғаларды толық қамту өте қиын, сол себепті алдыңа қойған мақсатқа жеке көрініс (фрагмент) арқылы қол жеткізуге де болады. Фотограф көрермен назарына ең қажетті, қызықты әрі негізгі бөлшектерді тарта білсе болғаны.

Фотографияда интерьер табиғи және жасанды жарық түсуіне байланысты да бөлінеді.

Жанрлық фотография

Қазіргі кезеңдегі фотографияда жанрлық түсірілімдер үлкен орын алады. Олардың түрлері:

Балалар түсірілімі – фотоөнердің алғашқы кезеңдерінен бері балалар тақырыбы кең тараған. Өмірге жаңадан келген нәрестенің әр сәті өте қызық және табиғи.

Балалар бір жағынан тез өсіп, өзгеріп отырады, осылардың барлығын қапысын тауып, суретке түсіре білу де бір ғанибет. Бұлардың бәрі қайталанбас сәттер, бақытты кезеңдердің қас қағым көріністер ретінде ұзақ сақталары хақ.

Спорттық тақырыптар негізі жанрлық фотографияға тиесілі, тек кейбіреулері ғана, аса қажеттілікке байланысты фоторепортаж жанрына жатуы мүмкін.

Спорттық жанрларды түсіру кезінде спортшы қозғалыстарының қызықты, тартымды сәттерін таңдап алу керек, тек содан кейін ғана фототүсірілімге кіріскен жөн.

Жануарлардың фототүсірілімі. Кез келген жануарларды бақылаушы адам олардың қуанышқа, қайғыға, аналық қасиеттерге қаншалықты сезімтал екендігін жақсы біледі. Сол үшін жануарларды суретке түсіру кезінде оларға сүйіспеншілікпен, мейірімділікпен қарау керек. Жануарлар әлемі - табиғаттың өте күрделі жаратылысы.

Фоторепортаж. Қазіргі фотография тәжірибесінде бұл жанр арнайы орын алады.

Фоторепортаж – бүгінгі күннің фоторепартерлерінің негізгі жұмысы. Бұл термин фотографияға журналистикадан енді. Ол–белгілі оқиғаның мағлұматын жеткізу үшін, фоторепортердің өз көзімен көргені.

Фоторепортаждың негізгі ережесі – болып жатқан оқиғаны өмірдің ағымына араласпай, сырттан бақылай отырып қаз-қалпында беру, деректілікті (документальность) қатаң сақтау. Кейбір жағдайларды жасырын, байқатпай түсіруге, ал қалғандарын аппаратпен оқиғаның ортасында жүріп түсіруге болады. Негізгі сәттерді өткізіп алмау үшін әрдайым дайын болғаны дұрыс.



Сәттердің күрт өзгеріп отыруына орай қажет деген бір көріністерді жеке алып, оны үлкейтіп те қарау керек болуы мүмкін, бірақ ондай жеке көріністер де жалпы жағдаяттан (қай жерде, қанша адам) хабар беріп, оқиғаны сипаттау үшін қажет екенін ескерген абзал.

Әрдайым түпкілікті мақсат түсірілімнің өзі емес, оның не үшін, қандай мақсатта жасалатынын айқындау қажет.

Папарацци жанры

Итальян тілінен аударғанда «paparazzo» - жабысқақ, қадалған жерден қан алатын ерекше ызыңды масаның түрі.

Термин дәл осы мағынасында 1960 жылдан, Федерико Феллинидің «Тәтті өмір» фильмі жарыққа шыққан күннен қолданысқа түсті. Фильмнің бас кейіпкерінің досы–фотограф Папараццо. Ол – Ф.Феллинидің Тацио Секьяроли есімді атақты фотограф досының прототипі. Режиссер бұл кейіпкерді өте мазасыз, қадалған жерінен қан алатын, масаға ұқсайтын персонаж ретінде көрсетеді. Феллинидің айтуынша, сыныптастары оның мектепте бірге оқыған досын тез сөйлеу мәнері үшін «Папараццо» деп атап кеткен. Кейінірек сөз тек папараццо дегеннен көпше түрдегі папарацци сөзіне ауысты. Ол барлық тілде бір мағына – атақты адамдарды аңдып жүріп, әртүрлі жағдайда фотоға түсіретін фотограф дегенді білдіреді.

Кей деректерге қарағанда, 1997 жылы 31 тамызда Парижде болған, Диана ханшайымның қаза тапқан жол апаты папараццидің кесірінен болған. Алайда, 2008 жылы сот ханшайымның ішімдік ішкен жүргізушінің кесірінен қаза тапқанын анықтаған. Сондықтан папараццидің еш қатысы болмауы да мүмкін.



Имидждік (жарнамалық) фотография

Біз ақпараттың 95%-ына көзіміз арқылы қол жеткіземіз. Осыдан біз жарнамалық компанияның негізі көрсетілетін ақпараттарда жатқандығын көруімізге болады. Көрсетілетін жарнаманың негізгі бөлігі басып шығару болып табылады. Фотосуреті бар жарнама түрлері өте тартымды көрінгенімен, ол әрдайым эффектілі бола бермейді.
Жарнамалық фотография - фотоөнерді игерудің шыңы . Жарнамалық фотография(«Коммерциялық фотография») барлық фотография жанрларын қамтиды:

a. Каталогтік фотография
b. Имиджтік фотография
c. Заттық фотография
d. Интерьерлік фотография
e. Іскерлік портрет
f. Саяси портрет

Каталогтық тақырыптан ерекшеленетін портреттік рекламалық киім,әшекей бұйымдардың және аксессуарлардың фотографиясын бөлек алып қарастырсақ болады. Осындай фотографиялар каталогтарда емес,журналдардағы жарнамаларда кеңінен қолданылады. Олар тек қана тауарды көрсетіп қана қоймай, оның имиджін қалыптастырады.
Осы тектес фотографиялардың бір ережесі болып адамның көзқарасы камераға емес таурға қарауында болып табылады. Адамның көзі – жан дүниесінің айнасы және сол туралы алғашқы ақпараты. Сол себептен адамның қараған нүктесі потенциалды клиенттердін назарын өзіне аудармай қоймайды. Кей кездерде фотографияның осындай жанрында адам көрсетілмейді немесе ол адамның тек бір бөлігі ғана көрсетіледі.

Каталогтық фотография.
Каталогтық және пәндік фотографияның негізгі функциясы – өндірушілердің сайттарын, тауарлардың және қызметтердің дистибьютерін, интернет магазиндерін жарнамалайтын өте эффектілі тауар жарнамасы.
Профессионалдық тілде каталогтық фотография деп аталатын жанр фотографияны қандайда бір мән беріп түсірмейді, ол тек қана тауарды көрсетеді. Оларға мысал ретінде : канцелярлық тауар,сувенирлер, әшекей бұйымдары ,электрондық техника, интерьер құралдары, киім түсірілімдерін жатқызсақ болады. Осыдан біз тауарға арналған заттық жарнамалық фотография мен киімге арналған имиджік жарнамалық фотография арасындағы айырмашылығын байқасақ болады.

Имиджік фотография мақсаты фотосуреттердің көмегімен компанияның корпоративтік имиджін қалыптастыру және қалыпта ұстап тұру.
Имиджік фотографияда портреттік және топтық түсіріліммен қоса фоторепортаж айлалары да қолданылады(Белгілі бір құбылыстарды, келіссөздерді, жасап шығару процесстерін түсіру).

Репортаждың белгілі бір қатаң регламенттері болмайды, оның басты міндеті болып жатқан істі фотография түрінде көрсету. Репортаждық фототүсірілімдерде негізінен процесс бейнеленеді, фотодағы адамдар камераға қарамайды. Осындай фотографиялардың публикациясы тұтынушыларға сенім ұялатады. Сондықтан да осы тектес фотографиялар PR(пиар) мақсатында қолданылады.
Осындай суреттер бұқаралық коммуникация құралдарындағы пресс-релиздерге немесе компания сайттарының жаңалықтық бөлімдеріне жіберіледі .
Имидждік жарнаманың тағы бір айырмашылығы ретінде компанияның басшылары бар портреттік фотоның болуы(жұлдызы, жұмысшысы,директоры т.б). Имидждік жарнаманы көбінесе банктер қолданады.

Заттық фотография.
Бұл фотографиялық жанр жарнамаланып отырған тауардың сыртқы характеристикасын, дизайнын, конструкциясын, артықшылықтарын көрсету немесе жарнамалау мақсатында қолданылады.Бұл процесс кезінде ең алдымен тауар және оған кіретін заттар ортақ бір композицияда болатындай етіп фотоға түсіріледі. Бұл фотосурет максималды жақсы ракурста болуы тиіс. Және де бұл тауардың маңызды функционалдық қабілеті және бәсекелестердің тауарынан айырмашылығы жайлы фотография арқылы жеткізілуі қажет.
Жарнамаланып отырған объектінің фотографиясы буклеттер, интернет магазиндердің сайты, каталогтар, көркемөнер альбомдары, постерлер және плакаттар үшін қажет. Көп жағдайда жарнамаланып отырған тауардың ең негізгі артықшылықтарын буклеттік немесе каталогтық фотографиялар арқылы көрсете аламыз. Клиент болашақ тауарының фотографиясын тамашалай отырып қана тауарды сатып алу немесе сатып алмау туралы белгілі бір шешімге келеді.
Керек жағдайда заттық стол, макрообъктив, фильтрлер,көлеңкесіз куб, әртүрлі жарық көздері, түрлі-түсті фондар сияқты қосымша жабдықтар мен арнайы қондырғылар қолданылады. Түсірілім кезінде міндетті түрде фотограф артық шағылысқан жарықтарды алып тастап, фотоның көлеміне,тереңдігіне және фактурасына назар аударуы тиіс.
Әдетте бұл жанрда объект болып эффективті дизайны бар автокөлік және тұрмыстық техника жарнамаланады.

Заттық түсірілім қандай да бір мән беру үшін де қолданылады.
Заттық фототүсірімде спецификалық бағыт фудстайлинг болып табылады. Фудстилисттер – тамақтану заттарын өте пайдалы түсте ұсына алатын жарнамалық фотография мамандары.
Оған мысал ретінде сырт келбеті көз тартарлық емес натуралды заттарды өңдеп, оған қанық әрі жарқын түс береді және т.б.

Интерьерлік фотография.
Интерьерлер дизайны, жиһаз және аксессуарлар жасау сферасында жұмыс жасайтын мекемелерде, белгілі бір тауар жайлы ақпарат беру үшін жиі қолданылады. Интерьерлік фотографияның негізгі техникалық проблемасы – объектілердің өте кең диапазонды жарқын болуы, жарық көзінен түскен сәуленің шамадан тыс жарық болуы және көлеңкелердің терең болуы жатады. Осыған байланысты интерьерлік фотография 2 әдіс арқылы түсіріледі:
-қосымша жарық көздері жарқылын пайдалану(әдетте өзінің күшті жарық көзін әлсіздеу жарық көзіне аустыру арқылы болады)
- HDRI технологиясын қолану арқылы. Екі әдіс те фотографияның көлеңкесін жақсартады. Бұл әрине жоғары контрастлық интерьерлер үшін өте маңызды.
Интерьерлік фототүсірілім үшін кең бұрышты объективтер қолданылады. Оған мысал ретінде 180 градуста түсірілетін «Рыбий глаз» объективтерін жатқызсақ болады. Бұндай объективтер кеңістікті аздап бұрмалап көрсетеді, сондықтан бұндай суреттерге компьютерлік түзетулер енгізіледі.
Архитектуралық түсіріліммен көбінесе ғимараттар құрылысы, бөлмелерді сәндеумен айналысатын мекемелерде қолданылады. Осы түсірілімдер арқылы мекеме өз имиджін қалыптастырады. Архитектуралық фототүсірілімде ең бастысы өлшем эталоны ретінде адамның бейнеленуін естен шығармағанымыз жөн.

Іскерлік портрет.
Кез келген компанияда, фирмада, кәсіпорында өзінің ұсынушысы, бет бейнесі болады.
Потенциалды серіктестер және тұтынушылар ең алдымен осы ұсынушыларды көргілері келеді.
Компанияның бетке ұстар азаматтарының, басшыларының портреті – компанияның имиджі және оның көркі. Компанияның резиденттерінің, топ-мнеджерлерінің және басқа да қызметкерлердің портреттері әдетте буклеттерде, каталогтарда, презентацияларда, компания сайттарында бейнеленеді және олар жарнамаларда қолданылады.
Көп жағдайда, компания қызметкерлерінің қолдары бос болмақандықтан кәсіби фотограф тапсырыс берушінің территориясында жұмыс істейді. Сондықтан да фотограф барлық керек-жарақтарды өзімен бірге алып келеді.
Фототүсірілім өтетін жер тапсырыс берушінің мақсатына байланысты әртүрлі болуы мүмкін. Офистік фототүсірілім жұмыстық атмосферада болуы тіс және фирманың кемшіліктері мен артықшылықтары жайлы сөз қозғалады. Мысалға, ресторандағы коллектив мүшелері бірігіп түскен офистік фототүсірілім мақсаты коллективтің қарым-қатынасы, ұйымшылдығын көрсету. Дегенмен, фототүсірілім үшін кең танымал фон – біртекті фон(Біртекті түс неесе ашық қабырға). Ол көрермен назарын басқаға аудармай, негізгі объектіні басты назарға алу үшін қолайлы.
Жоғарғы шенді тұлғалар,әдетте, жалғыз түсіріледі.

Көп жағдайларда бизнес-портрет пен құжатқа түсіруді бір қатарға қойып қателеседі. Тіпті екеуінде де бірдей фон болса да, екеуі мүлдем басқа жанрлар. Іскерлік портреттерде қызметкерлердің қалауы бойынша кәсіби фотограф әртүрлі жанрдағы фототүсірілімдерді ұсынуы мүмкін. Мысалға ол кездесулер, таңғы жаттығулар және т.б. болуы мүмкін.

Саяси портрет

Газет-журналдарда көп кездесетін фотография формасы - орташа пландағы түсірілімдер болып табылады. Ол саясаткердің вербальді сөздерінің ерекшеліктерін аудитория санасына жеткізу үшін керек . Жақсы түсірілген фотография саяси тұлғаның ішкі және сыртқы дүниесін ғана көрсетпей,оның жанұясымен қарым-қатынасын, автобиографиясын, қызметтегі жетістіктерін көрсете алу мүмкіндігіне ие.

Осылайша, бұл жанрды қойылымдық және репортаждық деп бөліп қарастыруға болады.

Бақылау сұрақтары:

1. «Фотография жанрлары» түсінігінің анықтамасы.

2.Фотографиялық портрет дегеніміз не?

3.«Пейзаж» жанрына анықтама беріңіз.

4.Архитектурлық түсірілімдердің ерекшеліктері қандай?

5.Фоторепортаж фотографияның негізгі жанрларының бірі ретінде.

6.Жанрлық фотографияға мысалдар келтір.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Лэнгфорд М. Теория и практика фотографии, формат chm М,: 2004.
2. Эрл М. Фотография. М.: Мир,1998.
3. Тілекметов Б., Жидебаев Ә. Фотосурет түсіруді үйрен. Алматы, 1962.
4. Кәкен Б. Қазақтың інжу маржан мекендері: фотоальбом . – Алматы, Елнұр, 2012.

1.8 Композиция

Фотосурет бейненің айқындық дәрежесінің мәнерлігі мен мазмұнын қамтамасыз ететін көркемдік заңына сүйеніп түсірілуі тиіс. Осылай сурет мәнін белгілі бір қағидаттарға сүйеніп түсіруді – суреттің композициясы деп атайды. Композицияның басты міндеті – түсірілген суреттің мазмұны мен формасын, көркемдігін ашу. Нанымды суреттерді ешуақытта да

ұйымдастырып жасауға болмайды , өйткені, олар әруақытта ешкімге тәуелді болмайды, өз алдына дараланып тұрады.

Ең алдымен, сурет түсірмес бұрын, бейнедегі көлденең не тік сызықтар мен көк жиек шекарасын кадрға дұрыс орналастыруды ойластырған жөн. Әсіресе, кадрдың ортасында оның шектелген тік сызықтар кездессе, ондай сурет композициялық бірлікті тез бұзады. Сондықтан:

-шекарасын анықтап алу керек;

-тақырыпқа қатысы жоқ заттарды кіргізбеу;

-биік нүктеден түсірілген суретте кеңістік көбірек қамтылады;

-ал төменгі нүктеден түсірілген нәрсенің тұлғалығы басым болады (1).

Композиция – жеке элементтердің бірыңғай тығыз байланысы. Суреттің мән-мағынасы, кескін-келбеті осы композицияға тәуелді болады.

Композиция бірнеше құрылымынан құралады. Бірінші: тақырыптық орны, яғни сюжеттік мән-мағынасы, екінші: осы композицияға қатысатын элементтер.

Композицияны толықтыратын маңызды нәрселер–ракурс, жарық, түсірілім нүктесі, нақыш, түсірілім уақыты, контраст, план.

Композицияның сюжеттік – тақырыптық орны

Кез-келген жанрда кадрге ілінген элемент өзіндік рөл атқарады. Кейбір элементтер суреттің мақсатын көрсетсе, қайсыбір элемент суретке мінездеме беріп, уақыт айырмашылығын көрсетеді. Сондықтан да суретке кедергі болатын элементтерді көзден таса қалдырмау керек. Суретке ешқандай қатысы жоқ болса, ондай элементтерді кадрге кіргізудің еш маңызы жоқ.

Жарық көлеңкесі (Светотень)

Жарық көлеңкесі дегеніміз – бұл қоршаған кеңістіктегі көлемді заттардың фигураларын түсірілген суретте қабылдауға мүмкіндік беру үшін ашық түстердің күңгірт түс реңктеріне бірізді ауысуы. **Жарық көлеңкесінің** түстері түсірілген жарыққа, заттардың көлеміне, пошымына, кеңістіктің тереңдігіне қатысты болады және заттың жарық сәулесіне қалай орналасқанына байланысты болады. **Жарық көлеңкесіне** жарықты, сәулені, көлеңкені, алакөлеңкені, рефлексті жатқызуға болады.

Жарық көлеңкесінің әсерімен суретші керекті эмоционалды, жарқын, әсерлі сурет шығара алады.

Нақыш (Колорит)

Суретте, яғни графикалық түстес фон көзбен көргендегідей шынайы түстерді жеткізе алмайды. Сондықтан да оның бір жолы осы – **колорит**. Яғни әртүрлі түстерді өзара байланыстырып, шынайы бейнені өз нақышында жеткізе білу.

Кеңістік (Перспектива)

Шынайы көрініске қарағанда фотосурет кескіннің нағыз мазмұны мен тереңдігін көрсете алмайды, тек биіктігі мен кеңдігін көрсетеді. Адам көзінің жарықты қабылдау ерекшеліктеріне байланысты, шынайы кескінді жеткізуге көлемді денелердің жазықтықта кескінделген перспективасы пайдаланылады. Мұндайда дененің кеңістік құрылымы мен олардың кеңістікте орналасуын ескеру қажет. Фотосуретте перспектива айқын және мәнерлі түрде көркем бейнені жеткізудің негізгі құралы болып табылады.

Шынайы көзбен қарағанда, суреттегі заттардың көлемінде, олардың орналасуында, түстерінде біраз айырмашылық болады. Сондықтан да суретті шынайылыққа бір қадам жақындатуға осы **перспективаның,** яғни, кеңстіктің орны зор.

Кеңістіктің бірнеше түрі болады: олардың ішінде **тікелей кеңістік** немесе **ұзын кеңістік**, яғни заттардың көзге көрінбестей болып кішірейтілуі , **түзу кеңістік,** яғни заттардың кіші көлемнен үлкен көлемге дейін үлкеюі. **Аксонометриялық кеңістік**, **сферикалық кеңістік,** яғни ұзын сызықтардың қисаюы, **әуе кеңістігі**, яғни айқындылықтың және кескіннің суреттегі денемен бірге көрінбей кетуі, **үндес кеңістік** (түс үндестігі), яғни түстердің өзгеруі. Кеңістіктің барлық түрлері фотосуретте қолданылады және шынайы деңгейге жеткізуге көмектеседі. Мысалы, осы заңдылықтар суретті үш деңгейлі қылып және кескін-келбеттің тереңділігін жеткізеді (3).

Түсірілім нүктесі мен сәті

Түсірілім нүктесі кадрдың ең маңызды бөлшегі болып табылады. Композицияның, жарық көлеңкесінің, кеңістіктің өзгеруі осы түсірілім нүктесіне қатысты болады. Түсірілім нүктесі үш координатпен: арақашықтық, бағыт, биіктікпен анықталады.

Сондықтан да фотосуретші қызықты кадрларды жіберіп алмас үшін өз ісіне шебер және жылдам қимылдай білу керек және түсірілім нүктесін шебер таңдай білу керек.

Көрініс (План)

План – түсірілімдегі кеңістікті шартты түрде бөлу. Пландардың бөлінуі түсірілім нүктесі мен композицияның мағынасына байланысты. Негізгі атаулары: бірінші план немесе алдыңғы план, екінші план, артқы план немесе алыс план болып бөлінеді.

Ракурс

Кеңістіктегі затты немесе денені қысқартып жеткізеді. Бұндай әдіс заттың кескінінің ауысуына әсер етеді. Түсірілім кезінде ракурс композицияға әсерін тигізеді. Ракурс кескіндегі негізгі затты ерекшелеп , жекелеп тұрады.

Адам келбетін (портрет) түсіру

- адамның бас келбетін жасағанда фотоәйнеккөзді суртке түсірушінің көзі бір деңгейдегі биіктікте, белге дейінгі келбетін түсіргенде аппаратты түсушінің иек мөлшеріндей биіктікте, ал адамның денесін толық түсіргенде оны суретке түсірушінің белі деңгейіндегі биіктікте ұстау керек (пропорция, перпендикуляр сақталу керек).

Сурет түсіретін орын (нүкте) дұрыс табылса , суреттің композициялы құрылысы сәтті әрі нанымды болып шығады. Кадрда артық ештеңе жоқ. Барлығы өз орнында.

Негізгі нысанды алдыңғы шепке шығарып және оны сол кеңістік қоршап тұрған басқа бейнелерге қарағанда анық, айқын етіп түсіру – композиция құрудың негізгі ережелерінің бірі.

Негізгі нысанның бейнесін жарықтың көмегімен даралап көрсету үшін, біріншіден, айнала (фон) бөгде болғаны жөн, екіншіден, түсірілетін негізгі заттың бейнесі өзін қоршап тұрғандарға қарағанда анағұрлым ерекшелеу, айқындау болуы керек.

Суретте түсірілген заттың қозғалыс динамикасын көрсету де композиция құрудың негізгі тәсілдерінің бірі болып есептеледі.

Кадрда қозғалып келе жатқан заттың бағытына қарай бос кеңістік қалдыру керек. Әр нәрсе орнында, өз кеңістігінде тұрса ғана сұлу.

Композиция өте жақсы құрылған кезде біріңғай реңктер, пішіндер,үлкенді немесе кішілі және т.б. шешімдер көзге ұрып тұрмайды. Ой жүйесіне сәйкес композицияның кейбір бөлшектері байқаусыз реңкте, кейбіреулері көлеңкеге жасырылған (кейде үлкен фигуралар да), үшіншілері өте айқын көрсетілуі мүмкін. Әсіресе, сюжеттік композицияның орталық нүктесіндегі басты затқа реңктік түстер айқынырақ қолданылады. Сөзсіз композицияға тән нәрсе болып табылатыны,тек қана әртүрлі реңктердің үйлесімділігі ғана емес, заттың немесе адамның тұрған тұрысымен, бұрылысымен, фигуралардың және заттардың кейіптерімен де ерекшеленеді. Сондықтан да композициялық міндеттерді реңктік қарым-қатынастар арқылы шешу үшін, суретші жарық көлеңке туралы, кеңістік перспективасы, композиция мәселелері туралы білімдерімен де қаруланды қажет етеді. (2)

Композиция ережелері

1. Контраст ережесі

Жарық затты немесе түсірілім нысанын қараңғы фонға немесе қаралау затты жарық фонға қою керек.

2. Орналастыру ережесі

Бейненің сюжеттік-маңызды элементтері кадрдың ішінде абыл-сабыл болып тұрмайды, керісінше, қарапайым геометриялық фигураларды құрайды.

3. Алтын кесіктің ережесі

Бейненің ең маңызды элементі шамамен шекараның 1/3 биіктігінде және кадрдың енінде орналасады.



4. Тепе-теңдіктің ережесі

Кадрлардың әртүрлі кадрларында орналасқан бейненің элементтері бір-біріне көлемі, түсі және мөлшері бойынша сәйкес келеді.

5. Формат ережесі

Кадрдағы вертикальды және горизантальды түзулердің болуы арнайы форматты қажет етеді.

6. Түсірілім нүктесінің ережесі

Түсірілім нүктесі түсіріліген суреттің эмоционалдық қабылдауына әсер етеді. Ең тыныш күй көз деңгейінен жасалған түсірілімнің арқасында ғана болады. Түсірілімнің жоғарғы және төменгі нүктелері кадрға күш салудың элементін кіргізеді. Көкжиек түзуі кадрда бар болса, ол суреттің дәл ортасынан өтпеуі тиіс, әйтпесе, ол екіге бөлініп қалады және көзге екі жақтың бірін таңдап, бар ойын сол бөлікте тиянақтауға тура келеді.

7. Диагонал ережесі

Біздің көздеріміз сол жақтан оң жаққа қарай оқуға дағдыланған, сондықтан түсіріліген суретті де біз солай қараймыз. Міне, сол үшін мағыналық орталық кадрдың оң жағында болғаны дұрыс, себебі көзқарас пен түсірілім нысаны бір-біріне қарама-қарсы бағытта қозғалады.

Бақылау сұрақтары:

1. Фотожурналистикадағы композиция дегеніміз не?
2. Дұрыс композиция құрудың ерекшеліктері?
3. Композицияның негізгі ерекшеліктері?

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қыстаубаев К. Композиция негіздері. Алматы, 2009.
2. Тілекметов Б., Жидебаев Ә. Фотосурет түсіруді үйрен. Алматы, 1962.

3. Панфилова Н. Д. и Фомина А. А. М.:Искусство фотографии, 1985. 365с.

2-бөлім

Фотожурналистика

2.1 Фотожурналистика тарихы

Тарихтағы тұңғыш фототілші Роджер Фентон 1855 жылы ағылшын экспедициялық кешенімен Қырымға аттанып, бір жылдан кейін жүздеген суреттермен оралды.



Роджер Фентонның Қырым соғысынан түсірген 300 суретінің бірі.

4-гвардиялық полк

Сол кездің өзінде фотокамера әскери тілшілер мен журналистерге өмірдің шынайы тіршілігін көрсетуге қызмет етті. Алғашқы әскери фототілшілердің ішінде Мэттью Брейди де болған. Ол отандастарына азаматтық соғыс туралы шындықты айту үшін Нью Йорк пен Вашингтондағы әжептәуір дамыған портреттік бизнесін тастап кеткен. Сол кезде Брейдидің соғыс даласынан түсірген суреттері осы күні Америка тарихындағы аса құнды құжат ретінде бағаланады. Сол кездің басқа фототілшілері әлеуметтік тақырыптарға жақын болған. Мәселен, «Нью-Йорк трибьюн» газетінің құқық тақырыбына жазатын репортері Джейкоб Риистің суретіндегі ащы шындықты көрген Т.Рузвельт бірнеше әлеуметтік реформаларды жүргізіуге мәжбүр болыпты. Ол кезде Рузвельт Нью-Йорк штатының губернаторы екен.

2.2 Әлемдік баспасөз фотографиясы (Worlp Press photo)

World Press қоры – журналистика саласында визуалды халықаралық байқауларды ұйымдастырушы. Қор фотожурналистиканың жоғарғы стандарттарын дамытумен, әлемдегі тарихи деректерді баяндаумен айналысады. Оның басты мақсаты – фотограф, журналистер мен жалпы қоғамдық қызығушылықты ояту және тегін ақпарат алмасуды қамтамасыз ету. Байқау негізінде жыл сайын өткізілетін фотожурналистика мен мультимедиялық байқау мен әлемдік көрме қойылымдары кіреді. Академияның бағдарламалары жоғары сапалы визуалды журналистиканы біліммен қамтамасыз ету және оны көрсету. Әлемдік баспасөздің фотосуреттері – тәуелсіз және коммерциялық емес. Орталықтары Амстердам қаласында. 1955 жылы құрылған. WP-ге әлем бойыншы Канон” демеушілік жасайды.

“World Press” байқауының жүлделеріне әділқазылар әр санатта 3 орын тағайындайды. Бас жүлдеге 1500 еуро, ал 2-3 орындарға «Алтын Көз» сыйақысы мен диплом және басқа да сыйлықтар беріледі. WP Ph бас жүлдесі үшін 10000 еуро ақшалай сыйлық және Канон фирмасы DSLR камерасы мен толық құрамды линзалар жиынтығын авторға табыстайды. Марапатталған фотолар және 45 мемлекеттің 100-ден астам қаласын аралап шығатын фоткөрмеде көрсетіледі.

Бас жүлдегер –Джон Стэнмейер

Джон Стэнмейер –1964 жылдың наурыз айында дүниеге келген американдық фотокорреспондент. Ол өзінің қызмет жолын Флоридада “Tampa Tribune” агенттігінде бастаған. Халықаралық іссапарларда жүріп Джон өзінің басты жұмыстарын Азия және Таяу Шығыс елдерінің

оқиғаларымен тығыз байланыстырады. Джон Сэнмейердің суреттері адамзаттың тауқыметін анық баяндауымен танымал. Сол сияқты “Time” және “National Geographic” журналдарындағы еңбектерімен де таныс. Оның ең жоғары жетістігі деп жыл сайын өтетін 57-ші “World Press” байқауында бас жүлде алғанын айтуға болады. 2013 жылдың ең үздің фотосы атанған Каринада Джибути қаласындағы мигранттар бейнеленген. Олар Сомалиден келетін арзан байланыс желісіне қосылуға талпынуда аспанға ұялы телефондарын созып тұр. «Бұл өздерінің жақындарына телефон шалуға талпынып тұрған қарапайым адамдар»,– деп түсіндіреді Джон Стэнмейер.

Бұл конкурста әділқазылар басқа да 9 тақырыптағы 53 фотоға жүлде ұсынды. Авторлардың ішінде 25 ұлт өкілі бар: Аргентина, Австралия, Әзірбайжан, Бангладеш, Қытай, Чехия, Сальвадор, Финляндия, Франция, Германия, Иран, Италия, Иордания, Мексика, Нидерланды, Жаңа Зеландия, Польша, Ресей, Сербия, Оңтүстік Африка, Испания, Швеция, Ұлыбритания және АҚШ.

Жеңімпаздарды 14 ақпан күні Амстердам қаласында өткен баспасөз жиынында жария етті.

Жеңімпаз суретке әділ қазылар пікір білдірді.

Ұлыбританиялық, Оңтүстік Африкалық әділ қазы Джиллиан Эделштейн:

«Бұл сурет басқа да көптеген тарихтарымен байланысты. Технология дискуссия мен адамгершілік, кедейшілік, әлемдік миграция бейнеленген. Бұл өте күрделі, әрі құрамдас сурет. Суретте әлемді мазалайтын жағдай бейнеленген».

2.3 Фотожурналистика

Фотожурналистика-көзқарас пен пікірді фотосуреттердің көмегі арқылы білдіретін журналистиканың айрықша саласы. Фотожурналистика фотосуреттер түсіру жанрларынан (құжат суреттері, көше суреттері және «жұлдыздар» суреттері) келесі қасиеттерімен дараланады:

Уақыт – суреттер оқиға барысының хронологиялық өрбуіне байланысты белгілі мәнге ие болады.

Объективтілік – фотосуреттердің оқиғаны дәл әрі боямасыз сипаттауы.

Хабар – автор мақаласымен қатар фотосуреттердің де оқырманға оқиғаның мән-мазмұнын жеткізуі.

Фотожурналистика жанрлары – қоршаған әлемді сурет арқылы танып білу.

I – фотоайғақ (фотозаметка).

II- фоторепортаж..

III – фотоочерк.

Фотоайғақта түсірілген суреттің бір қыры нақты дәлел-дәйек ретінде ғана беріледі. Фоторепортажда болған оқиға жан-жақты тұрғыда толыққанды көрсетіледі. Фотоочеркте оқиға құбылыс ретінде беріледі.

Фотожурналистиканы **ақпараттық** және **публицистикалық** жанр деп бөлуге болады. Біріншісіне фотоайғақ, фотосуреттеме, фоторепортаж, ал екіншісіне фототілшілік, фотоочерк, фотомонтаж жатады (1).

Фотоайғақ – күнделікті өмірдегі болып жатқан маңызды нақты оқиғаларды суреттейтін, күнделікті қоғам өмірін жағымды немесе жағымсыз жағынан әшкерелейтін жанр. Фотоайғақ жанрын өзінің шындықты ашып көрсете алатын жанрлық ерекшелігіне байланысты фотоайыптау деп те атауға болады.

Фотосуреттеме – ақпараттық жанрға жатады. Ол қысқа әрі нұсқа баяндау тәсілімен түсіріледі. Заман тынысын дәл, ұтымды көрсетіп, көрермендеріне әрі ақпараттық хабар жеткізе алады. Журнал беттерінде жарияланған фотосуреттемелер болған оқиғадан арнайы тікелей хабар беруге арналмаса да, бірақ шұғыл түсірілгені сезіліп тұрады. Фотосуреттемелік көріністерді көбіне әсерлі, лирикалық туындылар қатарына жатқызуға болады.

Фоторепортаж – ақпараттық жанр. Ол шұғыл түсіріліп, болған оқиғаларды жеткізуде өзінің деректілігімен құнды материал ретінде пайдаланылады.

Фоторепортаж формалары бірнеше кадрлардан тұрады. Әр кадры рет-ретімен құрастырылады. Көріністер композициялық тұрғыдан өңделеді. Және триптих түрінде де жасалады.

Фотоочерк – публицистикалық жанр. Негізгі бағыты қоғам өміріндегі айшықты бетбұрысқа толы құбылыстарды фотосурет арқылы беру. Фотоочерк жанрында адамның жеке өмірі қамтылып қана қоймай, оның қоршаған ортаға деген қарым-қатынасы көрсетіледі.

Фотокорреспонденция – фотопублицистика жанрына жатады. Бұл жанрдың фоторепортаждан айырмашылығы, мұнда болған оқиға толықтай қамтылмаса да, оқиғаның шығу себеп-салдары анықталып, нақты мәліметтерге сүйеніп барлау жасалады. Фотокорреспонденция сараптама сөз жүзінде емес көрініс арқылы жасалады. Мысалы фотожурналист монтаждау амалы арқылы мән-мағынасы бұлдыр екі фотосуретті салыстыру арқылы ойтұжырым жасауға мүмкіндік береді.

Фотомонтаж – бірнеше фотосуреттерді біріктіріп иллюстрация немесе негізгі ойды меңзейтін фотосурет жасау. Осындай амалдармен құрастырылған суреттер газет-журналдардың мерекелік беттерінде жиі қолданылады. Ал бүгінгі заманғы компютерлік техниканың шексіз мүмкіндігі фотомонтаж жасаудың түрлі бағдарламаларын қолданысқа енгізді. Мысалы: Adobe Photoshop, Corel Photo-Paint, GIMP (2).

Бақылау сұрақтары:

1. Фотожурналистиканың бүгінгі БАҚ-тағы маңыздылығы. 2. Негізгі жанрларының түрлері қандай?

3. Фоторепортаж жанрынынан фотоочерк жанрының айырмашылығы неде?

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Березин В. М. Фотожурналистика, учебное пособие для вузов. Рудн, 2009.

2. Козыбаев С. К. А.:Словарь справочник, Масс – медиа Академия журналистики Казахстана. Алматы, 2007.

1.9.1 Фоторепортердің кәсіби әдебі мен ережелері

Фоторепортерге қойылатын басты талап қызықты сюжет жасау. Болып жатқан оқиғаны сурет арқылы көрерменге дұрыс жеткізу. Ең жақсысы, сюжет өткір, әрі көрермендер арасында талқылынатындай болуы керек.

Көп жағдайда жұмыс барысында түсініспеушіліктер туындауы мүмкін. Мұндай жағдайдан сақтану үшін фоторепортер «Фоторепортердың кәсіби әдебі мен ережелерін» білуге және сақтауға тиіс!

Фоторепортердің абыройы оның әдеп қағидаларына негізделген.

Фоторепортер өзінің түсірілімін жақсарту мақсатында, болып жатқан оқиғаға кедергі жасамауы керек. Оның суреттері шынайы, оқиғаны бейнелеп көрсетіп тұруы қажет. Фоторепортер жұмыс барысында сабырлы, батыл, ұстамды болып, жалпы эстетикалық нормаларды сақтауы қажет.

Фоторепортердің негізгі жетістіктерін анықтайтын ережелер төменде келтірілген:

1. Іс-шара болатын жерге ертерек (кем дегенде, 45-60 мин басталғанға дейін) келу қажет. Алдымен тіркелу, сонан соң өзінің түсірілімін жасау үшін қолайлы жер табу керек.

2. Іс-шараға алып баратын құрал-жабдықтары түгел болуы тиіс, сонымен қатар болатын жағдайды алдын-ала елестете білуі қажет.

3. Ұйымдастырушылармен ынтымақтастықта болуға тырысыңыз.

4. Сыпайы болу керек. Өйткені көп шағым жасайтын, ыңғайсыз жағдай туғызатын фототүсірушілерді келесі жолы шақырмауы мүмкін.

5. Кейбір жағдайда фототүсірілімге қолайлы орын үшін талас болуы мүмкін. Мұндай кезде ұстамды болыңыз. Егер сыпайы түрде сұрасаңыз, әріптестеріңіз сізге қолайлы орынды өздері тауып берулері ғажап емес. Ол үшін БАҚ-тың басқа да өкілдерімен достасуыңыз қажет.

6. БАҚ-тың алдында өз міндеттеріңізді әрқашан ұқыпты орындаңыз.

7. Фоторепортерлерге белгіленген аймақтан шықпаңыз. Болып жатқан процесті немесе бір өкілдің сөзін ешқашан сынамаңыз.

8. Бір суретті түсіру үшін алдын-ала ойланыңыз. Бұл суретпен сіз нені жеткізгіңіз келеді деген сұраққа жауап болуы тиіс.

9. Шыдамды болыңыз! Түсірілім кезінде басқалардың орын ауыстыруына кедергі жасамаңыз. Келесі жолы олар да сізге қолайлы жағдай жасайды.

10.Егер сіз фотосуретті коммерциялық мақсатта қолданданбауға сөз берсеңіз, сөзіңізде тұрыңыз.

11.Өзіңізден кейін жинастыруды ұмытпаңыз (пленка қабығын немесе басқа да қоқыстар).

12.Адамдарды әшкерелейтін суреттерді ешқашан түсірмеңіз. Мысалы: сахнаның артында, шешінетін бөлмелерде. Бір сөзбен айтқанда, қолыңызда бар артықшылықты жөнсіз пайдаланбаңыз.

13.Әрдайым есіңізде болсын! Сіз көрермен емес фоторепортерсіз!!!

1. Фоторепортажға мүлдем тыйым салынған жағдайлар:

-арнайы әуе жолдарда (қарапайым жолаушыларды тасымалдаудағы фоторепортаж жатпайды)

-Қорғаныс министрі қызметкерлерін тасымалдауда

-әскери теңіз порттарында

-жабық түрде өтетін үкімет, парламент жиналыстарында

2. Фоторепортажға рұқсат алуға қажет жағдайлар:

- сот мәжілістерінің залындағы фоторепортажға рұқсатты, сот төрағасынан алу қажет;

-белгілі бір орындардағы фоторепортажға сол жердің әкімшілігінен алу қажет;

-кеден аумағында фоторепортаж жасау үшін рұқсат кажет;

-мәдени байлықтарды сақтайтын нысандарда, мұражайларда, т.с.с жерлерде рұқсат кажет.

3. Фоторепортажға рұқсат алу қажет емес жағдайлар:

Қоғамдық орындарда:

-мемлекеттік және муниципалдық (жергілікті) органдар аумағында;

-алаңдарда (Тәуелсіздік алаңы, Орталық алаң);

-көшелерде, даңғылдарда, т.б.;

-саябақтарда, орман аумағында;

-теміржол, метро;

4. Фоторепортажға кедергі келтірілмесе, еркін жасалатын жағдайлар:

-БАҚ-қа арналған іс шараларда (ұйымдастырушылар ең болмаса, ауызша түрде тыйым салмаса);

-дербес аймақтарда (банктер, зауыттар, сауда орталықтарында);

-жеке үйлерде, жеке жер учаскелерінде;

-клуб, мейрамхана;

Көп жерлерде «Фоторепортажға рұқсат жоқ» деген арнайы белгілер болмаса, фоторепортаж еркін түрде жасала береді. Сонымен қатар меншік иесі қарсы болмаса.

5. Қоғамдық орындарда адамдарды суретке түсіру:

Еркін орындалатын жағдайлар:

-пресс-конференцияларда;

-өрт сөндіруші, дәрігер, басқа да құтқару бөлімінің қызметкерлерін өз жұмысын атқару барысында;

-іс-шараға қатысып сөз сөйлеушілерді;

-Іс-оқиғамен тығыз байланысты адамдарды;

-түсірілімге кездейсоқ түсіп қалған адамдарды, егер қарсылығын білдірмесе (бетін қолымен жауып нмесе басқа да қылықтарымен).

1.10 Фотосуреттерді өңдеу

Фотомонтаж – бірнеше фотосуреттерді біріктіріп, иллюстрация немесе негізгі ойды меңзейтін фотосурет жасау. Осындай амалдармен құрастырылған суреттер газет-журналдардың мерекелік беттерінде жиі қолданылады. Ал бүгінгі заманғы компьютерлік техниканың шексіз мүмкіндігі фотомонтаж жасаудың түрлі бағдарламаларын қолданысқа енгізді. Мысалы: Adobe Photoshop, Corel Photo-Paint, GIMP.

Adobe Photoshop графикалық бағдарламасымен жұмыс жасау

Adobe Photoshop–суреттерді, мәтіндерді өзгертуге, түрлендіруге, сақтауға арналған ең танымал графикалық бағдарлама болып табылады. Adobe Photoshop графикалық бағдарламасы түстер политрасымен жұмыс істеуге, суреттерді енгізуге және шығаруға, контурларын ерекшелеуге, түс таңдауға, сурет фильтрін таңдауға, өлшемі мен кеңейтілімін өзгертуге, суреттерді түстендіруге және басып шығаруға мүмкіндік береді. Adobe Photoshop интерфейсі бағдарламасымен өзара әректтесу әртүрлі деңгейдегі қолданушыларға арналып ойластырылған. Бағдарламамен жұмыс істеу командаларды тышқанды басу арқылы жүзеге асыру және пернетақтада белгілі бір перне комбинацияларын басу арқылы операцияларды жүзеге асыру. Операцияларды жүзеге асырудың екі түрі де бір-бірінен оңайлығымен және функцияны орындау жылдамдығымен ерекшеленеді. Әдеттегідей бағдарламамен енді жұмыс істеуді бастаған адам «мәзір» (меню) арқылы жұмыс істегенді таңдайды.

Adobe Photoshop бағдарламасының түс үлгілері

Adobe Photoshop бағдарламасындағы кез келген сурет растрлық болып табылады. Ол сканер арқылы енгізілсін, басқа бір бағларламадан енгізілсін немесе фотошоп бағдарламасы арқылы жасалсын ол – растрлық болып табылады. Растрлық суреттер кішкене тік төртбұрышты түстер қосындысынан тұрады. Әрбір нүкте пиксель деп аталады. Ол белгілі бір түсті немесе реңді көрсетеді. Пиксельді суретті үлкейту арқылы пиксельдерді бөлек-бөлек өзгертуге болады (3).

Сурет түсін жаңалау

Өзгерту керек суретті ашыңыз. Оның кеңейтіліміне мән беріңіз. Ctrl+O пернесін басып, суретті орналастырыңыз. Одан кейін суретті RGB моделінен Grayscale (сұр градациясы) үлгісіне ауыстыру керек. Ол үшін Image мәзірінен Mode>Grayscale (режим сұр градациясы)

Суретті Lab Color үлгісіне ауыстырғаннан кейін L (жарықтық) каналын айрықшалау. Компьютерлік графика мамандары көбіне, екінші амалды қолданған дұрыс дейді. Image>Mode>Grayscale (сурет-режим-сұр градациясы) «Discard color information» (түс туралы ақпаратты алып тастау) терезесі шығады. «ОК» басыңыз. Суретті сұр градациясы үлгісіне ауыстырамыз. Осы кезде сурет көлемі бірнеше есеге кішірейеді.

File>save as (файл-сақтау) мәзірін басу арқылы суретті PSD форматында сақтаңыз. Осы кезде сурет түсі бастапқыдан қараңғылау болады. Бұл суреттің реңін келтіру үшін керек. Суретті сканер арқылы өткізгендегі жылтыр түс кетеді.



Пуск-Программы- Adobe Photoshop

Adobe Photoshop бағдарламасы мынадай терезе элементтерінен: тақырып жолынан, мәзір қатарынан, құралдар параметрлерінің тақтасынан, құралдар тақтасынан, палитрадан, қалып-күй қатарынан тұрады.

Adobe Photoshop терезесінде жаңа құжат құру үшін «файл-новый» командасын орындап, ашылған сұхбат терезеде «имя» өрісіне құжаттың аты жазылады да, «ширина», «высота» өрістерінде құжат парағының ені мен ұзындығы енгізіліп, «ОК» батырмасы шертіледі. Ал құжатты сақтау үшін «файл-сохранить» командасын орындау керек.

Adobe Photoshop бағдарламасында 51 құрал орналасқан, осы құралдар негізгі жұмысты атқарады. Құралдар параметрлерінің тақтасында әрбір таңдалған құралды баптаудың барлық өзгерісі көрсетіледі. Adobe Photoshop бағдарламасында түстер үлгісін өзгерту үшін «изображение –режим» командасын орындап ашылған тізімнен өзімізге қажетті үлгіні таңдаймыз. Бейненің масштабын өзгерту үшін мәзір жолынан «изображение - размер изображение» командасын орындап ашылған сұхбат терезеге бейненің ені мен ұзындығының өлшемдерін беріп, «ОК» батырмасын шерту керек.

Мәзір жолы терезе атауының төменгі жағында мәзір жолдары орналасқан. Ол құрамына редактордың негізгі мәзір атауларын қамтиды (1).

Қандай да бір мәзір командасын таңдау үшін, оның үстінен тышқанмен шертсе болғаны. Егер соңында көп нүктесі бар команданы орындасақ, экранда диалогты терезе немесе диалог ашылады. Ол жерде сіз кейбір атрибуттарды көрсетіп кетуіңізге тура келеді. Мысалы, файл мәзірінің «открыть» командасын таңдаған кезде құжаттары бар диалогты терезе ашылып, керекті құжатты таңдап салуыңызға болады. Әртүрлі мәзір

көмегімен бірнеше мәселелерді: файл-файлдармен жұмысты, құжаттарды құруды, ашу және сақтауды, баспаға жіберу және оны ұйымдастыруды, құжаттарды импорттау және экспорттауды, құжат жайлы ақпаратты теруді, редактордан шығуды, бейнелерді автоматты өңдеуді шешуге болады.

Правка – редакторлау, таңдап алынған салаларды көшіру, өшіру және орнату, іс қимылдарды кері қайтару, бөлінген салаларды трансформациялау. Изображение – бейнелермен жұмыс істеу, дубляж жасау, холст өлшемдерін және бейнені өзгерту, оны айналдыру, ақ-қара түсті және түрлі-түсті коррекция, түстік үлгіні өзгерту, түстік қақпанды құру және т.б. Слой – қабаттармен жұмыс құру, өшіру, дубляж қабаттар эфектісі, қабаттарды топтау, байланысқан қабаттарда нысандарды реттеу, қабаттар маскалары және т.б.

Выбор – бөліп алулармен жұмыс, бейнені толығымен бөліп алу, бөліп алуды алып тастау және қайтару, бөліп алуды инвенторлау және трансформаторлау, қысу, жиілік мүмкіндігі, берілген түстің аймақтарын бөліп алу, бөліп алуды жүктеу жане сақтау.

Фильтр – Photoshop фильтрлары. Вид – редактордың сыртқы келбетімен жұмыс, құжатты көрсету режимдері және масштаб, бағыттауыштарды, торларды, координатты сызықтарды көрсету, бағыттауыштарды құру, торға және бағыттауыштарға байланыстыру.

Окно – әртүрлі құжаттармен бір уақыттағы жұмыс немесе әр терезеде бір құжатпен жұмыс істеу, экранға құралдар панелі мен өзгермелі палитраларды шақыру (2).

Помощь – қолданушыға арналған көмекші құжаттарын ашу.

Бақылау сұрақтары:

1. Adobe Photoshop графикалық бағдарламасының мақсаты.
2. Пиксель дегеніміз не?
3. Adobe Photoshop бағдарламасында неше құрал орналасқан?

Пайдаланылған әдебиеттер

1. ИТАР – ТАСС. М.; 2004.
2. Эрл М. Фотография. М.: Мир,1998.
3. Литвинов Н.Н. Я люблю цифровую фотографию, учебное пособ. М.; 2002, 448.

1.11 Авторлық құқық

Авторлық құқық шығармашылық қызмет нәтижесі болып табылатын ғылым,әдебиет және өнер туындыларына олардың бағытына,мазмұны мен маңызына,сондай-ақ оларды білдіру әдісі мен нысанына қарамастан

қолданылады.Автор – шығармашылық еңбегімен туынды жасаған жеке тұлға.

Авторлық құқық нысандары: 1) әдеби туындылар (әдеби-көркем,ғылыми,оқу,публицистикалық және т.б.); 2) драмалық және музыкалық-драмалық туындылар; 3) сценарийлік туындылар; 4) хореография және пантомима туындылары; 5) мәтінді және мәтінсіз музыкалық туындылар; 6) аудио-бейне туындылар,(кино,теле және бейне фильмдер,диафильмдер және басқа кино,теле туындылар) радио туындылар; 7) кескіндеме,мүсін,графика туындылары мен басқа да бейнелеу өнерінің туындылары; 8) қолданбалы өнер туындылары; 9) сәулет,қала құрылысы және бау-саябақ өнері туындылары;10) фотосурет туындылары және фотосуретке ұқсас әдістермен алынған туындылар жатады.

Авторлық құқықтың пайда болуы мен жүзеге асырылуы үшін туындыны тіркеу,туындыны өзге де арнайы рәсімдеу немесе қандай да болсын шарттылықты сақтау талап етілмейді.Өздерінің айрықша мүліктік құқықтары туралы хабарлау үшін автор және (немесе) құқық иеленуші авторлық құқықты қорғау белгісін пайдалануға құқылы,ол белгі туындының әр данасына қойылады және міндетті түрде: 1) қоршауға алынған латынша «С» әрпі;2) айрықша авторлық құқықтар иесінің есімі (атауы); 3) туындының алғаш жарияланған жылы сияқты үш элементтен тұрады.

Авторлық құқықтың қолдану мерзімі. Авторлық құқық, негізінде, автордың бүкіл ғұмыры бойы және қайтыс болғаннан кейін елу жыл бойы күшін сақтайды.Өсиетті орындаушы тағайындайтын тәртіп бойынша автор өзі қайтыс болғаннан кейін өзінің авторлық құқығын,есімінің құқығын және өзінің беделін сақтау құқығын қорғауды жүктейтін адамды көрсетуге құқылы.Ол адам өз өкілеттігін өмір бойы атқарады.Мұндай нұсқаулар болмаған жағдайда автор қайтыс болғаннан кейін оның авторлық құқығын,есімінің құқығын және беделін қорғау құқығын қорғауды оның мұрагерлері,егер мұрагерлері жоқ болса немесе олардың авторлық құқығы

тоқтатылса,Қазақстан Республикасының мұндай қорғауды жүзеге асыратын уәкілдік берілген органы жүзеге асырады.

Пайдаланылған әдебиет

Оспанов Қ.И. Құқық негіздері Алматы: Жеті жарғы, 2010.

Жеке бастың құпиясын сақтау құқығы (144-бап)

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі

Қазақстан Республикасы Парламент Үйі,

1994 жылғы 27 желтоқсан N 269-XIII

1.Азаматтық жеке бас құпиясын,оның ел ішінде хат алысу,телефон арқылы сөйлесу,күнделіктер,естеліктер, жазбалар,ішкі жан сыры,бала асырап алу,туу құпиясын,дәрігерлік,адвокаттық құпияны,банктік салымдар құпиясын сақтауға құқығы бар.

Жеке бас құпиясы заң құжаттарында белгіленген реттерде ғана ашылуы мүмкін.

2.Күнделіктерді,жазбаларды,естеліктерді және басқа құжаттарды жариялауға-олардың авторының келісімімен,ал аттарды олардың авторы мен алушының келісімімен ғана жариялауға жол беріледі.Олардың қайсыбірі қайтыс болған жағдайда аталған құжаттар қайтыс болған адамның артында қалған жұбайының және балаларының келісімімен жариялануы мүмкін.

Өз бейнесіне құқық (145-бап)

1.Қандай да бір адамның суреттік бейнесін,оның келісімінсіз пайдалануға ешкімнің де құқығы жоқ.

2.Басқа адам бейнеленген бейнелеу туындыларын (сурет,фоотосурет,кинофильм және басқалар) бейнеленген адамның келісімімен,ол қайтыс болғаннан кейін,оның балалары мен артында қалған жұбайының келісімімен ғана жариялауға,қайта шығаруға және таратуға жол беріледі.

1.12 Зертханалық сабақтар

1. Алғашқы фототүсірілім және фотоаппарат.

Мақсаты: Студенттерді алғашқы фототүсіріліммен және фотоаппараттың (қара жәшік) құрылысымен таныстыру.

Құрал-жабдықтар; Фотосурет және сызба үлгісі.

2. Үлдірлі яки пленкалы және сандық фотоаппараттардың жұмысы.

Мақсаты: Үлдірлі фотоаппараттың қолданылуы мен таныстыру және сандық фотоаппарттың мүмкіндіктерін ашып көрсету.

Құрал-жабдықтар: Үлдірлі фотоаппарат,(негатив,слайд) сандық фотоаппарат(флешка,Usb, compact Flash)

3. Фотоаппарттың құрал-жабдықтарымен таныстыру.

Мақсаты:Студенттерді негізгі құрал-жабдықтарды пайдалана отырып фотоаппаратты іске қосу, түсіру.

Құрал-жабдықтар: Қалқалағыш (Бленда), фильтр (сәулесүзгі) , үштаған, сөмке,батареялардың түрлері және тазалау жабдықтары.

4. Жарық жабдықтарымен (табиғи және жасанды) жұмыс .

Мақсаты: Жарқылдақ(лампа, вспышка) және шағылыстырушы құралдарды пайдалануды үйрету.

Құрал-жабдықтар: Фотокамера, шам, жарқылдақ, үштаған.

5.Фоторежимдермен (диафрагма (әйнеккөз аясы), выдержка (ұсталым), суретке түсіру.

Мақсаты: Диафрагма (әйнеккөз аясы), мен ұсталымның атқару қызметімен таныстыру және оларды пайдалана отырып, қол режимінде түсірілімдер жасау.

Құрал-жабдықтар: Фотокамера, әйнеккөз түрлері, үштаған.

6. Портрет және натюрморт жанрларындағы түсірілімдер.

Мақсаты: Университет аумағында жеке және топтық портреттер мен табиғат көріністерін түсіріп үйрену.

Құрал-жабдықтар: фотокамера, әйнеккөз түрлері, үштаған, жарқылдақ.

7. Әртүрлі ракустардан түсіру, түсірілім нүктелерін таңдау.

Мақсаты: комозицияның негіздеріне сүйене отырып сәтті, әрі сапалы суреттер түсіруге үйрету.

Құрал-жабдықтар: фотокамера, әйнеккөз түрлері, жарқылдақ.

8. Әйнеккөздерді алмастыру және оларды шаң-тозаңнан тазалау.

Мақсаты: Қауіпсіздік шараларын қолдана отырып, әйнеккөздердің ішкі және сыртқы беттерін спиртпен, арнайы заттармен тазалауды үйрету.

Құрал-жабдықтар: шаң үрлегіш, спирт, ленспи, арнайы щеткалар.

9. Студиядағы түсірілім (құжатқа,портретке).

Мақсаты: Студенттерді жеке-жеке құжатқа түсіру әдістерін үйрету (фонды, әрі киімді, пішінді дұрыс таңдау).

Құрал-жабдықтар: Фотокамера, жарық түрлері, шам, жарқылдақ, үштаған, 50 мм. әйнеккөз.

10. Ақпараттық, публицистикалық жанрлар бойынша түсірілімдер.

Мақсаты: Фотожурналистика жанрларының негізгі топтарын пайдалана отырып фоторепортаж және фотоочерктер түсіру (университет аумағында).

Құрал-жабдықтар: фотокамера, жарқылдақ.

11. Фотошоп бағдарламасымен жұмыс жасау (өңдеу,фотоколлаж).

Мақсаты: Түсірілген фотосуретті басылымға дайындау әдістерімен таныстыру, пішінін реттеу, сапасын жақсарту және бірнеше суреттерден фотоколлаж жасау.

Құрал-жабдықтар: Компьютер, фотошоп бағдарламасы.

12. Фотографияға түсіру мәдениеті (көшеде, көпшілік орындарда).

Мақсаты: Фотожурналистерді кәсіби әдепке үйрету.

Құрал-жабдықтар: фототүсірілімдерге арналған арнайы киімдер, қызметтік құжаттары.

2-бөлім. Қосымша материалдар

2.1 Фотография тарихын зерттеуші

Қызығушылықпен және мұғалімдік жұмысыма септігі тиер деген үмітпен 1957 жылы 30 сәуірде «Смена» фотоаппаратын қолға ұстадым да, сурет түсіре бастадым. Кітапханашы-библиограф болғандықтан тиісті әдебиеттерді тез тауып, молынан пайдаландым. Бұл кезде жасым 35-те еді.

1959 жылдан әлемдік, ресейлік, кеңестік, қазақстандық фотография тарихын қарастыра бастадым. 1980-1992 жылдар аралығында фотосурет түсіру кәсібімен шұғылдандым. 1982 жылы «Лениншіл жас» газетінің бөлім меңгерушісі Жанболат Аупбаевқа Мардан Бәйділдаев жолығып, менің мекен-жайымды біліп, хат жазды. Біздер – Әлкей Марғұлан, Мардан інім Шоқан

ескерткіші қасында отырып әңгімелестік. Әңгіме кезінде Әлкей аға фотографтар, фотоальбомдар туралы егжей-тегжейлі сұрап отырды. Әсіресе, «Түркістан альбомы» мен ақмолалық фотограф И.Е.Кесслерге ерекше көңіл бөлді. Әңгіменің соңын ала Әлекең: «Қарағым-ау, бұрын қайда жүргенсің?» – деді де, неліктен Академияға келмегенімді, өздеріне неге жолықпағанымды сұрады. Мен Әбекеңе - Әбділдә Тәжібаевқа барғанымды, әңгімелесудің реті болмағанын айттым.

Әңгіме соңында Әлекең көп-көп рақмет айтып, «Табысты бол!» деп батасын берді.

Қазақстандық алғашқы фотографтар – ақмолалық И.Е.Кесслер, семейлік Старцева (аты-жөні белгісіз). Менің пікірімше, ол – декабрист Н.Бестужевтің қызы, Бестужев ұлы мен қызын досы Д.Старцевтің атына жаздырған. Сондықтан фотограф аты-жөнін жасырған, жазбаған. Менің бұл пікір болжамымды Кеңес Одағының ұлы ғалымы, менің сүйікті досым С.А.Морозов «Бұл өте құнды пікір, батыл болжам» деп мақұлдады. Басқа фотографтар қатарында семейлік А.Лейбин, орынборлық аты-жөні белгісіз фотограф, верныйлық П.Лейбин бар. Бұлар өз заманының әр қилы оқиғаларына үн қосып отырған. Сондықтан олардың түсірген суреттері түрлі альбомдарда жарияланған, аты-жөндері басылымдарда аталған. Бұлардан басқа, Бөкей ордасында Шәңгерей Бөкеев болған, ол тұңғыш қазақ фотографы еді. Шәуешекте (Шығыс Түркістан) М.А.Юсупов болды.

Әлемдегі ең бірінші фотоальбомдар 1844-1845 жылдары, ал, Ресейде 1859-1860 жылдары пайда болды. Түркістан өлкесінде (Қазақстанда) 1870, 1872, 1868, 1879 жылдары шыға бастады. Олар «Түркістан альбомы» (толық аты «Түркістан генерал-губернаторы К.Ф.Фон-Кауфманның «Түркістан альбомы»), «Орта Азия халықтары бейнесі» альбомы, Л.Полторацкаяның «Батыс Сібір адамдарының бейнелері мен табиғат көріністері» альбомы (негізі Семей, Өскемен аймағының суреттері), верныйлық П.Лейбин, ақмолалық И.Е.Кесслер альбомдары. Қазақстандық фотографтар суреттер жапсырылған «Россия халықтары костюмдері альбомы» – өзінше ерекше альбом...

Фотография 1839 жылы пайда болып, 1840-жылдары тарай бастады. Фотоаппарат алдында тұңғыш, суретке түскен қазақтар: Жәңгір хан әйелі Фатимамен бірге (1843 жыл, Орынборда), бала Шоқан (1847 жыл, Омбыда), Құнанбай әйелімен (1853 жыл, өз ауылында).

Сәкен Жәкеев, ұстаз, фотограф, библиограф-кітапханашы, фотография тарихын қарастырушы ғалым, журналист, соғыс және еңбек ардагері («Жас Алаш» газеті, 2004 жыл, 2 наурыз, №26).

2.2 Шәңгерей –халқымыздың алғашқы кәсіпқой фотосуретшісі

Өмір дерегін қағазда мәңгі қалдыратын жаңалық Ресейде тез тарағаны сонша, 1845 жылы көзі жұмылған Жәңгірдің өзі рәсімін қағазға тарттырып үлгерді. Фото өнерімен Екінші Николай, Лев Толстой шындап әуестенді. Шәңгерей 1901 жылы Петерборға барған сапарында тақ биігінен осындай фотоқұрылғының беруіне ие болғанын бұрын айтқанбыз. Елге келгеннен кейін ақын осы өнерді тез үйреніп алған, һәм суретті өзі арнайы жабдықтаған бөлек бөлмеде отырып шығарған. Қазіргідей тұрақты тоқ көзі жоқ, табиғи жарық күшіне сүйенген уақытта, әрі дала жағдайында сурет басып шығару оңай емес. Шәңгерей түсірген фотосуреттерден қазір қолда бары оншақты, бірақ, қай-қайсысы да химиялық талаптар дәлме-дәл орындалып, бейне сапалы, қалың ақ қағазға көшірілгендіктен өте жақсы сақталған.

Шәңгерей Бөкеевтің түсірген фотолары

Ақынның жастау кезінде өзге фотограф қолымен түсірілген өз бейнесі уақыт сынына төтеп бере алмай, ескіріп, қайта жаңғыртуға жарамай қалғанына қарағанда, Шәңгерейдің бұл өредегі шеберлігі заманында көп фотографтан жоғары тұрған. Немере қарындасы Мәдинаның айтуынша, ол келген қонақтар мен ағайын-туманы сирақты қара қобдиша алдында біраз уақыт тапжылтпай ұстайды екен. Бұл – фотографияны кәсіп емес, өнер деп ұққан адамның тірлігі. Себебі, шеберлік жетіле келе фотосуретші фотобейне арқылы нысанаға деген өзіндік қатынасын да білдіріп отырады. Мұндай көзқарасты әдетте суреттің қай нүктеден түсірілгендігіне, жарық пен көлеңкенің астасуына, нысан төңірегінің өкпені қыспайтын кең тынысты болып келуі мен нәрседен, заттан шашылып түсетін рефлекторға (фотопленер) және түсірушінің қас-қағым ұрымтал сәтті ұстай білуіне қарап бағамдаймыз. Шәңгерей фотосуреттерінің дені әлгіндей талап үдесінен шыққан. Соның арқасында бүгінгі біз осыдан ғасыр бұрынғы уақыт тынысын нақпа-нақ сезініп, Жазғы Орда, Қымыз Орда тәрізді көшпелі, һәм отырықшы мәдениет үлгілерін зерделеуге мүмкіндік алып отырмыз. Бақытжан Қаратаев, Жанша Сейдалин, Ғұмар Қараш, Ғабдол-Хакім Бөкейханов сияқты қайраткерлеріміз бен Мақар Жапарұлы сықылды өнерпаздарымыздың асыл бейнелерінің қағазға мәңгі бақи көшіріліп қалуының өзі қандай ғанибет!

Шәңгерей Бөкеевтің түсірген фотолары

Фото ісі – дүниені голографиялық тұрғыдан ауқымды бейнелеуге, яғни бүгінгі теледидарға алып келген жолдың басы. Ғасыр аяғында, сонымен бірге саз өнерінде де үлкен серпіліс болды – американдық өнертапқыш Томас Алва Эдисон 1877 жылы магнитті таспа арқылы дыбысты жазып алып, қайта естіртетін құрылғы ойлап тапты. Өнертапқыштың өзі «фонограф» деп атаған бұл дыбыс жазғыш музыка мәдениетінің тарихында тұңғыш рет үнді көркем туындыны таспаға тізіп сақтап қоюға, һәм бірнеше нұсқамен таратуға жол ашты.

Шәңгерей – Бөкей әулетінен ақ патша шарапатындағы дворян санатына қосылған екінші адам. Алғашқысы – Жәңгірдің өзі, ол бұл атаққа 1840 жылы, таққа отырғанына он жеті жыл толғанда ие болды.

1901 жылы Петерборда Бөкей хандығының құрылғанына 100 жыл толуына орай, үлкен салтанат өтіп, оған ішінде Шәңгерей де бар делегация барып қатысады. Сол жылы Шәңгерей Екінші Николайдың өз қолынан сыйлыққа фотоаппарат алған.

(*Фотосуреттер ақынның ұрпағы Шолпанай Аманжолованың жеке мұрағатынан алынды*)

Тәжімұратов Мақсат, Алматы: Өлке баспасы 1998

2.3 Қазақ баспасөзінің фотожурналистері

Рысқали Дүйсенғалиев (1916-2006)

КСРО Журналистер одағының мүшесі. Ұлы Отан соғысының ардагері. 1952 жылдан фототілшілікпен айналысты. Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері. Бірнеше рет республикалық деңгейде фотокөрмелері ұйымдастырылды. ТМД елдері мен шетелдерде өткен байқауларда көптеген жүлделерге ие болған.

Петр Редько (1906-1976)

«Лениншіл жас» (Қазіргі «Жас Алаш») газетінде ұзақ жыл, одан соң «Мәдениет және тұрмыс» журналында қызмет істеген. Сол заманның өр тұлғасын паш еткен әр суретте Петр Яковлевичтің жүрек жылуы бар еді.

Бекмұхамбет Тілекметов (1925-1970)

1943 жылы 18-ге толғанда әскерге алынып, 1950 жылға дейін қызмет етті. Кейін Қазақ университетінің журналистика факультетіне түсіп, оны 1956 жылы бітіріп шықты. Отыздан асқанда «Социалистік Қазақстан» қазіргі «Егемен Қазақстан» газетіне жұмысқа орналасты.

Нұрғожа Жұбанов (1929 жылы туылған)

1961-1990 жылдары «Қазақстан әйелдері» журналында қызмет атқарған. 1990-2000 жылдары «Шалқар», «Қазақ елі», «Заман Қазақстан», «Ұлан» газеттерінде қызмет етті. 1989 жылы Мәскеуде өткен КСРО фотосуретшілер одағының съезінде Қазақстан фотосуретшілер одағының бірінші хатшысы болып тағайындалды.

Қайрат Мұстафин (1932-2005)

Қарағанды қаласында, қазақтың классик жазушысы Ғабиден Мұстафиннің отбасында дүниеге келді. ҚР Журналистер одағының мүшесі. Ұзақ жылдар бойы Қазақ телеграф агенттігінде еңбек етті. Зейнетке шыққанға дейін «Өнер» баспасында қызмет атқарды.

Жүнісбек Пайызов (1930-2002)

«Білім және еңбек» қазіргі «Зерде» журналында қызмет атқарған. Негізінен Ұлттық академияның ғылыми зерттеу институттарының және жоғары оқу орындарының өмірінен фотосуреттер түсіріп отырған. Сондықтан да оның жеке мұрағатында Қазақстан ғылымының фотошежіресі хатталған деуге болады.

Сиез Бәсібеков (1936-2000)

Қазақ журналистикасында айшықты орны бар тұлға. Республикамызда фотожурналистер арасында алғашқы болып «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған. «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш»), «Егемен Қазақстан» газеттерінде қызмет атқарған.

Сайлау Пернебаев (1939-2007)

«Қазақстан мұғалімі», «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде жұмыс істеген. 1981 жылдан бастап зейнеткерлікке шыққанға дейін республикалық «Қазақ әдебиеті» газетінде қызмет атқарған. Оның газет беттерінде жариялаған фотосуреттері одақтық газет-журналдар конкурстарында 16 дүркін бас жүлдені жеңіп алған.

Дендірбай Егізов (1939-2007)

Қазақтың спорт фотожурналистикасының негізін қалады. Бір ғана басылымда – республикалық «Спорт» газетінде қызмет істеді. Бір ғана соқпақпен жүрді. Спорт фототілшісі болып өмірден өтті.

Нұрманбет Қизатұлы. 1941 жылы туылған

Қазақ фотожурналистикасының айтулы шеберлерінің бірі. Суретке түсірумен жастайынан әуестенген. Республикалық «Заң газетінде», одан соң зейнетке шыққанша «Жетісу» газетінде қызмет атқарған.



Алашыбай Есмағамбетов (1945-1996)

Әскерден кейін 1971-72 жж. аралығында қазақ радиосында редакторлық қызметтен бастап, кейін «Лениншіл жас» қазіргі «Жас Алаш» гезетінде секретариатта қызмет істеген. Жан-жақты талантын көрсете білді, оған қоса фототілшілік үлкен еңбегін атауға болады.



Рахымбай Ханалы (1951-2005)

Қазақ фотожурналистикасында өзіндік қолтаңбасын қалдырған Рахымбай Ханалы еңбек жолын «Қазақ әдебиетінде» бастап, «Ұлан», «Жас Алаш» газеттерінде жалғастырған. Ал өмірінің соңғы он шақты жылы еларалық «Қазақстан- Заман» газетімен тығыз байланысты.

Әскер Исақов (1941-2009)

Қазақ фотожурналистикасын зерттеуші. Ол сонымен қатар республикалық басылымдарда да қызмет етті. Өмірінің соңғы кездерінде Қ.А.Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіндегі филология факультетінің журналистика кафедрасында аға оқытушы болып жұмыс істеді.

Қазір ғылым мен техниканың қарыштап өскен шағы. Ол фототехниканың күрт өсуіне септігін тигізді. Бұрындары шетелдің фототілшілерінің қолынан ғана көретін Жапония, Америка Құрама Штаттарының шығарған осы заманғы озық фотоаппараттарына қызығатын уақыт өтті.

Қазіргі кезеңде заманауи сандық фотоаппараттарды игерген, республикалық басылымдарда қызмет атқарған және атқарып жүрген аға буын фототілшілер:

Берсінбек Сәрсенов. «Егемен Қазақстан» газеті. (Алматы)

Айтжан Салықұлы. «Айқын» газеті

Орынбай Балмұрат. «Егемен Қазақстан» газеті. (Астана)

Асылхан Әбдірайымұлы. «Жас Алаш» газеті.

Сайлау Майлыбаев. Парламент баспасөз қызметі.

Шүкір Шахай. Үкімет баспасөз қызметі.

Нұрғиса Елеубеков. «Алаш айнасы» газеті

Сарсенбек Қызайбекұлы. «Алматы ақшамы» газеті

Мақсат Құсайынов. «Түркістан» газеті

2.4 Фотоаппарат түрлері

Бүгінде сансыз көп фотоаппарат түрлері мен танымал өндірушілердің сапалы құралдары шығарылып жатыр. Олар типтері бойынша: айналы, екі объективті айналы, ұзақ өлшемді, шкалды, орта форматты, кіші және ірі форматты, сандық және т.б. Ал бүгінде әлемге танымал маркалар қатарына Agfa, Canon, Casio, Eastman Kodak , Fujifilm , Hama, Konica, Konica Minolta, Leica , Minolta, Nikon, Olympus , Panasonic Lumix , Pentax , Polaroid , Ricoh, Samsung, Sigma Corporation, Sony , Tamron, сонымен қатар КСРО-да шығарылған БелОМО, Арсенал, КМЗ, ЛОМО, ФЭД, Киев-Вега, Зоркий, Смена, Зенит, Юность, Кристалл сияқты аппараттар жатады. Олардың кейбіріне тоқталар болсақ:

Зенит – кеңестік кіші форматты бір объективті, одақтағы ең алғашқы айналы фотоаппарат. 1949 жылы шыққан «Зоркий» фотоаппараты негізінде дүниеге келген. Ондағы кадр көлемі 24х36 мм. 40-қа жуық үлгілермен шыққан аталмыш фотоқұрал – Красногор механикалық зауытының ең үздік тауары болып есептеледі. Бұл аппараттар үшін «Индустар-50» объективтері және оның ішіндегі ірі суреттер түсіруге арналған ұзын сақинасы қолданылған. Бұл үлгілер, яғни «Зенит-4», «Зенит-5», «Зенит-6» 135- типті фотопленкаларды пайдалануға арналған, әрі ауыстырмалы объективтермен жұмыс жасауға негізделген. Көпшілігі фокальді затвордың мата пердешелерімен немесе металды ламельдерімен пайдаланылады. Бұл фотоаппартаттың тағы бір ерекшелігі оның орталық затворы бар болуында. Зенит маркалы фотоаппараттар 1952 жылдан бері шығарылып келеді. Ал соңғы өнімдер қатарына 2001 жылы шыққан «Зенит-КМ» үлгісі. Ол электронды ламельді затвор арқылы және экспозициясы автоматтандырылған сандық басқарумен жұмыс жасайды.

Киев – Вега – миниатюрлі фотоаппараттар қатарына жататын бұл аппараттың пайда болуына «Minolta-16 (en)» үлгісі негіз болды. Оның көлемі 10х14 мм-ден аспайды. Бұл фотоқұралмен әртүрлі әуесқойлық сурет

түсіруге болады. Камерамен түсірілген негативтен сапалы кіші форматты (6х9 см) фотосурет басып шығара аласыз. Бұл форматқа фокустық қашықтығы 23,1 мм, «Индустар М» объективі орнатылған. Затвор жылдамдығы 1/30, 1/60, 1/200/ секундына тең. Жарқ етпе импульс лампамен затвордың барлық жылдамдығында сурет түсіруге болады.

Аппаратты түсірілетін жаққа айқындыққа келтіріп жатудың керегі жоқ. Өйткені объектив камераға 5 метрге дейін өте айқын түсіргендей етіп орнатылған. Аппараттың затворы мен пленкалы бұрау тетіктері бір-біріне байланысты. Затворды бұрау үшін объектив аппараттың корпусынан ілгері шығарылады. Осы кезде пленка да алға жылжып сурет түсіретін рамаға келеді. «Киев-Вегамен» 20 кадрлы сурет түсіруге болады. Диафрагмасы екі жапырақшалы болып келеді. Фотоаппарат қорапшасы металлдан жасалған, ал камера механизмі жарық өтпейтін қораптың ішкі жағында орналасқан.

Смена – 1939-1941 және 1953-1990 жылдар аралығында шығып тұрған, кеңестік кіші форматты шкалды фотоаппарат. 1970 жылдан бастап ЛОМО (Ленинградтық оптика механикалық бірлестік) өндірістік орталығымен бірлесіп шығарылады. Кадр көлемі 24х36 мм объективінің жарық қабылдағыш күші зор, 3 бөліктен тұратын 3 линзалы Триплет «Т-43» 4/40.

Жарық фильтрінің күші М35,5×0,5 -ге тең. Аталмыш маркалы фотоаппарат қарапайым одақ адамдарына арналғандықтан, бағасы да өте жоғары болмаған. Олардың мынадай түрлері бар: «Смена-2», «Смена-3» және «Смена-4», сонымен қатар, «Смена-М» мен «Смена-2М», «Смена-6», «Смена-8», «Смена-8М», өзге де үлгілерден – «Смена-Символ», «Смена-Рапид», «Смена-SL», «Смена-19» және «Смена-20». Барлық тектес үлгілер ортақ құрылымдық мәнге ие: сыртқы қорабы пластмассадан жасалған. Диафрагмасы f/4-дан f/16 дейін, ал затворы орталықтандырылған линза артында.

Любитель – одақтық орта форматты екі объективті ЛОМО бірлестігі 1950-1956 жылдар аралығында шығарған айналы фотоаппарат. Соғысқа дейінгі немістің Voigtländer Brilliant камерасына негізделіп жасалған. Кадрының көлемі 6х6, ал фотоматериал типіне қолданылатын пленка түрі 120 және 12 кадр түсіруге жарайды.

Сырты пластмассадан жасалған, жарық фильтрлерін сақтайтын арнайы ішкі бөлігі бар. Затворы орталық линзааралықта, ұсталым (выдержка) мөлшері 1/10, 1/25, 1/50, 1/100, 1/200 және «В». Ал 1959 жылдан бастап шығарылған аппараттарда — 1/15, 1/30, 1/60, 1/125, 1/250 және «В». Диафрагмасы f/22-ге дейін, ал объективі жарықтандырылған Триплет «Т-22» 4,5/75. Диафрагма мен ұсталымды қолмен реттеп отыру керек. Фокустық диапазон 1,3 тен бастап, шексіздікке дейін жалғасып кете барады.

ФЭД – кеңестік терең өлшемді Харьков машина жасау өндірістік бірлестігімен 1934 жылдан 1955 жылға дейінгі аралықта шығарылған. ФЭД фотоаппаратының атауы Феликс Эдмундович Дзержинский есімінің қысқартылған үлгісі. 1933 жылы Ф.Э. Дзержинский атындағы балалар еңбек

коммунасы шеберханасында немістің «Leica I» фотоаппараттарының негізінде алғашқы ФЭД аппараты құрастырылды. 1934 жылдан бастап, ФЭД-тің 1800-і жасалынып шығарылды. Бұл фотоаппараттар өзінің сенімділігі мен сапасы арқасында соғыста корреспонденция жүргізулерге қолайлы болған.

Аппарат орта форматты, орталықтанған затвордан тұрады. Аппараттар ауыстырылмайтын объективтен тұрады және олардың экспозициясы автоматты түрде басқарылады, мәселен: терең өлшемді «ФЭД-Микрон-2» және «ФЭД-35», шкалды фотоаппарат «ФЭД-50» мен стереоскопты «ФЭД-Стерео». Кадр көлемі 6х7, объективі «Гелиос-113» 5,6/85.

Canon **–** ұйым атауы будданың мейірімділік құдайы Каннонның құрметіне қойылған. 1934 жылы алғашқы 35 мм-лік Leica аппаратының затворына негізделген камера дүниеге келді. Көп уақыт өтпей-ақ «Asahi Camera» журналының маусымдық нөміріне діншіл Ёсида алғаш атаған «Кванон» фотоаппараты жөніндегі анонс жарияланды. Бірақ он аппараттың біреуі де сауда сөресінен орын алған жоқ. 1935 жылы 26 маусымда Утида фотоаппарат атауын «Canon» деп тіркеп, айына 10 фотоаппараттан шығарып тұрды. Соғыс жылдарында аппараттар қолдан қолға тимей сатылып жатты.

2010 жылы компания 120 мегапиксельді CMOS матрицалы APS-H өлшемін ойлап тапқанын хабарлады. Бүгінгі таңда Canon әлемнің 198 мемлекетін біріктіреді, жыл сайынғы тауар айналымы 29 млрд. АҚШ долларын құрайды. Оның сауда нарығындағы сатылымы ортақ табыстың 34,1% -ын компьютерлік жабдықтар мен принтерлер құрайды, телекоммуникациялық құралдар сату үлесіне 3,9% -ы тиесілі болса, фото және видеокамералардың сатылымы 20,4% , оптикаға 5,1% тиісті. Сандық айналы фотоаппараттарды қарапайым адамның қалтасы көтере алуына компанияның айтарлықтай көмегі болды. 2010 жылдың қорытындысы бойынша Canon маркалы фотоаппараттар әлемдік нарықтың 19%-ын алған, одан кейінгі орындарды Sony 17.9 % және Nikon (12,6 %) алып отыр.

Nikon- жапондық оптика мен бейнелерді өңдеудің электорнды қондырғыларын шығаруға негізделген компания. Аталмыш марка Mitsubishi Group-тың құрамына кіреді. Өндіріс оптикалық тауар өндіретін үш компанияның (Seisakusho, Iwaki Glass Co, Fujii Lens) бірігуінен пайда болған. Компанияның негізін қалаушы Когаку Когуо 1917 жылдың 25 шілдесінде Nippon Kogaku деген атау беріп, 1988 жылы қайта өзгерткен. Ұйымның президенті Митио Кария. Алғашында Nikon Жапонияның әскери флотына оптикалық құралдар шығарумен айналысқан.

Екінші дүниежүзілік соғыста компания 19 зауытқа көбейіп, 23 мыңға жуық жұмыскерлері болды. Соғыстан кейін азаматтық тұтынуға арналған тауарлар шыға бастады. Олар орта форматты екі объективті айналы фотоаппараттар (6х6) еді. 1946 жылы кіші форматты алғашқы 35мм Nikon бренді атауымен шықты. Одан кейінгі жылдары Nikon I бренді Гонконгке экспорттала бастады. 1950 жылы Nikon S фотоаппараты пайда болды. Ал осы жылдың шілдесінен 1951 жылдың қаңтарына дейін созылған корей соғысында американдық журналист Дэвид Дуглас Дункан Nikon S-ті қолданады. 2010 жылғы нәтиже бойынша Nikon фотоаппаратура нарығында үшінші орынды иемденсе, сандық айналы камералар бойынша бұл марка Canon-нан кейінгі 29,8 % -бен екінші орынды алады.

Samsung – халықаралық электроникалық тауарлар: жартылай өткізгіштер, телекоммуникация жабдықтарын, чиптер, ұялы телефондар мен мониторлар өндіретін компания. Ұйымның штаб пәтері Оңтүстік Кореядағы Сеулде орналасқан. «Самсунг» сөзі корей тілінде «үш жұлдыз» деген мағынаны білдіреді.

Өзге мемлекеттермен қосқанда ұйымның 124 кеңсесінде әлем бойынша 164 мың адамды жұмыспен қамтамасыз етеді. Samsung Electronics 1969 жылы Оңтүстік Кореяның Сувон қаласында Samsung Electric Industries атауымен жұмысын бастады. 2005 жылы компания алғаш рет өзінің нарықтағы бәсекелесі Sony-ды басып озды. Ал фотоаппарат қатарынан мысал келтірер болсақ, компания Samsung GX-20 сандық бір объективті айналы, 14 мегапиксельді матрицамен жабдықталған фотоаппарат шығарады.

Lumix– Panasonic сандық фотоаппараттарының туысы. Lumix маркасымен қарапайым өлшемді аппараттар ғана емес, сандық айналы камераларға дейін шығарылады. Бұл сурет түсіру құралдары немістің Leica брендімен өте ұқсас келеді.

DMC-FS: ультракомпактілі орта дәрежелі 2008 жылы қаңтарда шыққан фотокамералар үлгілері:FS3, FS5, FS6, FS7, FS10, FS12, FS15, FS20, FS25, FS30, FS33, FS35, FS37. DMC-FX: Ультракомпактті жоғары сапалы фотоаппараттар үлгілері: FX01, FX1, FX2, FX3, FX5, FX7, FX8, FX9, FX10, FX12, FX30, FX33, FX35, FX37, FX40, FX48, FX50, FX55, FX100, FX150, FX500, FX550, FX580. FX500 маркасы Panasonic Lumix-тің алғашқы сенсорлы экраны болып табылады

Konica Minolta– жапониялық әлемдегі жетекші фотоқұралдар мен факс аппараттарын, лазерлік принтерлерді, медициналық фотожабдықтарды және оптикалық тауарлар шығарумен айналысатын холдинг.

Компания 2003 жылы 7 қаңтарда жапондық Konica мен Minolta фирмаларының қосылуынан пайда болды. Компания алғашқы болып автофокусты жүйедегі интегрирлі фотоаппарат шығарса да, кейіннен үлкен төрттіктің ішіндегілерден соңғысы болып сандық айналы аппарат шығарды.

2.4 Әйнеккөз (объектив)

Әйнеккөз – шынайы оптикалық бейне тудыруға арналған оптикалық құрылғы. Оптикада жинақтайтын линзаға тең қарастырылғанымен, мүлдем басқа кескін беруі мүмкін. Әдетте, әйнеккөз өзара компенсацииаберрациялар мен ілдірік (жиектеме) ішіне жинақталған бірыңғай жүйеге есептелген линзалардың жиынтығынан тұрады (кейбір әйнеккөздерде - айналардан).

Әйнеккөзді фотоаппараттың ең маңызды және ең негізгі түрі деп әбден айтуға болады, себебі суреттердің сапасы оптиканың сапасына байланысты болады.

Әйнеккөз құрылғысы

Әйнеккөз бірнеше линзалар мен корпустан тұратын оптикалық жүйеден құралады. Осы элементтердің әрқайсысы күн сәулелерін дұрыс түсіріп, суреттерді нақты шығарып, абберацияларды болдырмауға көмектеседі. Ондай абберацияларға суреттің анық шықпауы, контрасттың төмендеуі немесе түстердің өзгеруі (хроматикалық абберация) жатады. Сонымен қатар дөңгеленген күңгірттік (виньетирование) немесе перспективаның бұрмалануы пайда болуы да мүмкін.

Әрбір өндіруші берілген жасандылықтарды минимумға дейін түсіріп, келеңсіздіктерді жоюға тырысады, сондықтан линзалардың құрылымын, олардың санын, корпустың диаметрін және т.б. өзгертеді.

Корпус барлық линзаларды ұстап қана тұрмайды, сонымен қатар бүкіл элементтердің бір-біріне қатысты дұрыс орналастырылуына жауап береді.

Әйнеккөздердің негізгі қасиеттері

1.Фокустық қашықтық – бұл алдыңғы линза әйнеккөзінен матрицаға дейінгі арақашықтық. Әйнеккөз арқылы сіз нысанды қаншалықты жақын көретініңізді көрсетеді. Аталған параметр әрдайым таспаның 35 мм эквивалентінде есептеледі және объективтің өзінде жазылады. Мысалы, 50-300 мм таңбалауы минималды фокустық арақашықтық 50 мм-ге (мұнымен бірге сіз өз көзіңізбен көргендегі бейені көресіз), ал максималдысы - 300-ге (мұндай зуммен алыстағы нысандарды қорықпай түсіруге болады, мысалы, концерт өтіп жатқан сахнаны).

2.Жарық күші және диафрагма – бұл параметр объективтен қаншалықты жарық өткізуге болатынын көресетеді. Фотоаппараттың жарық күші мықты болған сайын жарық аз жерде де сапалы суреттер түсіруге мүмкіндік бар. Әйнеккөздегі диафрагманың саны аз болған сайын оның жарық күші мықты екеніне мән беріңіз. Бұл параметр F әрпімен белгіленеді және әрдайым корпуста көрсетіліп тұрады. Мәселен, F/2.8 деген белгі диафрагманың мәні кез келген фокустық қашықтықта тиянақталған болып

қалатындығын білдіреді, сонымен бірге әйнеккөздің жарық күшінің мықтылығын білдіреді. Егер корпуста F/4.5-5.6 маркировкасы болса, демек диафрагма мәнісі фокустық қашықтыққа байланысты үнемі өзгеріп отырады.

Әйнеккөз түрлері

1. Тұрақты фокустық қашықтығы бар әйнеккөздер – атына байланысты мұндай әйнеккөздердің фокустық қашықтығы өзгермейді. Мұндай әйнеккөздер арзандау тұрады және түсірілімнің арнайы бір түріне арналған. Бұл әйнеккөзге Canon 50 mm F/2.8 әйнеккөзін жатқыза аламыз. Бұл портретті түсірілімнің керемет нұсқасы: 50 mm-ді құрайтын фокустық қашықтық ірі пландарды алуға мүмкіндік берсе, F/2.8 диафрагмасы артқы планды бұлыңғыр етіп, тіпті, жарығы аз жерлерде қысқа ұсталымдармен түсіруге мүмкіндік береді.

2. Ауыспалы фокустық қашықтықты әйнеккөздер немесе Zoom-объективтер – кең көлемде фокустық арақашықтығы өзере алатын әйнеккөз. Шыны керек, мұндай әйнеккөз түрі бір сәтте бірнеше әйнеккөздердің орнын баса алады. Себебі бұл объективтердің фокустық арақашықтығы ауытқып-ауысып отырады, мысалы 28 бен 135 mm арасы. Егер сіз бұл салаға жаңадан аяқ аттап бассаңыз, онда бұл өте ыңғайлы.

Тұрақты фокусты әйнеккөздер мен зумдар:

1. Кеңбұрышты әйнеккөздер (халық аузында «ширик»);
2. «Балық көзі»;
3. Портреттік әйнеккөздер;
4. Телеәйнеккөздер (халық аузында «телевик»);
5. Стандартты немесе китті әйнеккөздер;
6. Макро-әйнеккөз болып бөлінеді.

1. **Кеңбұрышты әйнеккөздер (халық аузында «ширик»)** – фокустық арақашықтың диапазоны 12-24 мм, 16-35 мм-ге тең.

Мұндай әйнеккөзді басқалардан айырып алудың басты ерекшеліктері бар: шолудың кең бұрышы және ашықтықтың (резкость) кеңдігі, себебі олар пейзаждық түсірілім мен шектелген аумақтағы түсірілімдерге арналған.

Мұндай әйнеккөзді сатып аларда, диафрагмасына назар аударыңыз, себебі сіз жасанды жарықты түсірудің қажеті жоқ немесе мүлдем тыйым

салынған бөлмелерде түсіруіңіз мүмкін, осындай жағдайда F/2.8 – дәрігердің тізіміндегі дәрідей қажетті.

Canon EF 16-35mm f2.8L II USM

Атауы**:** Кеңбұрышты әйнеккөз.

Фокустық қашықтық**:** 12-24 мм, 16-35 мм.

Арналуы**:** пейзаждық түсірілім, ғимаратта болатын жайттардың түсірілімдері, топтық түсірілім.

1. «Балық көзі» (англ.: Fish eye lens) – бұлай аталу себебі шыныдан жасалған дөңес элементінде. Қамту бұрышы 180 градустан тұратын өте кеңбұрышты әйнеккөз.

Бұрмалануының арқасында шығармашылық фотосуреттерді түсіруге қолданылады, жуан иілген айнаға қарағандай әсер қалдырады.

Шолудың кең бұрышы айналадағы бүкіл кеңістіктің жартысын кадрге сыйдырып алуға мүмкіндік береді. Егерде бастан-аяғына дейін бүкіл көкжиекті қамтып алғыңыз келсе, онда міндетті түрде «балық көзін» сатып алғаныңыз жөн.

Sigma AF 10 mm f/2.8 EX DC HSM Fisheye SA

Атауы: өте кеңбұрышты әйнеккөз – «балық көзі».

Фокустық арақашықтық: 10-17 мм.

Арналуы: панорамды түсірілім, шығармашылық және оригиналды фотосурет.

3. Портреттік әйнеккөздер – атына байланысты портреттік түсірілімге арналған.

Фокустық арақашықтық диапазоны – 50-130 мм, шолу бұрышы – 18-45 градусты құрайды. Әдетте, жарық күшінің мықты болуына байланысты ашықтықтың аз ғана тереңдігіне қол жеткізіп, түсірілім нысанын айқындап, артқы планды бұлыңғыр ете аласыз.

Canon EF 50mm f/1.2L USM

Атауы: Портреттік әйнеккөз

Фокустық арақашықтық диапазоны: 50-130 мм

Арналуы: портреттік, пейзаждық, интерьер түсірілімдері

4.Телеәйнеккөздер (халық аузында «телевик») немесе ұзынфокусты әйнеккөз – жойылған заттарды кәдімгі әйнеккөздердің ұлғайтуынан бірнеше есе үлкен ұлғайтумен түсіреді. Мұндай әйнеккөздерді фотографтар футбол матчтарын, концерттерді, жануарларды түсіреді, негізінен түсірілім нысанын жақыннан түсіруге мүмкіндік жоқ жерде қолданылады.

Фокустық арақашықтық диапазоны 75-300 мм, 90-300 мм, 100 - 400 мм және т.б. (400мм – шегі емес). Телеобъективтің іс-қимылы кең бұрышты әйнеккөздің іс-қимылына кері екендігіне мән беріңіз! Телеәйнеккөзде қамтудың бұрышы тар, сондықтан ол жалпы бейненің тек аз ғана бөлігін ала

алады. Фокустық арақашықтықтың кең екпінінің арқасында әйнеккөз көптеген түсірілімдердің түрлеріне жарамды.

Nikon 200-400mm f/4G ED-IF AF-S VR NIKKOR

Атауы: телеәйнеккөз (ұзынфокусты әйнеккөз)

Фокустық арақашықтық: 75-300 мм, 90-300 мм, 100-400 мм

Арналуы: портрет, топтық портрет, пейзаж, репортаж, жарнамалық сурет, т.б.

2. Стандартты/штатты (китті әйнеккөздер) – бұл фотоаппаратпен бір комплектте келетін әйнеккөздер. (Kit – «фотоаппарат +әйнеккөз»). Әмбебап болып келеді және түсірілімнің барлық түрлерін қамти алады: күнделікті сюжеттен таңғаларлық пейзаждарға дейін. Фокустық қашықтықтардың диапазоны – 18-55 мм. Аталған әйнеккөздің жалғыз минусы – жарық күшінің әлсіздігі. Әйтсе де, міндетті түрде стандартты әйнеккөзі бар фотоаппараттарды алыңыз, олар алғашқы қадамдарды жасауға көмектеседі.

Nikon 18-35mm f/3.5-4.5 D ED NIKKOR

Атауы: Стандартты немесе штатты (китті әйнеккөз).

Фокустық арақашықтық: 18-55мм.

Арналуы: портрет, топтық портрет, пейзаж, панорама, репортаж, жарнамалық сурет, т.б.

3. Макро-әйнеккөздер – нысанды 1:1 масштабтан бастап (табиғи көлем), 1:2 (табиғи көлем жартысы) масштабтарында түсіруге мүмкіндік беретін арнайы әйнеккөздер. Минималды фокусировкадан арақашықтығы қысқа болып келеді: мәселен, қарапайымдарында ол 25 см. болса, макроәйнеккөздерде бірнеше сантиметрді құрайды. Әдетте, бұл объективтер тек макро режимінде ғана емес, фокустық арақашықтың диапазонына байланысты басқа да режимдерде де түсіреді. Түсірілімнің бұл түріне арналған әйнеккөздерде macro маркировкасы болуы керек. Негізінде, бұл әйнеккөздер майда заттарды (мәселен, зергерлік бұйымдарды), жәндіктерді, гүлдерді, өсімдіктерді түсіруге арналған.

Canon EF 100mm f/2.8L Macro IS USM

Атауы: Макро-әйнеккөз

Фокустық арақашықтық: 17-200 mm

Арналуы: заттық түсірілім

2.5 Kodak. Nikon. *Canon*

Kodak: жасалу тарихы

Kodak компаниясы — сандық камераларды жасаушы ең үлкен өндірушінің бірі және жарық сезгіш матрицаларды жасап шығарушы өнеркәсіп.Оның 126 жылдық тарихы бар.Компанияны құрушы Джордж Истманға біз фотографияны тауқыметі қиын жұмыстан барлығына тиімді құбылысқа айналдырғанына құрмет білдіру керекпіз.

Джордж Истман 1878 жылы Рочестер Жинақ банкінде кіші кеңсе қызметкері болып жұмыс атқарады. Досы оған саяхатқа фотоаппарат алып шығуды ұсынған кезден бастап, ол фотографиямен "ауыра" бастайды. Истман сол кездегі ең заманауи фотокамераны сатып алады. Алайда, үйге келген кезде таудай үйіліп жатқан фотоаппараттардың жабдықтарын көріп көңілі түсіп кетеді. Фотоаппарат шағын толқынды пештің көлемімен бірдей болған. Оны тек қана ауыр ағаш таяныш ұстап тұра алатын. Оған қоса тағы химикаттарға толы қорапшалар саны өте көп. Сол кезде Истман ішінен "мына техниканың барлығын тек қана ат көтере алады" деді де үйде қалды. Саяхатқа бармай күні-түні үйінде фотографияның үдерісін қалай оңайтуға болатын ойластырды.



Джордж Истман — Eastman Kodak компаниясын құрушы

Kodak Brownie камерасы.

1888 жылы Джордж Истман әуесқой Kodak №1 камерасын жасап шығарады. Фотоаппарат баяғыша кішігірім қорап көлеміндей болды (осы

үшін оған "детективті камера" деген ат қойылды). Ол диаметрі 2,25 дюйм домалақ суретті пленкаға жібереді. Бұл жабдықпен нұсқауды дұрыс оқыған кез келген адам жұмыс істей алады. Нұсқаудың шарттарына:1) Камераны бағыттау; 2) Түйттікті басу; 3) Кілтті бұрау ; 4) Жіпті тарту жатты. Фотоаппарат таспасы 100 кадрға есептелген және 25 $ тұрған. Түсіріп болғаннан кейін сатып алушы таспаны аппаратпен қосып, Eastman Company, Нью-Йорк штатына жіберген. Ол жерде суреттерді шығарып,аппаратқа жаңадан таспа салған.Бұл үшін сатып алушы тағы 10 $ төлеген. Пайдалануға жеңіл әрі арзан фотоаппараттар үлкен сұранысқа ие бола бастады.

Сарыдағы қызыл. Истманның ең алғашқы камерасымен бірге Kodak атауы да пайда болды.Атаудың шығуы жайында көптеген нұсқалар бар,алайда, Истманның өзі: "Бұл сөзді өзім ойлап таптым.Менің ең жақсы көретін әріпім "К" әрпі.Ол маған мықты,әрі еске сақталатын болып көрінеді.Мен осы әріптен басталып,осы әріптен бітетін сөзді көп іздеп,ақыры Kodak атауына тоқтадым»,– деген.

Eastman Kodak логотипінің дамуы

Nikon — тек қана заманауи фототехниканы ғана емес фотографияны түгелдей өзгерткен ұлы компания. Үш жапон компаниясы қосылуының арқасында Nippon Kogaku K.K пайда болған кезде 1917 жылы 25 маусымда шартты түрде Nikon корпорациясы пайда болды. Оның ішіндегі бір компания 1883 жылдан бері жұмыс атқарып келген.Осы тұрғыдан алғанда Nikon корпорациясын немістің ең үздік фирмаларымен қатар қоюға болады.

Онымен қоса жапон өнеркәсібі Германиядан шақырылған инженерлерсіз болмады.Солардың бірі Генрих Ахт 1920 жылдары аэрофототүсірілімге арналған Flieger 500 мм f/4.5 атты компанияның ең алғашқы объективін құрастырды.Nippon Kogaku-дің басты өндіретін тауары

императордың соғыс-теңіз флотына арналып жасалатын оптикалық заттар болатын.

1931 жылы Nippon Kogaku ең алғаш рет өздерінің әскерге емес,қарапайым халыққа деген ортаформатты камераға арналған Anytar 120 мм f/4.5 объективін құрастырды. Carl Zeiss неміс концернасы жасаған классикалық Tessar сызбасы қолданылған. Ең қызығы 1930 жылдары Nippon Kogaku Hansa Canon фотоаппараттарына оптика шығара басталды. Осылай 70 жыл бұрын фототехника әлемінің инь және янь,яғни Nikon және Canon тарихы басталды.

Қара және сары

Компанияның алғашқы фотокамераларымен бірге Nikon атауы да пайда болды.Кезіндегі Kodak атауы секілді бұл атау да әріптерді қосу арқылы жасалған болар шамасы. Тағы да Nicca, Nikka, Nikoret, Niko, Nikkorette, Pannet, Bentax және тіпті Pentax деген нұсқалар бар болған!Соңғы нұсқа 11 жылдан кейін Asahi Optical айналы камерасына берілді. Ал Nippon Kogaku Nikon нұсқасына тоқталды.

Nikon брендіне қара және сары түстер байланды.Ал 2003 жылы корпорацияның заманауи логотипі жарық көрді.Онда фирманың түстік гаммасы сақталған.Ал ақ қисық сәулелер құрастырушылардың ойынша болашақты білдіреді. Сары түс – қиял мен шығармашылықты,қара – сенім мен сапаны көрсетеді.

2006 жылы фотоөндірушілердің арасындағы ең үлкен Nikon корпорациясы таспалы фотоаппараттарды өндіруден бас тартты. Көп уақыт бойы Nikon өздерінің кәсіпқой фотоаппараттарына үлкен форматты матрицаларды қоюға қарсы болды.

Сонда да 2007 жылы компания үлкен матрицалы кәсіпқой D3 топ-моделін шығарды. Бұл әлемдегі ең тез ойланатын сандық камера болып саналды.

Ал бүгінгі күнгі, соңғы өнімдерін айтар болсақ ол

Nikon D800 –2012 жылдың 6- шы қаңтарында шыққан.

- матрица толық, 36,2 мегапиксельді құрайды

- түсірілім уақыты (выдержка) 30- 1/8000 сек

- бейнетүсірілім

- сезімталдығы (ISO) 6400

- секундына 4 кадр

Canon. 1937 жылы негізі қаланған ұйымның фото, бейне түсіретін құралдар және ақпараттық технологиялар жасаудан әлем бойынша өзіндік

қолтаңбаға ие болды. Canon –ның бас кеңсесі Токио қаласында орналасқан. Ұйым өз жұмысын 1933 жылы Такикавая ғимаратының 3 қабатында орналасқан оптикалық зертхананың ашылуынан бастау алды. Бұл зертханада жапондық екі жас жігіт – Горо Ёсида мен оның күйеу баласы Сабуро Утида бірлесіп еңбек етті. Олардың мақсаты сол замандағы неміс фотоаппараттарынан кем түспейтін ең мықты үлгілер құрастыру болды. Сол уақытта белгілі камералардың құрылысын зерттеумен айналысқан оларды Утиданың жақын досы Такэси Митарай қаржыландырды. Бұлақтың көзін ашқан ол компания президентіне айналып шыға келді.

Ұйым атауы будданың мейірімділік құдайы Каннонның құрметіне қойылған. 1934 жылы алғашқы 35 мм-лік Leica аппаратының затворына негізделген камера дүниеге келді. Көп уақыт өтпей-ақ «Asahi Camera» журналының маусымдық нөміріне діншіл Ёсида алғаш атаған «Кванон» фотоаппараты жөніндегі анонс жарияланды. Бірақ он аппараттың біреуі де сауда сөресінен орын алған жоқ. 1935 жылы 26 маусымда Утида фотоаппарат атауын «Canon» деп тіркеп, айына 10 фотоаппараттан шығарып тұрды. Соғыс жылдарында аппараттар қолдан-қолға тимей сатылып жатты. 2010 жылы компания 120 мегапиксельді CMOS матрицалы APS-H өлшемін ойлап тапқанын хабарлады. Бүгінгі таңда Canon әлемнің 198 мемлекетін біріктіреді, жыл сайынғы тауар айналымы 29 млрд. АҚШ долларын құрайды.

Canon EOS 5D Mark III – 2012 жылдың 2-ші наурызында шыққан

- матрица толық, 22,3 мегапиксельді құрайды
- түсірілім уақыты (выдержка) 30- 1/8000 сек
- бейнетүсірілім
- сезімталдығы (ISO) 12800
- секундына 6 кадр

2.6 Алматыдағы тұңғыш фотостудия

XIX ғасырдың ортасы ауа қазақ жеріне Ресейден орыс шаруалары үдере қоныс аудара бастады. Сондай қоныс аударушы шаруа көшімен Семей шаһарына Томск губерниясынан Соломон Лейбин деген мұжық келіп, қазақ жеріндегі тұңғыш фотозертханасын ашады. Бүгінгі бізге жеткен Құнанбай әулетінің, Абайдың, Шоқан Уәлихановтың және жер аударылған Федор Достоевскийдің фотобейнелерін сол Лейбин түсіреді. Бірақ та бұл өте құнды фотолардың авторы жөнінде басқа да пікірлер бар. 1873 жылы Жетісу губернаторы Колпаковский сол Лейбинді Верный шаһарына алдырып, Штабной және Колпаковский (қазіргі Гоголь және Достық даңғылы қиылысы) көшелері түйіскен тұста қаладағы алғашқы фотостудия ашылады. Қазіргі тарихи кітаптардағы фотошежіре суреттердің көпшілігі Соломон Лейбиннің әулетіне тиесілі. Әкесінің ісін баласы Абрам, немересі Павел және шөберелері жалғастырып отырған. XX ғасырдың бас кезіндегі Жетісу өңіріндегі тарихи оқиғаларды және Верный қаласының өсіп-өркендеу бейнесін тарихта ойып орын қалдырған осы Лейбин әулеті. Сонымен қатар олардың фотобаяндары газет беттерінде де жарық көріп, тіпті, Санкт-Петерборда баспадан шыққан Жетісу өлкесі жайындағы ең алғашқы (открытка) фотобаянды да айшықтаған.

Алматыдағы тұңғыш фотостудия (кейін баспа үйі болған). 1887 ж.

Ш. Уәлиханов Ф.Н.Достаевскиймен бірге. Семей. 1858 ж.



Абай балалары Ақылбай (сол жағында) және Тұрағұлмен.

Абай туыстарымен. Отырғандар, солдан оңға қарай: Бәкизат, Тұрағұл, Әубәкір.
2-қатар: Абай, Еркежан, Кәмилә. Абайдың артындағы Мағауия
(Бұл суреттердің нақты авторлары мұрағатта көрсетілмеген)

Бұл мақаладағы фотосуреттер Орталық кинофотоқұжаттар және дыбыс жазбалар мұражайынан алынды.

2.7 Той-думан да – тәрбие мектебі

«Ең бірінші ерекшелігіміз, барлық жұмыстарымызды мемлекеттік, яғни қазақ тілінде, ата-баба дәстүрі аясында атқарамыз. Бұл – біздің негізгі бағытымыз, айнамыз.

Дүниежүзінің өркениетке ұмтылған барлық дамушы мемлекеттерінде әрбір шығармашылық салалар бойынша қоғамдық қорлар мен олардың құқын қорғайтын ұйымдар, бірлестіктер бар. 2009 жылдың аяғында Алматы қаласында той-жиындарда қызмет атқаратын фотографтар мен бейнеоператорлардың ұйымы құрылып, олардың Республикалық 1-форумы өтті. Сол жиынға тікелей өзім қатынасып, көп жайға куә болдым. Сол форумға қатысқан 150 адамның 8 пайызы ғана – өзіміздің қаракөз қандастарымыз. Осы сөздің өзі біздің ұлттық кадрларға мұқтаждығымызды көрсетеді. Әлгі кісілердің атқаратын қызметтерінің 95 пайызы қазақ қауымы үшін жасалады екен. Бұл – өзекті мәселе.

Той соншалықты жоғары кәсібилікті қажет ете ме екен деуіңіз мүмкін. Меніңше, оған бейжай қарау жараспайды. Өйткені өнер – қай жерде де өнер! Өзге ұлт өкілдерінің тәжірибесі басымдау, көркемдеушілік сапалық жағынан ілгері тұруы анық. Оған таласым жоқ. Дегенмен, олардың қазаққа қатысты

ұлттық салтанатты фото-бейнеге түсіру тұрғысынан келгенде сүйенуші көркемдік әдіс-амалдарының бәрі ресейлік дайын өнімдерден көшірілгені байқалады. Қазақ халқының өзіндік мәдениеті мен үлгі-өнегелік дәстүрлеріне олар пысқырып та қарамайды. Себебі, жылтырақ, ашық-шашық дүниелермен көзді арбайды. Бұған қарапайым тұтынушылар көп мән бере бермейді. Суреті анық, бояуы қанық келсе болды. Мәселен, тапсырыс берушілердің той-салтанаттарын өзге ұлттың өкілдері түсірсе, әрлеу тәсілдері кезінде әртүрлі Еуропа қорғандарын, шетел анимацияларын пайдаланады, олардан үзінділер алуға жүгінеді. Ойлап қарасаңыз, бұл – жат жұрттықтардың идеологиясын санамызға сыздықтатып сіңіру. Қазақ халқы: «Той – тәрбие мектебі» деп түсінген. Үйлену тойларындағы жас жұбайларды материал ретінде пайдалану үшін серуен кезінде қайта-қайта сүйістіру секілді жат әрекеттер кейбір жастарымызға қызықты боп көрінгенмен, өскелең ұрпақ пен ата-ана алдында тіпті, ұят дүниелер. Жасалып жатқан дүниелердің кез келгені жанымызға жақын болуға тиіс. Меніңше, бұл іске әзірлікті ең алдымен, ұлттық кадрларды дайындаудан бастауымыз керек! Өйткені жаңа дүниені меңгеру, үйрену бар жерде міндетті түрде еліктеу қатар жүреді. Сондықтан не нәрсе жасасақ та мазмұнынан ұлттық дүниетанымды, ұлттық айшық пен тілдік өрнекті жапсарластыра жасауымыз керек. Оны орындаушы азаматтар ұлттың тілі мен тарихын, салты мен мәдениетін терең меңгерген, ол туралы білімі бар болуы керек қой деп ойлаймын. Себебі, теле-бейне мен көркем суретті құрылғылардың бәрі де мәдениетті тасымалдаушы, жарнамалаушы құрал», – дейді студия басшысы Оңғарбек Есенбайұлы Алхаров.

2.8 Сәулеттік (архитектура) жанры

Сәулеттік (архитектура) жанрды тарихтың өзінің даму жолында қойып кетіп жатқан белгілері деп атасақ болады. Біздің өміріміздің бір бөлшегіне айналып кеткен ғимараттар мен құрылыстар фото түсірілім үшін ең қолжетімді нысаналар болып табылады. Сәулеттік стиль өзінің ерекшелігі, қайталанбастығы, тарихи құндылығы арқылы фотошебер үшін өзінің шығармашылық ойын білдіруге зор мүмкіндіктер береді. Сонымен қатар, дәл осы сәулет туындылары өзінің қозғалмайтындығы, фотоға жақсы түсірілетіндігі, әсемділігі себепті ең алғашқы фотографтардың назарын аударған. Дагеротипияның дүниеге келгеніне көп уақыт өтпей жатып алғашқы фотографтар әлемнің көптеген елдеріне барып әсем ғимараттарды түсіруді бастап кеткендігінен-ақ архитектуралық жанрдың ең тұңғыш фото жанрлардың бірі екендігін көреміз.

Сәулеттік фотография – негізгі нысанасы сәулеттік құрылыстар болып табылатын фотография жанры. Бұл жанрды екіге бөліп қарауға болады.

Деректі сәулеттік фотография. Бұл фотографияның мақсаты түсірілейін деп жатқан нысанды немесе оның деталін көрсетіп, деректі сурет алу үшін түсіріледі. Бұл түсірілімнің негізгі мақсаты ғимараттың пішінін, әрбір деталін өз қалпында беру.

Көркемдік сәулеттік фотография. Бұл бағыттың құндылығы түсірілейін деп жатқан нысананың нақты пішіндерін көрсету емес, оны көркем шығарманың негізі ретінде алу болып табылады.

Сәулеттік жанрда түсіретін фотограф үшін ең маңыздысы ерекше ритм, сәулеткердің сол құрылыстардың үйлесімділігін (кейде үйлеспейтіндігін көрсетіп) жақсы көрсете білгендігін, ғимараттың пішіні мен түсін, құрылыстың ерекше тұстарын объективке (фотоаппарат көзіне) ұстап алу, түсірілімге ең қолайлы нүктені тауып алу және ракурсты дұрыс таңдау болып табылады.

Сәулет жанрын түсіретін фотограф нақты әрі тұрақты нысанамен жұмыс істейтін болғандықтан өзге жанрларға қарағанда бұл жанрда белгілі бір сәтті уақытты күтпейсің. Қажет ғимаратыңды кез келген уақытта түсіруге мүмкіндігің бар. Алайда, сіздің түсіргіңіз келген ғимаратты сіз бірінші түсіріп жатпағандығыңыз есіңізде болғаны жөн. Әсіресе, ол әдемі, әрі тарихи құндылығы бар ғимарат болса.

Жақсы кадр алу үшін сәулеткердің туындысын түсіріп алумен шектелуге болмайды. Ол үшін ғимаратты өзге қырынан көрсетіп, ерекшеліктерін ашып көрсеткен жөн.

Архитектуралық жанрмен жұмыс істегенде ең бастысы түсірілімнің дұрыс нүктесін тауып алу қажет. Сол кезде сәтті ракурс пен әдемі план және ұтымды композиция құруға болады.

Түсіру нүктесі ғимаратқа дейінгі қашықтықты, оның жазықтықта орналасуын және биіктігін ескере отырып, анықталады. Нысананың көлемі мен ракурсы қашықтыққа тәуелді. Фотограф өзі түсіргелі тұрған нысанаға жақын болған сайын, ғимарат соғұрлым үлкен болып көрінеді.

Ал қалыпты фотокөз және ұзынкөзбен алыс қашықтықтан түсірсең, керісінше, кәдімгі үйреншікті, деректі сурет аламыз.

Суретке түсіретін аумақтың аздығымен қиындық туғызатын қалалық жағдайда ракурсты таңдау кең бұрышты және аса кең бұрышты фотокөздердің арқасында жүзеге асады.

Көптеген фотокөздердің қажет нысананы жақыннан толық қамти алмайтындығы фотографты қажет нүктені алыстан іздеуге мәжбүрлейді. Ең тиімді шешім *шифт-фотокөзді* қолданып, нысананы ұзынынан алу болып

табылады. Бұл фотокөзді көлденең ұстап түсіруге немесе, қажет болса, тігінен ұстап, тік сызықтарды дұрыс көрсетуге, камераны жоғары-төмен, жан-жағына қарата өзіңе ыңғайлы нүктені таба отырып, түсіруге мүмкіндік береді.

Пішінді камераларда осындай жағдайда түсіруге ыңғайлы фотокөзді тақтайшасы болады. Ал сәулеттік түсірілімнің қалған жағдайларында ең тиімді ортоскопикалық фотокөз ретінде *стенап* қолданылады. Ол кадрдағы адамдар, машина секілді өзге де қозғалатын нысаналардың болмауына мүмкіндік береді.

2.9 Ұлы шейхтің ізімен

«Түркістан, көне Иасы қаласы туралы, Әмір Темірдің Қожа Ахмет Иасауи сопының құрметіне салынған кесенесі туралы жазу – менің құзырымда емес, оны тарихшылар таразыласын. Маған өткен жылы Виктор Лихановпен бірге ұлы шейх аралаған Оңтүстік Қазақстан жерлерінің (Түркістан, Сайран, Арыстанбаб) барлығын дерлік суретке түсіру бақыты бұйырды. Меніңше, жұптасып жұмыс істеу – мұндай кезде өте тиімді тәсіл, өйткені, бәрін екі есе тез және анық та қанық түсіруге мүмкіндік береді. Ең маңыздысы – бірінің бастамасын екіншісінің іліп әкетуі. Мәселен, жоғарыдан төмен қарайғы тік кадрда (6x15 cm) сағанаға кіре берісте түбі ойыққа тірелген әйгілі қазан тұр. Оны 40 секундтық кідіріспен суретке алар сәтте жан-жақтан жарық түсіруге тура келді.



Бір қызығы, кесенедегі жарық жиі құбылып тұратындықтан, ұзақ кідіріспен (20-40 секунд) түсіргенде, «Velvia» фотопленкасы оны сәл әлсіретіп отырды.

Жай адамдардың кіруіне болмайтын нысандардың бірі - ұлы шейхтің қылуеті. 63 жасқа толғаннан кейін ол өзін «Құдайдың сәулесін» көруге тиісті емеспін деп есептеді. Бұдан әрі қарайғы өмір Мұхаммед пайғамбар өмір сүрген жастан артық еді. Ұлы шейх өмірінің қалған бөлігін (18 жыл) қылуетте – тастан қашалған, тереңдігі 2,5 метр, көлемі 1,5х1,5 м жайда өткізді. Объективі 30 мм («Fish-eye») болатын штативті «Хассельбладым» пен «Метц» жарық түсіргішімді сайлап алған мен оның ішіне ертерек кіріп алдым. Сөйтіп, қылуеттің шығар есігіне қарай түсірдім, өйткені кірер есікке қарап түсіруге әрекет жасағанымда, «Метц» істемей қалды. Шықсам – «Метц» істеп тұрады, қылуетке қайта кірсем – істемейді. Мистика!

Жұмысымды бітірген соң, мазасыздандырғаным үшін кешірім өтініп, дұға оқыдым. Бұл үшін қамалдың ішіндегі зиярат етушілерге арналған жайда түнеуге тура келді. Таңғы сағат 4-те тұрып, аппаратты орнықты жерге қойып, күннің алғашқы шапағы біліне бастаған сәтте әртүрлі объективпен (30, 50, 150 мм) бірнеше нұсқа түсірдім. Ең сәтті кадр 150 миллиметрлік объективпен түсірілді. Ешқандай да слайд емес, тура пастельдік бояулармен салынған картина сияқты әсер береді. «Velvia» құдіреті деген осы.

Мұражайдың өзге экспонаттары – шырақтар, құмыралар және басқалар, найза ұшы (айтпақшы, оны дәл мендей жақыннан түсірген ешкім жоқ) кесененің қараңғы дәлізінде ешқандай жарық күшейтпестен 16 диаграммамен, 20 секундтық кідіріспен түсірілді. «Velvia» өзіне тән ғажайып сезімталдығын көрсетті.

Ендігі сөз – сағананың ішіндегі түсіру жұмыстары туралы.

Көкшіл түсті мазарды көрсете отырып, сонымен бірге бір мезетте сағана төбесін түсіру үшін жатып жұмыс істеуге тура келді (объектив – 30 мм «Fish eye», кідіріс 10-15 секунд, 22 диаграмма). Сағана қабырғасы ақ болса да, оның ішіндегі сәулелендіріп тұрған галогендік прожекторлар жасыл реңк беріп тұрды.

Өз басым түсіру жұмыстарының нәтижесіне қанағаттандым. Бұл – кемелдене түсуге жасалған тағы бір қадам. Десек те, кемелденудің шегі жоқ емес пе?..»– дейді «Империал» агенттігінің фотосуретшісі Дулат Сланов.

2.10 Фотоочерк жанры

ФОТООЧЕРК – дегеніміз ағылшын тілінен аударғанда «тарих» деген сөз, яғни өмір ағымындағы өтіп жатқан жылдар тізбегінің көріністерін, айқын және нақты көрсетіп тұратын суреттер жиынтығы деген мағынаны береді. Фотоочерк бірнеше суреттен құралады. Фотоочерк бір тақырып, бір арқаумен бірлескен көптеген кадрдан тұрады. Фото суреттер бір-бірімен тізбектеліп, болған оқиғаның баяндаушысы қызметін атқарады. Фотоочерк әдеби очеркке ұқсас болып келеді. Әдеби очеркте көркем оқиғалар шынайы түрде баяндалса, ал, фотоочеркте шынайы оқиғаны нақты дәлдігін бейнелей отырып, сол уақыттың көрінісін сырттай көрсетіп тұрады.

Бір сурет арқылы қуанышты немесе қайғыны баяндауға болатындығын біздің барлығымыз білеміз. Ал адамның барлық өмірін бір сурет арқылы баяндау мүмкін емес. Ал бірнеше сурет әр жылдың көрінісі болса, біз оны фотоочерк деп атаймыз. Фотоочерктің жанры өте қызықты болып келеді. Онда әрбір түсірілген суреттен кейіпкердің қайда, не істеп жүргенін байқаймыз, мүмкін ол табиғат аясында демалып немесе қызығушылығы артып суретке түсуге әуес болған шығар. Осының барлығы біз анықтайтын тұлғаның өмірбаянынан туған фотоочерк болып табылады.

Фотоочерктің біз үшін тиімді жағының бірі – біз өзіміздің ұлттық мәдениетімізді, салт-дәстүрімізді суреттер арқылы өзге елге көрсетуімізге болады. Сөзбен айтып жеткізе алмаған дүниені фотоочерк суреттер арқылы сөйлетеді, бұл бейнелер адам жадында мәңгілік сақталып, өзі-ақ көрсетіп бейнелеп тұрады. Ал басқа біреу қанша сөзбен айтып, күнделікті жазып отырса да, ол сурет сияқты айқын және нақты көрініс бола алмайды.

Фотоочерк неғұрлым өмірдегі қойылымды, ондағы көңіл-күйді қадағалайды. Фотоочерктің фоторепортаждан айырмашылығы: фоторепортаж болған оқиғаны қоспасыз баяндайды. Ал фотоочеркте суреттер әр жылда түсірілгендіктен, ішінде қоспа болуы немесе мысал келтірілуі мүмкін. Фотоочерк сәтті шығу үшін, қарапайым қағидаларды білу қажет. Біріншіден, көшеге фотоаппаратпен шыққан кезде, диафрагманы,

тұтымды(выдержки), ISO қондырып алу керек, сонда жарық сәтімен түсіп, сіздің суретіңіз сәтті шығады.

Фотоочерк тарих болғандықтан, қандайда болсын бір тұлғаның өмірін оқырмандарға жеткізу үшін адам өмірге келген сәттен бастап түсірілген фотолар, әр уақыттың кезеңін айғағы болып көрсетіледі. Соның бір тармағы бала кездің балдәурен шағынан бастау алады.

Нағыз көркем очерктік туындысын жасау үшін, фотоочеркистің көру ұстанымы болуы керек, қоғамдық мүддені анық түсініп, саралай білуі, ғажайып көріністерді қалт жібермей, дер сәтінде ұстап қалуы керек. Сәтті шыққан фотоочерк арада өткен жылдардың көрінісін бейнелеу арқылы бояуларын анық өзінің өткір және нақты әсерлерімен ақиқатты көрсетсе, бұл автордың ойының ауыз толтырып айтарлық жұмысының жемісі болмақ.

Мысалы: Тұңғыш ғарышкер, халық қаһарманы Тоқтар Әубәкіровтің ғарышқа ұшарға дейінгі және келгеннен соңғы бейнелерін алуға болады.

Ғарышқа ұшуға дайын

Президентпен кездесуі

«Елдің атын ер шығарар»

Фотоочерк арқылы халықтың сұранысын нақты факті арқылы толықтырып, шынайы түрде іздеген сұрағына жауап ретінде бере аласың. Әр сурет, фотоочерк үшін нақтылық, насихаттылық және өзінің салмақты рөлін атқарып тұратын көріністердің жиынтығының айғағы болып табылады.

2.11 Фотожурналистер даярлайтын білім ошақтары

Фотожурналистика– журналистика саласындағы фотосуретті басты нысан ретінде алатын ерекше сала. Оның өзімен туыстас: құжаттық, әуесқойлардың ермегі мен жұлдыздар келбетін бейнелейтін жанрлардан айырмашылығы мынада:

-Уақыт – әрбір түсірілімнің белгілі бір хронологиялық маңызы бар;

- Нысаналық – суреттер шыншыл және ол оқиға орын алған жерден тікелей дайындалады;

- Баяндау – жаңалықтардың өзге де қосымшаларымен бірге, фототүсірілім оқырман мен көрерменге оқиға мазмұнынан ақпарат береді.

Ең алғашқы болып *фотожурналистика* терминін - Миссури университетінің журналистика мектебінде - 29 жыл ұстаздық еткен, Клифф Эдом (1907-1991) қолданысқа енгізді. Университет іргесінде ол 1946 жылы тұңғыш рет фотожурналистика тобын ұйымдастырды.

Аталмыш салада кәсіби фотографтар дайындау ісі өте маңызды. Бұл мамандық бойынша әлемнің көптеген елдерінде жыл сайын жас

талапкерлер қабылданады. Мәселен, Ресейдің Ломоносов атындағы МГУ-дың журналистика факультеті газет шығару ісі және ақпарат құралдарының техникасы кафедрасында білім беретін фотожурналистика бөлімі бар. Сонымен қатар бұл үрдіс Мәскеу қаржылық заң университетінің арнайы фотожурналистика факультетінде жалғасын тауып келеді.

Photoplay мәскеулік жетекші фотомектебінде шеберлік сыныптар мен дәрістер, ресейлік және шетелдік фотожұлдыздар: Steve McCurry, Martin Parr, Michael Ackerman, Balazs Gardi, Bertien Van Mannen, Jason Howe, Сергей Максимишин, Владимир Мишуков, Георгий Колосов, Валерий Нистратов, Андрей Чежин, Ляля Кузнецова, Светлана Пожарская сынды фотосуреткерлермен кездесулер өтіп тұрады. 2009 жылдан бастап мұнда оқытудың онлайн бағдарламасы жасалған. Ал 2011 жылы Photoplay мектебінде Leica Akademia қосымша сабақтары өткізіледі. Болашақ фотожурналистерді дайындау үшін барлық жағдай жасалған. Білікті ұстаздардың дәрістері көлемі 1000 м2 лофт-кеңістікте жүргізіледі.

Фотокорреспонденттерді даярлайтын тағы бір білім ордасы - Санкт-Петербург пен Ленинград облыстық журналистер одағына қарасты, 1959 жылы құрылған Ю.А.Гальперин атындағы фотожурналистика факультеті.

РГГУ (Ресей мемлекеттік гуманитарлық университеті) 2006 жылдан бастап «Фотография өнері мен техникасы» мамандығы бойынша талапкерлер қабылдайды.

Ең алғаш Санкт-Петербург мемлекеттік кино және телевидение университеті болып, 1918 жылдың 9 қыркүйегінде негізі қаланған бұл оқу ордасы фотография мен фототехниканың ең жоғарғы институты болып құрылды. 1924 жылдан бастап, мемлекеттік фототехникумға айналса, 1930-жылдан қазігі таңға дейін Ленинград киноинженер институты болып келеді. (ЛИКИ)

Кавказ ұлттық баспасөз бірлестігі жанындағы БАҚ институтының фотожурналистика курстары осы мамандық бойынша кәсіп иелерін даярлайды.

Фотожурналистика БАҚ құралдары ішіндегі жан-жақты мүмкіншілігі бар әмбебап сала болып есептеледі. Кейде берілген ұзын сонар сөздің орнын толтырар фотосурет арқылы ақпарат беру тәсілі ұтымды болады. Фотожурналистер әртүрлі салада: газет-журналдар мен ақпараттық станцияларда, веб сайттар және визуалды БАҚ құралдарында еңбек етіп жүр.

Егер сіз фотожурналист болсаңыз, берілген тапсырма бойынша немесе ұйымдастырылып жатқан түрлі шараларға қатысып, жан-жақты қызмет атқарасыз. Кейде өте құнды сурет алу үшін де фотожурналист өз өмірін бәйгеге тігеді.

Олар мынадай қызметтерді атқарады: штат фотографы – бұл белгілі бір басылымда толық не жартылай жұмыс күні бекітілген жұмыскер. Ал

штаттан тыс фотосуретші кез келген басылымдарға қызметін ұсына алады. Әдетте оның жұмысын арнайы фриланслерлер, яғни түрлі басылымдармен байланыс орнатқан адамдар тобы ұйымдастырады.

Фотожурналистерді жұмысқа шақыратын орындардың бірі «Ассошиэйтед пресс» немесе «Рейтер» сынды ақпарат агенттіктері. Бұл агенттіктерден алған фотосуреттерді әлемнің көптеген БАҚ құралдары күнделікті пайдаланып жатыр.

2.12 Фотоодақтар мен ұйымдар

Әлемдегі баспасөз фотографтарының ең алғашқы ұйымы – 1912 жылы Дания мемлекетінде пайда болды. Бұл ұлттық ұйымның Копенгагенде құрылуына күш салған – даттық алты фоторепортер. Бүгінгі күні одақтың 800-ге тарта мүшесі бар.

Қазақстандағы «ФОТОӨНЕР» қоғамдық бірлестігі

2010 жылы 25 тамызда фотосуретшілер мен фотожурналистердің бастамасымен «ФОТОӨНЕР» қоғамдық бірлестігі құрылды.

Бірлестіктің құрылу мақсаты болып:
-Қазақстанда фотопублицистика және фотосурет саласын дамыту;
-Бірлестік мүшелерінің әлеуметтік-экономикалық және заңды құқықтарын қорғау;
-Бірлестік мүшелерін соңғы техника түрлерімен қамтамасыз ету, жұмыс жүргізу әдістерін халықаралық деңгейге жеткізу;
-бірлестік мүшелерінің заң шеңберінде тиімді қызмет етуіне мүмкіндік туғызу және шығармашылық идеяларын кеңінен өріс алу үшін қолдау көрсету;
-Фотожурналистика саласындағы мамандарды, әуесқойларды біріктіру, тәжірибе алмасу;
-Фотомұрағатты бүгінгі заманға сай Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына сәйкес жүйеге келтіру;
-Фотоальбомдар шығару, фотокөрмелер, фотоконкурстар өткізу;
-Басқа елдердегі әріптестермен тәжірибе алмасу;
-Съездер, конференциялар, форумдар, фотожәрмеңкелер және де басқа шараларға атсалысу, ұйымдастыру.

Халықаралық «Шалкөде – елдің жайлауы» фототүсіріліміне қатысқан фотосуретшілер. 2012 жыл.

АҚШ баспасөзінің фотожурналистер ұйымы

1946 жылы АҚШ-та Ұлттық баспасөз фотосуреткерлер ұйымы (NPPA) дүниеге келді. Оның 10 мыңнан астам мүшесі бар. Ал Ресейдегі алғашқы кәсіби Pressunion фотоодағын Мәскеу қаласында құру туралы шаралар 2008 жылы басталғанмен, тек 2009 жылы ғана жабық қоғамдастық ұйымдастырылып, одан әрі аса алмады. Өзге елдердегі фотоұйымдарға келер болсақ: 1984 жылы Британияда, 1989 жылы Гонконгта, 2000 жылы Солтүстік Ирландияда және Норвегияда фотокорреспонденттер бірлестіктері жұмыстарын бастады.

Журналистиканың мектептері және жаңалық жасаушылар өзгелер тарапынан көптеген фотожурналистерге тағайындалатын жүлделермен мараппатталған. 1968 жылдан бастап, Пулитцер сыйлығы фотожурналистика бойынша мынадай талаптарға сай беріле бастады: «Көркем фотобаян» (Feature Photography), «Кешіктірілмей түсірілген жаңалықтар фотосуреттері» (Spot News Photography) және «Сәтін пайдаланған дәлме-дәл суреттер»(Capture the Moment). Одан басқа сыйлықтарды – World Press Photo байқауларында және жылдың үздік фотожурналисті мен фотосурет иемденетін болды.

World Press Photo қоры 1955 жылы Нидерланды корольдығының патшасы қолдауымен құрылды. Бүгінде ол – тәуелсіз фотожурналистердің еркін ақпарат алмасу кешенін ұйымдастырып келеді. Аталмыш қор жасаған көрмелер саяси және мәдени тұрғыда ешкімге бағынышты болмағандықтан, бүкіл әлемдік қызығушылықты тудырады. World Press Photo көрмесі жыл сайын Голландиядан Жапонияға дейін әлемнің 100-ден аса елдерінде көрсетіледі.

Ресейдің фотожурналистер одағы

1990 жылдың желтоқсанында Ресейдің барлық аумағынан Курск қаласына 200-ге жуық фотограф жиналған съезд болды. Бұл одақ кеңестік Ресей үкіметінің қоғамдық шығармашылық ұйымы ретінде 1991 жылы 14 мамырда тіркелген. Бірлестік мүшелері ретінде: кез келген 18-ден асқан фотосурет шеберлері, фотоөнер сыншылары, тарихшылар мен теоретиктер, фотографиялық басылымдардың шығарушылары, осы саланы зерттеуші ғалымдар, техникалық мамандар, фотоұйым педагогтары және заңгерлер мен қоғамдық бірлестіктер саналады. Бүгінгі таңда ұйымда 2000 кәсіби фотограф мамандар, фотожурналистер мен бильдредакторлар,балалар фотостудияларының басшылары және шығармашылықпен айналысатын фотоәуесқойлар қызмет атқарады. Ұйымның мақсаты: отандық фотоөнердің дамуына үлес қосу; елдегі және шет мемлекеттердегі ресейліктердің фотосурет түсірудегі авторлық құқығын қорғау; әртүрлі сайыстар мен көрмелер өткізіп тұру арқылы фотосуреткерлерді талаптандыру, шыңдау; фотосүйерлердің қозғалыстарына демеу болу. Одақ дүниежүзінің өзге де мемлекеттерімен қарым-қатынас орнатқан. Қазірде мұндай ұйым: АҚШ-та, Францияда, Нидерландия пен Болгарияда, Италияда, Германияда, Литва, Украина мен Беларуссияда бар. Аталмыш ұйымның ескі фотомұрағаты сақталған. Онда шамамен 10 мыңға жуық байырғы фотосуреттер, фотоқұралдар және XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы көптеген кітаптар,фотоөнер туралы басылымдар, сонымен қатар ресейлік және шетелдік журналдар мен альбомдар бар.

Қырғыз Республикасы фотожурналистер одағы

2007 жылдың басында Қырғыз Республикасының репортаж жанрында ел ішінде және шетелде жұмыс жасайтын фотографтар шығармашылық ұйымы құрылды. Қазіргі таңда бұл ұйым фотожурналистер мен осы салада қызмет істейтін азаматтарды біріктіреді. Фотожурналистердің бұл одағы біршама жобаларды іске асырды. Мәселен: Орта Азия ақпараттық фотоагенттігі «PHOTO.KG»(www.photo.kg),«Қырғыз ұлттық фотомұрағаты» (www.foto.kg), көңіл көтерушілік бағыттағы ең ірі мәліметтер қоры (www.gde.kg),операторлар мен фотографтардың қызметтерін пайдалану (www.saltanat.kg), алғашқы интерактивті фотоәуесқойлар ойыны (www.photocross.kg), ақпараттық-талдамалы сайт (www.report.kg), Орта Азиялық ақпараттық портал (www.photoasia.ru).

www.photo.kg – ақпараттық фотоагенттіктің басты ерекшелігі ол – Орта Азиядағы жалғыз фотоақпарат ағынын таратын сайт. Оны күнделікті 1000-ға жуық адамдар ақтарып көреді, онда Қырғызстанның барлық саласы туралы мәліметтерді табуға болады. Бұл сайт тек мемлекет ішінде ғана емес, шетелдіктер үшін де қызықты.

www.photoasia.ru – «photo.kg» сайтының баламасы ретінде жасалған ақпараттық портал. Ол Орта Азиялық аймақтардан: Қазақстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Түрікменстан және Қырғыз Республикасы сияқты бес мемлекетті қамтиды. Бұл жоба халықаралық саясат дамыту IADP агенттігімен бірлесіп жүзеге асырылады.

www.report.kg – онлайн режимде талдау-сараптама жасайтын теле-радио ақпараттарының ретрансляциясы жасалатын сайт.

www.photocross.kg – әрбір жылдың ортасында фотосүйер қауым арасында «фотокросс» ойыны ойнатылады. Бұл спортты-шығармашылық ойын. Ол өзге де мемлекеттерде өткізілетін шара. Ойында берілген тақырып бойынша ойыншылар 6 сағат аралығында суреттер түсіріп үлгеруі тиіс. Оған тіркелу үшін мына сайтқа кіру керек: www.photocross.kg

Фотобиенналле 2012

Өзбекстанда 2012 жылдың 9 қарашасында IV ташкенттік Фотобиенналле халықаралық көрмесі өтті. Фотоөнер саласындағы айтулы іс-шара Art Week Style.uz-2012 өнер апталығы қарсаңында Өзбекстанның Форум қоры мен өнер Академиясы ұйымдастыруымен жүзеге асты. Ташкент қаласының Орталық көрме үйінде өткен жеңімпаздарды марапаттау рәсімі 6 номинация бойынша, 15 фотосуретшіге жүлделер тағайындады. Олар: «Отбасы тақырыбына арналған – ең көркем сурет» номинациясы бойынша «алтын төс» белгісіне ие болған –Александр Хорват (Украина), «Ең мықты кураторлық жоба» – Кавен Багдадчи (Иран), «Ең керемет тәжірибелік сурет»

- Татев Мнатсакаян (Армения), «Ең жақсы көркемдік фотосурет» – Лига Саксе (Латвия), «Ең жас фотосуреткер жұмысы» – Александр Барковский (Өзбекстан), «Ең мықты арт-жоба» – Алихан (Ресей). Фотобиеналле 2012 байқауына әлемнің 35 мемлекетінен 1500-ға жуық сурет көрсетілімге шығарылды. 200 автордың еңбегі – 28 көрмелік орындарға бөлінді. Бұл үздік өнер туындыларын 10 мыңға жуық адам тамашалай алды.

2.13 Бәрін байқағыш «Рейтер»

«Рейтер» агенттігін Германиядан шыққан Поль Юлиус Рейтер 1851 жылы Англияда құрған. Неміс қалаларының бірінде оның биржадағы баға туралы жаңалықтар мен ақпарат тарататын агенттігі бар еді. Соның әсерімен әуелде «Рейтер» компаниясы жаңалықтардың да негізгі түрі – қаржы ақпараты болды.

XX ғасырдың екінші жартысында, дәлірек айтсақ, 1985 жылы компания Американың UPI фотоагенттігін сатып алды. Содан бастап, «Рейтер» фотоқызметі әлемдегі басқа агенттіктер үшін күшті бәсекелеске айналды.

Жаңалық жасау – Рейтердің барлық қызметкерлерінің ортақ мақсаты. Түсірілген суреттің тез арада тапсырыс берушілерге жетуіне ештеңе кедергі болмауға тиіс, сол себепті де, технологиялық мінсіз жұмыс істеп тұруы керек.

Бүгінде түсіру жұмысы аяқталған соң, фотограф цифрлық кадрларды «Рейтердің» аймақтық редакторына жібереді. Ол суреттерді аймақтық және халықаралық тапсырысшылардың қызығушылықтарына қарай сұрыптайды.

«Рейтер» – ең көпұлтты компаниялардың бірі. Агенттіктің 190 бюросы дүниенің түкпір-түкпіріне шашылып жатыр, компанияның 18 мыңнан астам қызметкері әлемнің 100 елі мен 204 қаласында жұмыс істейді. Оның ішінде фоторепортерлер, журналистер мен операторлардың саны 2500-ден асады. Тапсырманы орындауға кетіп бара жатқан «Рейтер» фотографында міндетті

түрде ноутбук пен ұялы телефон болуы керек. Ол өзі түсірген кадрлардың ішінен жарамдысын іріктеп, интернет арқылы, егер ондай мүмкіндік болмаса, спутниктік байланыс арқылы жібере алады. Әрбір репортер цифрлық техниканы, шет тілін білуі тиіс. «Рейтер» фотожурналистерді әлемнің «отты ошақтарында» жұмыс істеудің арнайы дайындық курстарына жібереді: оларды алғашқы медициналық көмек көрсетуге, соғыс жағдайында дұрыс әрекет етуге үйретеді. Фотограф ешкімнің көмегінсіз жеке жұмыс жүргізуге дайын және аппаратурамен спутниктік байланысқа сақадай-сай болу керек.

Агенттік өз фотографтарын барлық жерге жіберуге, оларды тәуліктің кез келген уақытында жұмыс істетуге тырысады: «Рейтерде» белгіленген қызмет тәртібі жоқ. Ірі қалалардың газеттері, көрнекті ұлттық журналдар, тіпті, қарапайым аймақтық басылымдар да әлемдік деңгейдегі соңғы ақпараттарды жылдам таратушы – «Рейтермен» жұмыс істеуге ұмтылады. Агенттік саясаты ақпараттың әр деңгейдегі тапсырысшылардың бәріне де уақытында жетуін қалайды, бұл клиенттер жұмысын біршама жеңілдете түседі.

Shamil Zhumatov / Reuters

«Рейтердің» шеф-редакторы Григорий Дукор бірнеше таңғалдырар рекорд туралы айтады. Соның бірі 2000 жылы футболдан өткен Еуропа чемпионатында тіркеліпті. Ағылшындар немістердің қақпасына гол соққан кезде, осы сәтті бейнелеген фотосурет 4 жарым минуттың ішінде дайын

болып, коиенттер экранына түсіпті! Ал олимпиадалық ойындар кезінде редакторлар топ болып жұмыс істейді – әрқайсысы әр спорт түріне жауап береді. Әлем чемпионаттарынан да өте көп фотосурет келіп түсуі мүмкін. Ондай кездерде клиенттер «Рейтерден» күніне 300 суреттен алып отырады.

«Потребитель» журналынан аударылды.

3-бөлім. Пайдалы кеңестер

3.1 Табиғат құбылыстарын фотоға қалай түсіру керек?

Тылсым табиғатқа тіл бітіріп, табиғат құбылысын фотосуретке жандандыра түсіріп, туындының шырайын арттыра білу – фотосуретшінің шеберлігін білдіреді. Табиғат ананың мың құбылып, тау мен даланы өркеш-өркеш бұлттарымен орап, от мылтығын жаландатып найзағай ойнатқан нөсерлі жаңбыры, бұрқасындата буырқанған долы бораны мен ақ қары үрейлі түстей шошындырғанымен, осы долы табиғатқа тән тылсым құбылыстарды фото көзіне түсіру – фотографтың көркем шығарма жаратудағы орайлы сәті. Мәселен, жаз айларында жайлаудың көркем табиғатын фотоға түсіруде бұлт арасындағы жарық пен көлеңкенің қабаттасуынан пайда болған құбылысты қалт жібермей ұстап қалу, нөсерлі жаңбырдағы найзағайдың шашыраған, бұлтты қақ жарған лездік шағын, жаңбырдан кейінгі пайда болатын кемпірқосақты, тау баурайында жылжып қалқыған ақшуда бұлтты, мүлтіксіз көк аспанды фотоаппаратқа жарықты артықша сездірмеу шартымен түсіру қажет. **Жарықты артықша сездірмеу дегеніміз** – фотоаппараттың көзіне күн нұрының жанамалай кіріп кетуінен сақтану. Сондықтан аппараттың жанарын күн нұрынан қолмен немесе лайықты нәрсемен көлегейлеп, артық сәуле түсірмей пайдаланған жөн. Мұндай артық сәуле шығарманың шырайына нұқсан келтіреді де, сізді өкінішке қалдырады.

Осы тәсілмен суретке түсіру – сахарамен жарасым тапқан ақбоз үй, мал-жануар, адамдар қимылы шығарманың композициясына немесе құрылымына тіл бітіріп, сахараның сәні мен мәнін де нұрландыра түседі. Ал қыс айларында фотоға түсіру жаз айларына қарағанда тым күрделілеу келеді. Бірақ фотография саласын таңдаған соң, түрлі қиыншылықтарды жеңе отырып, қыстыгүні де бейнелі, көрікті туынды жасай білуіміз керек. Қар жауып, күн көзі ашылған сәт-сағаттарды дұрыс таңдап, желсіз тымықтағы орман, ағаш бұтақтарын, олардың ақ қардан сәлде оранған кезін не болмаса қырқадағы ақ шашу бұрқасын ішіндегі көші-қонды, мал-жануардың желге қарсы жүргендегі әрекет-қимылын әсерлі түсіру қажет. Таңертеңгілік қатты суықта өзен жағасындағы тоғайлы өңірлерден нағыз қыс келбетін көре аласың. Себебі, ондай жер өзеннің жағасы болғандықтан, әдеттегі қырлы өңірден әлдеқайда суық болады да, қарасу бойлары буланып, тал түске дейін ғажайып көріністер көз алдыңнан экраннан көрінген көрінісше сырғып өтіп жатады. Мұндай сәтте фотограф ықшам киініп, мүмкіндігінше аппаратының сыртын мақталы сырмамен орауы, қуат көзін артығымен алып жүруі керек. Өйткені қатты суықтан қуат көзі де тоңады. Осындай сәтте образдан ой туындату, фотосуретті жандандыру, шырайын кіргізу үшін адам, құс, хайуанат сияқты тіршілік иелеріне де назар салған жөн. Кейде ұзын көзді бағалы аппарат қолында болғанмен, уақытты орынды пайдалана білмесеңіз, фотоңыз құжатқа арналған сурет сияқты әсерсіз шығады. Ал ақыл-ой мен фототехниканы үйлестіре алған шебер фотосуретші мықты туынды жасайтыны даусыз.

Табиғат құбылысы сәт сайын сан алуан құбылып, адамның ақылы жетпейтін керемет көріністерді көз алдыңа әкеледі. Мұндай ғажайып құбылыстарды кездестіре қалсаңыз, жұлдызды сәтіңіздің жанғаны деп сеніңіз. Тәңірдің сыйлаған сыбағасынан енші алу әркімге бұйыра бермейді. Осындай көркем құбылыстар фотоөнер саласында сізді телегей табысқа жеткізіп, халықаралық туынды жасауыңызға жол ашады.

Бағдәулет БАТЫРБЕКҰЛЫ,

ҚХР ШҰАР фотосуретшілер Одағының мүшесі.

3.2 Фотоаппаратты қалай таңдау керек?

Андрей Поповтың «Фотоаппаратты қалай таңдау керек және суретке түсіруді қалай үйренген жөн?» деп аталатын кітабы бар. Фотоөнер саласына ден қойған әуесқойлар үшін таптырмайтын оқулық. Мәселен, сіз фотоаппарат сатып алуды ұйғардыңыз. Оны қалай таңдайсыз? А.Попов осыған толымды жауап береді.

Ең алдымен «арзанның жілік майы татымас» дегенді есте сақтағаныңыз жөн. Фотоаппарат қаншалықты қымбат болса, оның оптикасы да соншалықты сапалы немесе қосымша мүмкіндіктері көп деген сөз. Сондай-ақ, егер қымбат болса, ағылшындар немесе жапондардың өздері шығарған бәсі жоғары өнім болуы мүмкін.

Әсілі, жұрт фотоаппаратты ұзақ мерзім бойы пайдалану үшін бір-ақ рет сатып алады. Сондықтан ақшаны аяп қалмаған дұрыс. Әрине, әркім көрпесіне қарай көсіледі. «Тиын-тебенге» сапалы өнім сатып ала алмайсыз. Дегенмен де, фотоөнерге бас сұққан екенсіз, аянып қалмаңыз.

Әдетте, әуесқойлар ең арзан фотоаппаратты таңдайды. Мұнысы заңды да. Бірақ, онымен түсірген суреттердің 30 пайызға жуығы ғана жарамды болып шығады. Ал қалғаны – шығын. Біріншіден, бұл сіздің уақытыңызды шығын етсе, екіншіден, аса маңызды кадрларыңыз «күйіп» кетуі мүмкін. Ал дәл сол әуесқой адам өте сапалы фотоаппаратпен түсірсе, тәжірибесі жетіңкіремесе де түсірген суреттерінің 98-99 пайызы мөлдіреп шығады. Әрине, мұндай сапалы тауарды сатып алуға екінің бірінің шамасы жете бермейтіні түсінікті.

Сондықтан дүкенге бармас бұрын мына екі маңызды мәселені шешіп алыңыз: біріншіден, сатып алатын фотоаппараттың мүмкіндігі қандай болғанын қалаймыз? Екіншіден, қандай өнімді сатып алуды қалтаңыз көтереді? Осы екі мәселені ұштастыру арқылы ұтылып қалмауға болады.

Фотоаппараттың ең құнды ажырамас бөлшегі – объектив. Объектив пластмассадан немесе әйнектен жасалуы мүмкін. Мұның қайсысы жақсы? Әрине, әйнегі. Танымал фирмалар объективті тек әйнектен немесе өте сапалы оптикалық пластиктен жасайды. Қазір тіпті, пластикалық кәсіби объективтер шығарыла бастады.

Объективтің сапалы-сапасыздығын қалай ажыратамыз? Бұл – оп-оңай. Тек объективке үңілсеңіз болғаны. Сапалы объективтің түсі аздап көгілдірлеу немесе күлгіндеу тартып тұрады. Егер әйнек объектив көзге көрінбей тұрса, сапасы жақсы болғаны. Сондай-ақ объективтің іші терең құдықтың түбіндей қап-қара болып тұруы шарт. Сапасыз өнімнің объективінің іші бұлыңғыр тартып тұрады. Бұған сіз бірнеше фотоаппаратты салыстыру арқылы оңай көз жеткізесіз.

Бұдан кейін қолдану тәртібіне көз салыңыз. Абыройын ойлаған фирма техникалық мінездемесіне фотоаппарат объективінің жарық күшін өткізу мүмкіндігін міндетті түрде көрсетеді. Мәселен, F3,5 деген сияқты. Математикалық формуламен басыңызды қатырмай-ақ қояйық, объективтің жарық күші – аса маңызды бөлшек. Объектив жарықты қаншалықты өткізеді? Жарықтың көп өткені дұрыс па, әлде... Жарықтың барынша аз өткені жөн. Бұл формуланың ең дұрыс нұсқасы – F=1. Яғни объектив өткен жарықты жоғалтпай, толық қамтып үлгереді деген сөз. Сондықтан фотоаппараттың F формуласының саны мейлінше аз болғаны дұрыс.

Сапалы өнімнің арзан тұрмайтынын жоғарыда айттық. Фотоаппаратта объективтен басқа да маңызды құрылғылар болады. Мәселен, жарық түсіргіш, ЖК-индекатор, зум (zoom), фокустық арақашықтық, TTL-замер, тағысын-тағылар. Бұларға да көңіл аударуды ұмытпаңыз.

3.3 Сандық фотоаппаратты күтімде ұстау

Сандық фотоаппаратты барлық жағдайларда қолдануға болады,бірақ ол үшін бірқатар ережелер білу керек .

Көптеген камераларда шаң-тозаңнан,судан қорғайтын құрылғы жоқ,бірақ бұл –жаңбыр кезінде камерамен түсірмеу керек деген сөз емес. Камераны судан қорғап қойсаңыз болғаны. Ең бір қарапайым тәсілі блендаға резіңкемен

түбінде тесігі бар полиэтиленді пакетті бекіту болып табылады. Осылайша камера судан қорғанады,ал сіз камераны оңай басқара аласыз. Арнайы қапты да алуға болады,алайда олар өте қымбат,әрі сатылымда жоқ болып жатады. Онымен қоса,арнайы аквабокстар бар,олардың арқасында сіз тіпті, су астындада түсірілім жасай аласыз.
Егер де су жарқылдақтың (вспышканың) әйнегіне түссе,оны тез арада құрғақ орамалмен сүрту керек. Және де жарқылдақтың әйнегін ұстауға болмайды, кірленудің әсерінен алдыңғы жарқыл әйнегі күйеді. Аптап ыстықта немесе от жалынның қасына камераны қойып кетпеңіз!
Ешқашан күнге обьектив арқылы қарамаңыз. Оның кесірінен көз торыңыз күйікке ұшырайды. Аяз кезінде камераға ерекше күтім қажет. Біріншіден, бөлмеден далаға шыққан бойда камераны қабынан алудың қажеті жоқ. Қаптың ішіндегі температура даладағы температурамен теңесу керек.

Негізінде бөлмеге кірер алдында қаптың ішінде ауа қалатындай етіп,полиэтиленді пакетті салу керек,ал қаптың ішінде силикагель жатуы тиіс Ол конденсаттың, полиэтиленді пакеттің ішінде пайда болуын қамтамасыз етеді. Аязда тіпті заряд алған аккумулятор да тез отырады. Сол үшін аккумуляторды түсірілім кезінде ғана камераға орнату керек,ал басқа кезде оны ішкі қалтаға салып жүріңіз. Аяздағы түсірілімге бірнеше аккумулятор алып жүрген жөн.

3.3. Сәтті фото түсіргіңіз келсе...

«Тоқта, қас қағым сәт, сен ғажапсың» – деген екен орыстың ұлы ақыны А.С.Пушкин. Мүмкін бұл сөз фотосурет жөнінде айтылған болар? Фотосурет – бір сәтке тоқтап тұрған уақыттың, бақыттың, естеліктің, қобалжудың бір бөлшегі.

Туған күндер, үйлену тойлары, мерекелер – мұның қайсысы фотосуретсіз өтуші еді?! Тіпті, қарапайым қала көшелерімен қыдырудың өзі керемет фотосессияға айналуы мүмкін. Байқайсыздар ма, бәріміз де өміріміздің әр қас-қағымынан естелік ретінде фотосурет қалдыруға әуеспіз.

Қазір суретке түсіру барлығымызға бірдей қолжетімді дүниеге айналды. Алайда, фотосурет – ол өзінше бір әлем, үлкен өнер. Кештің батысын, күннің атысын, инеліктің ұшқанын, кемпірқосақты әдемі көрініс ретінде әркім де түсіре алады. Бірақ, оны сезініп, түйсініп түсіру – мүлде басқа дүние.

Сонымен, фотоға дұрыс түсіруді қалай үйренеміз? Әуелі фотоға түсіретін аппаратыңыздың қандай екенін анықтап алуға тиіссіз. Ол қандай болса да, таңдау өз еркіңізде. Кәсіпқой мамандармен ақылдасу да артықтық етпейді. Үйренудің екінші сатысы – арнайы оқулықтар арқылы шеберлігіңізді шыңдау. Фотосурет өнері жөнінде көбірек ақпарат алуыңыз керек. Дәл сіздің камераңыз арқылы қалай үздік фотосурет түсірудің әдістерін сол оқулықтардан қарап немесе кәсіпқой маманнан кеңес алған жөн.

Тынымсыз еңбек пен талпыныс арқылы сіз фотосурет өнерін кәсіпқой маманнан кем емес дәрежеде үйреніп алуыңызға болады. Енді біз сізге мамандар ұсынған бірнеше кәсіби құпияларды ашып берсек. Жарық әрқашан молынан болған жөн: күн, жарық түсіргіш құрылғылар, тағы да басқа барлық мүмкіндіктерді пайдалануға тиіспіз. Бірақ, фото табиғи, нәзік жарықты жақсы көреді.

Тепе-теңдік сақтаңыз. Кадрдың сол жағы оң жағымен бір қалыпта болуға тиісті.

Егер жеке адамның портретін түсірер болсаңыз, оның оңға немесе солға қарап тұрғаны маңызды емес, бастысы – оның алдыңғы жағынан кеңістік қалдыру керек.

Сіз фотоға түсіріп жатқан адамыңыз жақын құрбыңыз, досыңыз немесе туысыңыз болса, онда ол әлбетте, қысылмайды. Камера алдында өзін табиғи әрі еркін ұстайды. Фотосурет те ерекше әрлі шығады. Сондықтан бейтаныс әрі жақын таныстығыңыз жоқ адамды фотоға түсірместен бұрын, оны сөзге тартқаныңыз жөн. Сонда ғана сәтті фотолар шығары анық.

Адамды толық бойымен фотоға түсірген кезде оның еш дене мүшесін кадрдан қалыс қалдыруға болмайды. Аяқ қысқа көрініп қалмау үшін оны көкірек тұсынын түсірген абзал.

Байқампаздыққа үйреніңіз. Өзіңізге әрқашан сыни көзбен қарап, келесі кадрыңыздың алғашқысынан артық болуын қадағалаңыз. Тек сонда ғана өз шеберлігіңізді арттыруға болады. Әрқашан ізденісте болыңыз. Жаңа әрі қызықты кадрларды іздеуден жалықпаңыз.

Фотоаппаратыңыз әрқашан өзіңізбен бірге болғаны жөн. Соны әдетке айналдырыңыз.

3.5 Фотосуретке сәтті түсем десеңіз...

Интернет-жеңгетай арқылы әлдебіреумен танысуға бел шешсеңіз, ең алдымен, фотосуретіңізге мән бергеніңіз жөн. Интернетке қолға ілінген суретті қыстыра салуға болмайды. Егер ер азаматтарға ұнауды көздесеңіз, онда суретіңіз де көпшілік көңілінен шығатындай болсын. Ала-құла суретке түсіп, уақытты тектен-текке сарп еткізгенше, бірден сапалы суретке түскеніңңіз дұрыс. Сапалы суретіңіз болмаса, интернетке анкетаңызды орналастырып, әуреге түспей-ақ қойыңыз.

Сонымен, сапалы суретке қол жеткізудің жолы қандай? Әуелі заманалы сандық фотоаппараты бар фотосуретшіні табыңыз. Егер бұл фотосуретшінің визажисі бар болса, тіптен жақсы. Визажист бет-әлпетіңізді әсемдеп, дұрыс макияж жасайды. Ал егер визажист қызметін қымбатсынып, макияжды өзім жасаймын деп шешсеңіз, мына нәрселерді есте тұтқайсыз. Макияжды жасанды емес, табиғи етіп жасаңыз. Қошқыл далап, қызыл кірпік немесе қасыңызды қара түске боямаңыз. Суретке түсуден бұрын шашыңызды жуып-шайып ретке келтіріңіз. Таза әрі жылтыр шаш – қыздың көркі. Жасыңыздан үлкен болып көрінгіңіз келмесе, шашыңызды жоғары қойып, күрделі шаш үлгісін жасатудан аулақ болыңыз.

Әдетте фототүсірілім бірнеше сағатқа созылады. Фотосуретші түсірген сансыз суреттердің тек бірнешеуі ғана сәтті шығуы мүмкін. Бірақ бұл – кәдуілгі жағдай. Әр суретте әрқилы болып көріну үшін фототүсірілімге бірнеше киім алып барыңыз. Бұл киім сәнді, қарапайым әрі біртекті болуы тиіс. Киім-кешек бойыңыздағы қандай да бір мінді жасырып, жақсы қырларыңызды асырып көрсететіндей болсын.

Десек те, фотосуретке: іш киім, ала-құла түрлі-түсті киім, платформа, спорттық костюм, тон, куртка немесе пальто, мойынды қымтап тұратын жемпір мен бас киімдер, қара көзілдірік, тым көп бижутерия мен асыл тастар.киім-кешекпен түспей-ақ қойғаныңыз жөн сияқты.

Фотосуретке шын көңілмен, күлімсіреп түсіңіз. Сондай-ақ фотосуретке жалғыз түскен дұрыс. Балаңызбен бірге түскен суретті кейінірек жіберген жөн. Алайда балаңыз бар болса, анкетада мұны бірден көрсетуді ұмытпағайсыз.

Үй ішінде, кілем, гардин, гүлді түсқағаз фонында түсірілген фотосуреттер талғамсыз көрінеді. Жұмыс үстелінің басында телефон тұтқасын ұстап отырып түскен суреттер де таныстық үшін жарамайды.

Анықтамалық сөздік

Автоанықтау (автофокус) – объективті анықтылыққа автоматты түрде апаратын құрал. Автофокустың пассивті және активті түрі бар. Активті автофокустың қызметі инфрақызыл немесе ультракүлгін сәулелерінің арқасында жүзеге асады. Ол қараңғыда жұмыс істей алады. Пассивті автофокуста нысананың контрасты сарапқа алынады.

Автоқозғағыш (автоспуск) – жапқышты (затворды) кешіктіріп жұмыс істететін құрал (көбінесе, 12 сек.). Оның арқасында сіз өзіңізді отбасыңызбен, достарыңызбен бірге суретке түсіре аласыз.

Айналы фотоаппарат – түсіріліп жатқан сурет түсірілім әйнеккөзінен бақыланатын фотоаппарат түрі.

Айқындауыш (проявитель) – пленкада немесе фотоқағазда көрінбей қалған суреттерді көрсететін химиялық сұйықтық.

Алдыңғы план – фотоаппарат пен басты нысанның арасындағы кеңістік.

Алтын қима (золотое сечение**)** – композицияның маңызды ережелерінің бірі.Суреттің 1/3 биіктігіндегі қашықтықта немесе шекарадан кадрдың еніне дейінгі аралықта жатады.

Анықтылық (резкость**) тереңдігі** – суреттің кеңістігіндегі нақты көрінетін диапазон. Мысалы, пейзажда суреттің барлық бөлігінің нақтылығы барынша мол болса, портретте тек қана кадрдағы модель анық көрініп, фонның бұлдырлау болуы шарт.

Асажарық (засветка) – суреттің,негативтің қараюы немесе түрлі түсті слайдтың ағаруы. Оған: 1) фотоэмульсияға шеттен түскен жарық;

2) суретті айқындаған (проявление) кезде оттегінің ауамен қосылуы;

3) жарамдылық мерзімі асып кеткен пленканы немесе фотоқағазды қолдану; 4) пленканы, фотоқағазды ылғалды және температурасы жоғары жерлерде сақтау сияқты факторлар әсер етеді.

Ауқым (зум) – суреттегі объектінің көлемін үлкейту немесе оны жақындату

Әйнеккөз(обьектив**)** – арнайы оптикалық шыныдан немесе пластмассадан жасалған линзалы элементтер жиыны.

Әйнеккөздің жарық қуаты –объективтің максималды ашылуы (диафрагмалық санның минималды өлшемі). Мұндай әйнеккөздің **(**объектив)

пленкаға жарықты көп мөлшерде өткізеді. Жарық қуаты жоғары әйнеккөз (объектив) жарық жеткіліксіз жерлерде қысқа выдержкаларды қолдануға мүмкіндік береді.

Бейнеіздеуіш (видеоискатель) – түсірілімнің объектісін қадағалайтын фотоаппараттың құрылғысы. Ол кадрдың шекараларын анықтайды.

Бекіткіш (фиксаж) – натрий тиосульфатынан, судан және басқа химикаттардан тұратын мықтағыш сұйықтық.

Диафрагманы кішірейту (уменьшение диафрагмы) – объектив диафрагмасының кішіреюі. Мысалы, f/8 санына, f/11 санына.

Жазық жарық – қанықтылығы(контрастность) төмен суреттерді жасайтын жарық.

Жарық сүзгісі (фильтр)– түсті,суреттің тығыздылығын күшейтуге,жоюға арналған объективке орнатылатын шынының боялған бөлігінен жасалған құрылғы.

Жапқыш (затвор) –пленкаға түсетін жарық легін қадағалайтын пластинка немесе пердеше.

Жарқыл (блик) – қараңғы фондағы ашық түсті жарық дағы. Фотокөзәйнектерге жарқыл жарыққа қарсы түсірген кезде пайда болуы мүмкін.Ол суреттің сапасын төмендетеді.

Жалғыз тағанды штатив (монопод) – жалғыз тірегі (аяғы) бар,бір нүктелі үштаған түрі.Ол ұзынфокусты объективтермен қолдануға ыңғайлы.

ЖК-өлшеу құрылғысы (индикатор) **–** фотоаппараттың жоғарғы жағындағы дисплейден жарқылдақтың режимі, кадрдың форматы жайлы берілетін ақпарат.

Кадрлау (кадрирование) – негатив пен слайдтағы суреттің шекарасы мен форматын таңдау.

Келбет (портрет) – нақты бір адамның немесе адамдар тобының суреті. Кез келген портретке қойылатын талап – жеке адамның өзгешелігін жеткізу. Фотограф портретті түсіру сәтінде адамның тек түр сипатының даралығын ғана емес, оның ішкі жан дүниесін, мінез-құлқын сурет арқылы көрсете білу керек.

Келісімді жарқыл – фотоаппараттың белгілі бір моделімен ғана жұмыс істейтін автоматты вспышка. Келісімді выспышка керек выдержка мен

диафрагманы орнатып,экспозицияны қадағалайды.

Кереғар (контраст) – негатив суретіндегі жарықтың, қараңғы бөлшектердің өзгеру диапазоны.

Композиция – түсірілімдегі басты және артқы фонда орналасқан объектілердің көз мөлшерінің гармониялық талаптарына сай орналасуы.

Композициялық тепе-теңдік – түсті элементтердің, ашық және қараңғы учаскелердің, кіші және үлкен нысандардың кеңістікте біркелкі орналасуы. Ол жеке элементтердің бірыңғай тығыз байланысуын қамтамасыз етеді.

.

Қалқа (диафрагма) (грекше, diaphragma – қалқа. Ағылшынша aperture - апертура). Әйнеккөздің (объективтің) линзаларының аралығында орналасқан қалқа. Әдетте желпуіш сияқты жапырақшалар жиынтығынан құралады да, жарық, сәуле өтуін қалқалап, мөлшерлеп тұрады.

Көздік "f" саны – фотоаппараттың әйнеккөзінің диафрагмалық саңылауының өлшемін көрсететін сан. Көз(диафрагма) f санымен белгіленеді. Көрсетілген сан кіші болған сайын, саңылаудың көлемі үлкейеді.

Көру бұрышы (угол зрения) – бейнеіздеуіште қадағаланып, әйнеккөзде ұсталынып тұратын аумақ. Көру бұрышы немесе шекара бұрышы объективтің фокустық қашықтығымен өлшенеді.

Көрініс (панорама) – үлкен бұрыштан түсірілген сурет. Мысалы,пейзаж немесе адамдардың үлкен тобы.

Күн қағар (бленда) – әйнеккөзге (объективке) киілетін, қиық конус немесе қиық пирамида түріндегі пластмассадан жасалған қалқалауыш құрылғы. Бленда әйнеккөзді суретке қатыспайтын жарық сәулелерінің түсуінен қорғайды. Бленданың көлемі әйнеккөзге байланысты.

Үлдір (пленка) – суреттерді жазуға арналған жұмсақ, фотоэмульсиядан жасалған, жұмсақ материал.

Үлдірдің жарықсезгіштігі – үлдірдің жарыққа сезімталдылығы ISO стандарты бойынша ISO 200 санымен анықталады. Бұл сан үлкен болған сайын, үлдірдің жарықсезгіштігі арта түседі. ISO - International Standards Organization.

Қалып (матрица) – камера ішіне орнатылған шағын жарықсезгіш элемент. Сандық фотоаппараттарда қалып үлдірді алмастырады. Ол жарық толқындарының энергиясын жоғары деңгейде сезеді.

Қанықтылық (насыщенность) – түсті көрерменнің нақты бір түрде қабылдауы.Ол түстің айшықтылығын анықтап, пайызбен өлшенеді.

Қарсы бағытталған (контр) **жарық** – әйнеккөзге (объектив) қарама-қарсы бағытталған, нысанның артынан берілетін жарық. Осы жарыққа байланысты нысан фоннан бөлініп шығады. Егер де жарық көп мөлшерде болса,нысанның тек қана нобайлары немесе сұлбасы шығады.

Негатив – көбінесе айқындалған фотопленканы осылай атайды.

Орталықтандыру (фокусировка) – сурет нысанының анық көрінетін қашықтығына дейін объективті орнату.

Позитив – негативтен айырмашылығы,позитивтегі тондардың көшірмесі нақты нысанның түстеріне толықтай сәйкес келеді. Фотосурет және слайд позитивті суреттердің мысалдарына жатады.

Ракурс – түсірілімнің нысанына қатысты фотоаппараттың орналасу деңгейі (жоғары немесе төмен), дақтарды жою, түстерді жөндеу.

Сәуле түсіру уақыты, яки ұсталым (выдержка) – суретке түсіру сәтінде ауа райына, жарыққа байланысты жапқыштың (затвор) ашылу сәтінде қойылатын уақыт дәлдігі. Ұсталым әрқашан секунд және миллисекундпен өлшенеді. Бөлшек түрінде белгіленгенімен (мысалы, 1/500), экранда тек бөлшектің бөліміндегі сан (500) көрсетіледі.

Сәуле жарығы мен диафрагманың артықшылығы (приоритет выдержки/диафрагмы) – выдержка/диафрагманың қолмен қойылатын режимі. Ал диафрагма/выдержка автоматты түрде камерамен қойылады.

Слайд – диапроектордың арқасында немесе жарық көзіне көрінетін пленкадағы, шыныдағы позитивті сурет.

Созылмалы сәуле уақыты (выдержка) – Жалпы не түнгі түсірілімдерге арналған секунд және минутпен өлшенетін сәуле уакыты .

Табиғи жарық – фотографтың қатысынсыз пайда болатын жарық. Оған күн сәулесі, айдың немесе шамның жарығы, неонды оттар жатады.

Таспа – пленка жайғастырылатын жарық өткізбейтін,цилиндрлік формалы құрылғы.Фотоаппараттан таспаны шығару жарықта өндіріледі.

Телеәйнеккөз (ұзынфокусты объектив) – фокустық арақашықтығы кадрдың диагоналінен асатын объектив.

Толтырылатын жарық – суреттің қараңғы жерлерін жұмсартуға арналған лампаның, фотожарқылдақтың қосымша жарығы.

Тон – суреттің ашық және қараңғы учаскелерінің тығыздылығын анықтайтын деңгей.Түрлі түсті суреттерде суық тондар көк гаммаға,ал,жылы тондар қызыл-қоңыр гаммаға сәйкес келеді.

Тосын суреттер – белгілі бір адамның өзінің түсірілімге қатысып жатқанын білмейтін суреттер.

Түйіршікті (зернистость) – суретте, негативте және слайдта пайда болатын дискреттік құрылым.

Тығыздық – негатив бөліктерінің қараю деңгейі немесе негатив арқылы өткен жарықтың көлемі. Кейде сурет қанықтылығын анықтауға қолданылады.

Үш аяқты штатив, яки Үштаған – фотоаппараттың қатты фиксациясын ұстап тұруға, созылмалы выдержкаға қойылатын ұзынфокусты объектив арқылы жүретін түсірілімге арналған үшаяқты құрал.

Ұлғайтқыш (увеличитель) – негативтен фотоқағазға айқындалатын суреттің жарық көзін,фокусын,өлшемін қадағалайтын құрылғы. Суреттерді қолдан басуға арналған.

Ұщқырлау (ретушь**)** – суретті қаламның,бояудың көмегімен өзгерту немесе суреттегі

Фон – түсірілімнің басты объектісінің артында орналасқан кеңістік.

Формат– сурет ұзындығының еніне қатынасы. 2:3 форматы 35-мм пленкадан жасалған стандартты формат. Осы форматтағы суреттер көбінесе, 8,9 х 12,7 немесе 10 х 15 см көлемінде болады.

Фотоестелік – күнделікті өмірдегі болып жатқан маңызды нақты оқиғаларды суреттейтін жанр. Ол күнделікті қоғам өмірін жағымды немесе жағымсыз жағынан әшкерелейтін жанр. Фотоестелік жанрын өзінің шындықты ашып көрсете алатын жанрлық ерекшелігіне байланысты фотоайыптау деп те атауға болады.

Фотожарқылдақ (вспышка) (Flash) – Лампалы немесе электронды вспышка түріндегі жарықтың қысқауақытты интенсивті импульсі. Көбінесе, жарық жетіспейтін түсірілімге қолданылады.

Фотожурналистика – көзқарас пен пікірді фотосуреттердің көмегі арқылы білдіретін журналистиканың айрықша саласы.

Фотозертхана – пленкаларды айқындап,суреттерді басып шығаруға арналған жарық өтпейтін бөлме.

Фокустық қашықтық – пленка мен объективтің оптикалық орталығының арасындағы қашықтық.

Фотоочерк – публицистикалық жанр. Негізгі бағыты қоғам өміріндегі айшықты бетбұрысқа толы құбылыстарды фотосурет арқылы беру. Фотоочерк жанрында адамның жеке өмірі қамтылып қана қоймай, оның қоршаған ортаға деген қарым-қатынасы көрсетіледі.

Фоторепортаж – публицистикалық жанр. Ол шұғыл түсіріліп, болған оқиғаларды жеткізуде өзінің деректілігімен құнды материал ретінде пайдаланылады.

Фоторепортаж формалары бірнеше кадрлардан тұрады. Әр кадры рет-ретімен құрастырылады. Көріністер композициялық тұрғыдан өңделеді. Және триптих түрінде де жасалады.

Фотосуреттеме – фотопублицистика жанрына жатады. Фотосуреттеме қысқа әрі нұсқа баяндау тәсілімен түсіріледі. Заман тынысын дәл, ұтымды көрсетіп, көрермендеріне әрі ақпараттық хабар жеткізе алады. Журнал беттерінде жарияланған фотосуреттемелер болған оқиғадан арнайы тікелей хабар беруге арналмаса да, бірақ шұғыл түсірілгені сезіліп тұрады. Фотосуреттемелік көріністерді көбіне әсерлі, лирикалық туындылар қатарына жатқызуға болады.

Фототілшілік – фотопублицистика жанрына жатады. Бұл жанрдың фоторепортаждан айырмашылығы, мұнда болған оқиға толықтай қамтылмаса да, оқиғаның шығу себеп-салдары анықталып, нақты мәліметтерге сүйеніп

барлау жасалады. Фототілшілік сараптама сөз жүзінде емес көрініс арқылы жасалады.

Шағылдырғыш (отражатель),**рефлектор** – нысанаға жарық түсіру үшін бағытталған кез келген құрылым.

Шеткі (фронтальный) **жарық** – түсірілім нысанын фотоаппарат жанынан жарықтандыратын жарық.

Ыстық кебіс (горячий башмак) – протативті электронды жарқылдақты фотоаппаратқа бекітетін арнайы құрылғы.

Ірі көлемдегі әйнеккөз (макрообъектив) – бірнеше сантиметрден шексіз қашықтықтыққа дейінгі диапазонды түсіруді қамтамасыз ететін объектив. Ол суретті 1:2 (табиғи өлшемнің жартысы) немесе 1:1 масштабта (табиғи өлшемде) алуға мүмкіндік береді.

Ірі көлемдегі түсірілім – ұсақ нысандарды үлкен көлеммен түсіруге мүмкіндік беретін режим.

Экспозицияның бағдарламалық режимін қою – пленканың дұрыс экспозициясына арнап, диафрагма (қалқа) мен выдержканы автоматты түрде орнатуды қамтамасыз етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Панфилова Н. Д. и Фомина А. А. М.:Искусство фотографии, 1985. 365 с.

2. Козыбаев С. К. А.:Словарь справочник, Масс – медиа Академия журналистики Казахстана, Алматы, 2007 .

3. Исақов Ә. А.:Көркемдеу құралынан, күрделі салаға .Алматы, 2000.

4. Хокинс Э. Эйвон Д. Мир, Фотография, техника и искусство перевод с английского под ред. А. В. Шеклейна. М. 1986. 279 с.

5. Литвинов Н.Н. Я люблю цифровую фотографию, учебное пособ. М.: 2002, 448 с.

6. Тілекметов Б. Жидебаев Ә. Фотосурет түсіруді үйрен. Алматы, 1962.

7. ИТАР – ТАСС. М.: 2004.

8. Курский Ф. Техника и технология фотосъемки, Легкая и пещевая промышленность, М.: 1998.

9. Килпатрик Д. Свет и Освещение. М.: Мир, 1998.

10. Престон – Мэфем К. фотографирование живой природы. М.: Мир,1985.

11. Лэнгфорд М. Теория и практика фотографии, формат chm М.: 2004.

12. Эрл М. Фотография. М.: Мир,1998.

13. Березин В. М. Фотожурналистика, учебное пособие для вузов, Рудн. М.:2009.

14. Қыстаубаев К. Композиция негіздері. Алматы, 2009.

15. Русско – Казахский словарь: словарь - Алматы. Арыс, 2007.

16. Кәкен Б. Қазақтың Інжу Маржан мекендері: фотоальбом . – Алматы: Елнұр, 2012.

17.Оспанов Қ.И. Құқық негіздері Алматы: Жеті жарғы, 2010.

18. Козыбаев С. К, Нода Л. П, Рожков А. В. Журналистика Казахстана. Энциклопедия. Алматы: Экономика, 2006.
19. Тәжімұрат М. Шәңгерей. Алматы: Өлке, 1992.
20. «Жас Алаш» газеті, Фотоөнер арнайы беті. 2007-2012 жылдар.

Мазмұны

Кіріспе 2

1-бөлім. Фотография, фотожурналистика жанрлары
1.1. Фотография тарихы. Көркемдеу құралынынан - күрделі салаға.....3
1.2. Фотоаппараттың құрылысы және түрлері.....5
1.3. Фото керек-жарақтары.....20
1.4. Әйнеккөз (объектив) және оның түрлері.....25
1.5. Фототүсірілім режимдері.....30
1.6. Жарық және оның түрлері..... .34
1.7 Фотографияның жанрлары.....36
1.8. Композиция.....42
1.9. Фотожурналистика жанрлары.....47
1.9.1. Фоторепортердің кәсіби әдебі мен ережелері..... .51
1.10. Фотосуретті өңдеу.....53
1.11. Авторлық құқық.....56
1.12. Зертханалық сабақтар.....58

2-бөлім. Қосымша материалдар

2.1.Фотография тарихын зерттеуші.....60
2.2. Шәңгерей – халқымыздың алғашқы кәсіпқой фотосуретшісі.....61
2.3. Фотоаппарат түрлері 64
2.4. Әйнеккөз (обьектив).....71
2.5. Kodak. Nikon. Canon.....77
2.6. Алматыдағы тұңғыш фотостудия 82
2.7. Той думан да тәрбие мектебі 85
2.8. Сәулеттік (архитектуралық) жанр.....86
2.9. Ұлы шейхтің ізімен..... .89
2.10. Фотоочерк жанры 91
2.11.Фотожурналистер даярлайтын білім ошақтары.....93
2.12.Фотоодақтар мен ұйымдар.....95
2.13. Бәрін байқағыш «Рейтер».....99

3 -бөлім. Пайдалы кеңестер
3.1. Табиғат құбылыстарын фотоға қалай түсіру керек ?.....101
3.2. Фотоаппаратты қалай таңдау керек ?.....103
3.3 Сандық фотоаппаратты күтімде ұстау 104
3.4. Сәтті фото түсіргіңіз келсе.....105
3.5. Фотосуретке сәтті түсем десеңіз.....107
Анықтамалық сөздік.....109
Пайдаланылған әдебиеттер.....116

АБДРАИМ АСЫЛХАН ӘБДІРАЙЫМҰЛЫ

1988 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін бітірген. 1990 жылдары республикалық «Атамекен» апталық газетінде, «Қазақстан әйелдері», «Парасат» журналдарында, «Заң газеті», «Жеті жарғы» баспасында қызмет атқарды. Қазіргі таңда «Жас Алаш» газетінің фототілшісі. Сонымен қатар «ФОТОӨНЕР» қоғамдық бірлестігінің төрағасы және әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі журналистика факультетінің аға оқытушысы.

2006 ж. Қазақстан Журналистер Одағы сыйлығының, 2007 ж. ҚР Журналистика Академиясының «Алтын Жұлдыз» сыйлығының «Ең үздік фотожурналист» номинациясы бойынша лауреат атанып, марапатталған. Сондай-ақ 2011 жылы «Тәуелсіздік тағлымы» атты ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған фотокөрме жобасының, 2012 жылы «Қызғалдақтың отаны – Қазақстан» атты Ақсу-Жабағалы ұлттық паркінде өткен фотосеминардың және Хан Тәңірі тауының баурайында өткен «Шалкөде – елдің жайлауы» атты фототүсірілімінің авторы.

Оқу әдістемелік құралында автор фотоөнердің тарихына барынша шолу жасайды, оның қазақ топырағындағы өріс алу баспалдақтарын саралайды. Фототехника түрлерімен таныстырады, фотограф шеберлігінің құпияларын ашады. Фотоаппаратпен жұмыс істеу машықтарына үйретеді. Фотожанр түрлерін ажыратып, олардың өзіндік ерекшеліктеріне тоқталады. Атаулар мен терминдерге түсініктеме, анықтама, айқындама береді.

Жалпы фотоөнердің қазақша кәсіби тілін қалыптастыруда бұл еңбектің үлесі зор болмақ.

Оқу әдістемелік құралы ретінде журналистика мамандығы бойынша фотожурналистика пәнінен дәріс алатын студенттерге және де фотосүйер көпшілік қауымға арналған.